


12015

2174

## Ғалым ӘРІП

ӘМІРДІ  
ӘЛШЕЙМІН  
МЕН  
ӘЗ  
БАҒАММЕН...





**ҒАЛЫМ ӘРІП**

**ӘМІРДІ ӘЛШЕЙМІН  
МЕН ӨЗ БАҒАММЕН...**

**«Сөздік-Словарь»  
Алматы  
2015**

**ӘОЖ 821.512.122**

**КБЖ 84 (5 қаз)-5**

**Ә 72**

**Қазақстан Республикасы**

**Мәдениет және спорт министрлігі**

**«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша жарық көрді.**

**Әріп F.**

**Ә 72 Өмірді өлшеймін мен өз бағаммен.../Фалым Әріп.**

**Өлеңдер. –Алматы: «Сөздік-Словарь», 2015. – 216 бет.**

**ISBN 978-9965-822-99-5**

Бұған дейін жарық көрген «Жүргімнің толқындары», «Асау жүрек», «Дүрия-дүние», «Каспий трагедиясы», «Ақын арманы (азабы), тағы басқа да кітаптары арқылы қалың оқырманга жақсы таныс қаламгер, ҚР Мәдениет қайраткері Фалым Әріптің ұсынылып отырған жаңа жыр жинағы адамгершілік, имандылық, ақсақ адамзаттық-гуманистік үнімен ерекшеленеді. Әрбір жазған шығармасында елді, жерді, Отанды, ата-ана мен бауырларды шексіз сую идеясын айқара алға тартатын автор өмірден түйін түйіп, тіршіліктің мән-маңызын өз бағасымен өлшей білуге, ақылмен ғұмыр кешуге үндейді. Бұгінгідей дүбірлі дүние, адами пейілге селкеу түскен қоғамда автор адамның барша ғаламға тек жақсылық ойлау, қайрымдылық жасау, ұлттар мен халықтардың өзара татту болуы, ана тілің мен ата дәстүрді құрмет тұту арқылы ғана шынайы бақытқа жете алатынына даусыз иланырады.

Ақ жауындағай ақтарылған алғаусыз сезім, жаратылысқа, махабbat, достық, мәрттік, ізгілік әлеміне деген құштарлықтан туындаған пәк те шынайы жырлар жан дүниенде зерттеуде жылдың шынайы жыры болып табылады. Тұнба бұлақтай мөлдір лирикалық туындылардағы ақжал толқындардай асау иірімдер мен сыршыл ырғақтар кіршікіз ақын жаны мен кісілік болмысының жарқын айнасы төрізді өсер қалдырады. Кітаптың тілі көркем, бейнелі, жырсүйер қауымның жан әлемін баурап алары сөзсіз.

**ӘОЖ 821.512.122**

**КБЖ 84 (5 қаз)-5**

**© Әріп F., 2015**

**© «Сөздік-Словарь», 2015**

**ISBN 978-9965-822-99-5**

## **ӨМІРДІ ӨЛШЕЙМІН МЕН ӨЗ БАҒАММЕН...**

### *Лирика*



Фалым Бисембіұлы ӘРІП Маңғыстау ауданының Жыңғылды ауылындағы орта мектепті 1976 жылы бітірген соң, алғашқы еңбек жолын облыстық «Коммунистік жол» газетінде корректорлықтан бастады, әдеби қызметкер болды. 1977 жылы КазГУ-дің журналистика факультетіне күндізгі бөлімге түсіп, 1982 жылы тәмамдады. 1982-84 жылдарда Алматыда «Жалын» баспасында поэзия редакциясында кіші редактор, редактор қызметтерін атқарды. Редакторлық (баспагерлік ісі) курстан өткен.

1984-88 жылдарда облыстық «Коммунистік жолда» тілші, секретариат қызметкері, жауапты хатшының орынбасары. 1988-90 жылдарда Ақтаудағы Абай атындағы мәдениет сарайында нұсқаушы-методист.

1990-94 жылдарда қалалық-облыстық «Маңғыстау» газетінде тілші, жауапты хатшының орынбасары, бөлім менгерушісі, ал 1994-2012 жылдарда бас редактордың бірінші орынбасары.

«Жыл он екі ай», «Жақсы жұмыс», «Көңілді тоқсан», «Қарлығаш», «Абитуриент-77», «Мерейлі мекен», тағы басқа жинақтарға топтама өлеңдері енген.

Өзінің дербес «Жүрегімнің толқындары», «Асау жүрек», «Дүрия-дүние», «Асылдың сынығы», «Каспий трагедиясы», «Жұлдыз-ғұмыр», «Рух жанартаяу», «Ақын арманы»(азабы), «Төрт толғау» атты поэзиялық, прозалық, публицистикалық кітаптары жарық көрді. Форт-Шевченко қаласының 160 жыл-

дығына арналған «Жаңарған Ақкетік», Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған «Отты жылдар жаңғырығы» кітаптарының авторы. «Гармония» атты жыр жинағы ақын Р. Рябцовскаяның көркем аудармасымен (жолма-жол аударған Раушан Әріп) орыс тілінде басылып шықты. Жазба ақындардың 1990 жылғы Алматыда өткен республикалық тұңғыш Мүшәйрасына Маңғыстау облысынан бірден-бір қатысушы.

Ф. Әріп журналистер мен ақындар арасындағы облыстық, республикалық бәйгілерде жеңімпаз, жүлдегер атанды. Облыс әкімі мен облыстық мәслихаттың Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметіне мерекелік медальмен және ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ол облыстық «Маңғыстау» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одактарының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы Маңғыстау облыстық филиалының директоры, ҚР Мәдениет қайраткері.

\* \* \*

Бұрқан-талқан жазған менің жырларым:  
жанартаудың жарылышы, ырғағын,  
тұрса деймін  
сездіріп жан толқынын,  
ағытылып алғауы жоқ сырларым...

\* \* \*

Жүргегімді алып келемін:  
Бойдағы жігер күшімен  
Лаулаған өрттің ішінен,  
Алаулы отқа шалдырмай,  
Қып-қызыл шоққа жандырмай.

Өлермен болып сүйгенмен,  
Келемін сақтап күймеуден.  
Күйіну тең ғой күйреумен –  
Өмірден мұны үйренгем.

Жүргегімді алып келемін:  
Қуаныштармен жол бастап,  
Қасіреттерден қорғаштап.  
Қайғыдан қатты құрсінбей,  
Соқса да мейлі дүрсілдей,

Болмайды оны жеңбеуге,  
Шықтым ғой керіп мен кеуде:  
Болашақ үшін терлеуге,  
Бақытты қолдан бермеуге –  
Жүргегімді алып келемін.

1979

\* \* \*

Сен де тыныш, мен де тыныш,тынышпыз,  
Ұры уақыт өтіп жатыр ұрыссыз.  
Ойлап көрсек бәрі тыныш секілді,  
Жүрек, бірақ, қалмайды ғой жұмыссыз.



Жүрміз қазір үнсіз іштен тынып біз,  
Кездескенде сәйлесеміз құлықсыз.  
Сендік арман қандай екен?  
Білмеймін...  
Мендік арман...  
Бал бұлақтай тұнық қызы...

Соңғы кезде алыстадық, қашқақтап,  
Қайсымыз да кете алмадық асқақтап.  
Шаршадық па, тыныш тірлік іздедік,  
Жанарларға жасықтау бір жас сақтап.

Байланыссыз бірте-бірте ұзадық,  
Ерімей жүр көнілдегі мұз анық.  
Кеш болғанда мұңайып көз саламыз,  
Батып бара жатқан күнге қызыарып...

Көрсеттік-ау махабbatқа жан сауға,  
Шын сезімдер шыдамайды шаршауға.  
Бір өзінді сүйеттінім рас-ау –  
Суысам да, жүрек сені аңсауда!..

1979

\* \* \*

Музыка сазын тыңдасам кейде мұңаям,  
Өзімнің жайым өзіме менің шын аян.  
Откенді ойлап көнілім босап күрсінсем,  
Бүгінгі бақыт жайында ойлап тыңаям.

Музыка сазы сезімді мендік үрлаған,  
Мұңшыл бір әуен санамды кейде шырмаған.  
Сөттерде, шіркін, қолыма алсам қаламды,  
Сырласым болып ағылып келер жыр маған...

11.11.79

\* \* \*

Өзінді сүйгенімді пайдаланып,  
 Кеткенің шалқақ тартып айдан-анық.  
 Намысқа тие берсең,  
 еріксізден  
 Өткен күн кетеді ғой қайталанып.

Содан соң жүреміз ғой қайта налып,  
 Қазірде жандармыз ғой жайға қанық.  
 Қош десіп кете барсақ қайырылмай,  
 Бақытты таппақшымыз қайда барып?

Білем ғой әлдекімнің кездесерін,  
 Бірақта мен мұндайға төзбес едім.  
 Өзімді сүйген жанмен өмір сүріп  
 Мәңгіліқ бір болуға сөз кесемін.

Бақытың бола алмайды өзге сенін,  
 (Бұ тағдыр бүйіртпасын өз кеселін!)  
 Махабbat бұл-бұл үшса көз алдынан,  
 Мен өзім бұ жалғаннан баз кешемін.

Сен менен көрінесің қашатындей,  
 Бейне бір сезімсіздің мазағындей.  
 Қелемін әлі күнге түсіне алмай,  
 О, Өмір, ғашықтықтың азабын-ай!

Жүрсің-ау сезім шегін толық баспай,  
 Көріндің «хош» деуден де қорықпастай.  
 Жүргенше шала жанып, бықсық болып,  
 Кетейік ғұмыр-бақи жолықпастай.

Егерде болса бәрі еркелігің,  
 Көңілді көп қалдыра берме, күнім.  
 Сен теңіз төріндегі кемедейсің,  
 Мен болсам, бастар алға желкенімін...

11.11.79



\* \* \*

Жүрмін қазір санамды салқын ұстап,  
Арыла алмай қойдым ба алқыныстан?  
Күрсінгенде үздігіп демігемін,  
Айрылатын жандайын бар тыныстан.

Талай рет жан жүрек езілді де,  
Қыс келерін жаздан соң сезінді де.  
От-жалынға оранып кетпесін деп,  
Тежей ұстап келемін сезімді де.

Түйсігіме түсім боп бір бала кеп,  
Ақыл айтты музыка тыңдама деп.  
Мазалаған ойларды қуып жүрмін,  
Берілмейтін боп алдым мұнға да көп.

Қойып кеттім сірә да сыра ішуді,  
Азайттым ғой досқа да сыр ашуды.  
Топас болып кетпесін десең енді,  
Қалқатайым, қия гөр бір ашуды!

26.11.79

\* \* \*

Билеп алып бойымды өлең-сезім,  
Көз алдымда көп елес түрады да,  
Сағымданған жүзінді көрем сенің,  
Оранып ап көк тұтін тұманына.

Ақ қағазға түн бойы төнем келіп,  
Берілем де ғашықтық жайлы мұнға.  
Қаламымның ұшына өлең келіп,  
Жыр жазамын шыдамнан айрылам да.

Мұндай кезде кетеді үйқы қашып,  
Ойым сенің бөлменді алған құшып,  
Жан-дүнием қиялшыл күйге ұласып,  
Ұшырамын жүректің арман-құсын.



Ойым сенің бөлменде, төсегінде,  
Нұр жүзінде тылсым тұн құшақтаған...  
Гажайып бір тұс көрдім кеше тұнде,  
Сырын кейін ашармын бірақ саған...

6.12.79

\* \* \*

Бос көңілдің бүлкілін басып әрең,  
Отырамын мұңланып, жазып өлең...  
Билеп жүрген кездерде жолдастарым  
Әсершіл бір әуендер сазыменен.

Сұлу қыздар жоқ емес бір қарауға,  
Талайының жүзінен нұр тарауда.  
Бірде-бірі тартпайды сонда-дағы,  
Жүрек деген шіркінге бар ма дауа?!

Көңілсіздік билейді осындайда,  
Шыдамымнан айрылам өзінді ойлап...  
Сағынышым самғайды саған қарай,  
Алған кезде санамды сезім жайлап.

Шақырар ем тангоға болғанда сен,  
Мен шақырсам, сен ешбір бүлданбас ең.  
Билер едік бойымыз балқып-жанып,  
Бүгінгідей мен онда мұңланбас ем.

Қазір жалғыз отырмын...  
Жырым-ғашық  
Саған деген жүректің сырын ашып...  
Ұғысатын жүлдyz да бүлтқа айналып,  
Тұнжырайды тұман-тұн түрі қашып...

15.12.79



\* \* \*

Жүректегі сезімді буып барлық,  
Бірте-бірте барамыз сұық тартып.  
Намыс деген пердені жамылдып ап,  
Аяз болып кетуге жуықтадық.

Сарсаң болып жүргенде іздел бақыт,  
Зырлап өтіп барады тізбекті уақыт.  
Көктем болып қыс-көніл жібігенше,  
Жарап еді қалмасақ мұз боп қатып...

12.12.79

\* \* \*

Жаным менің,  
Керек маған сөзімді тыңдағаның,  
Серпу үшін тұманын мұң-наланың,  
Қос жүректі қосуға тиістіміз,  
Жалғыздықтан мен онсыз жынданамын.

Жаным менің,  
Сенсіз өткен күндерім азап маған,  
Жақсы шығар уайымсыз тозақ та одан...  
Кей кездері тұннің де ортасында  
Саған тартып кетуге аз-ақ қалам.

Жаным менің,  
Шыдай алар емеспін енді тіптен,  
Фашықтықтың шешімі келді күткен.  
Жеткізейік арманға қос жүректі,  
Жылдар бойы көнілді елжіреткен.

Жаным менің,  
Жан сырымды отырмын жайып саған,  
Ашылдың деп асығыс айыптама.  
Төзе алмаймын ал енді ештеңеге,  
Қарсы тұраг халдемін жай-оққа да!



Жаным менің,  
Бізге мерзім жетіпті бірлесетін,  
Арман болып, бақыт боп тілдесетін.  
Шақтар қайда мұңымнан арылатын,  
Нұр жүзінді көретін күнде сенің?!

Жаным менің,  
Онсыз мәні кеткендей тірлігіңің,  
Бір жыл болып өтетін бір күнімнің,  
Не қызығы бар маған, айтшы Өзің,  
Жалғыздыққа ұрынған жынды түннің?

Жаным менің,  
Жай емес пе шынында ойланатын,  
Шын сүйгеннің жалыны қайралатын?  
Мені сүйсөң дайын бол, мен дайынмын,  
Шымылдығы бақыттың – той да жақын...

14.01.80

\* \* \*

Пек жүрегім,  
Өткен күндер шыққан жоқ еш есімнен,  
Өртке салған кінәмді кешесің бе?  
Білетінім – мен сені қалдыրғанмын –  
Бейнеу атты станция көшесінде.

Сақ жүрегім,  
Мені енді балама жас балаға,  
Одан гөрі өзгеше, басқа сана.  
Бала кезде жоғалтқан от жанармен  
Биыл қайта табыстым астанада.

Жан жүрегім,  
Шыдадың ғой қайғы-мұң ауырына,  
Қосыласың тубінде бақыттыңа.  
Арманыңды орындал Алматыдан  
Оралармын туған жер, ауылым...

14.03.80



\* \* \*

Бейнеу, вокзал...  
қыс түні жаңа жылдың,  
Тұседі еске бір сәті бала күннің.  
Үзілген-ді перронда жас сабағы –  
Жүргегімді жайлаған лала гүлдің.

Бейнеу, вокзал...  
бейкүнө, алдамшы шақ,  
Пәк жанымнан өшкен-ді арман-шырақ.  
Еш есімнен кетпейді мұнды жанар,  
Балауса қызы өкіне қалған жылап.

Бейнеу, вокзал...  
бір шешім...  
бекініп ек...  
Күйген еді кінәсіз екі жүрек.  
Қол берісіп қоштасып мәңгілікке,  
Алғаш рет өмірде өкініп ек...

Бейнеу, вокзал...  
өтті ғой жылдар ағып,  
Өскен сайын тағдырдың шындары анық.  
Тұсінеді барлығын пенде, шіркін,  
Тіршіліктен сан түрлі сындар алыш.

Бейнеу, вокзал...  
тым ыстық таныс перрон,  
Өмір көрген, алуан ағыс көрген,  
Жігіт болып оралдым қайта саған,  
Бақыттымды тауып ап алыс жерден..  
Бейнеу, вокзал...  
бала кез....  
таныс перрон...

10.04.80

\* \* \*

Жетінші жатақхана – АГМИ-педфак,  
Сен мені жатсыңдың ба ақырында?  
Бесінші жатақтағы – КазГУ-журфак –  
Басылмас желік бар деп ақынында?  
Сері жігіт сезімін түсінбесен,  
Есігінді аттаман, мақұл онда!

Көңілі пәк, кең құшақ қыздарым-ай,  
226-да қыстағыдай –  
Отырмаспзыз біз енді шалқып-тасып,  
Сипағанда самайдан ызғар ұдай.

Ақ жүректі, ақкөңіл достарым-ай,  
Шампандар-ай атылған, тостарым-ай,  
Сонау бақыт күндерін елес еткен –  
Жатақтарың не деген тас бауыр-ай?

Қалып қойған мұза үні құлақтағы,  
Сағынғанды сазыңмен жылат тағы.  
Тыңдар едім тынбастан елжіреумен,  
Амалым не, жатағың ұнатпады.

Біз оқыған орамды өлеңдер-ай,  
Бүгін бөлек әсерге бөлендім-ай.  
Енді ешбір 226-да –  
Жыр оқымай жүргуге көнем қалай?

Кештерім-ай, тұн бойы көз ілмеген,  
Құрбы-құрдас – жарасқан әзілменен,  
Балқұменен өтетін бақыт таңым,  
Маза қашып кетті ғой қазір менен...

14.04.80



\* \* \*

Суыпты жүрек  
бүгемін оның несін мен,  
Сөйлеймін бүгін  
сөйлеймін жігіт шешіммен.  
Сөнуге қалған  
қоламта шоқты тұтатпай –  
Сұлуым, сені суығың үшін кешірмен!

Кешегі ыстық  
тартыпты енді жылышық,  
Жанарлар бейне  
қарайды аңдып, сыр ұғып.  
Бұл жолы жіби алмаспын  
Ана-табиғат  
Жаратса-дағы ғашық сезімнің құлышып!

Түсіндім бәрін:  
есейтті сабак сананы,  
Емдеймін өзім  
жігермен барлық жараны.  
Адамға тегі  
сабырлы мінез керек-ay,  
Салқынға шыдал,  
женеуі үшін жаланы.

Суыпты жүрек,  
қалыпты суып, сөніп от,  
Кешеге дейін  
жалын бол жанып келіп ек:  
Үйретті өмір  
тұйыққа терең тірелмей,  
Жүруді өркез  
көнілді болып, сері бол!

21.04.80

\* \* \*

Мамырлаған майыңның бесіндегі  
Кінәм үшін, жаным-ау, кешір мені.  
Жалындаған жастықтың қызбалығын  
Көңіліце аласың несін тегі?  
Жаным деймін, жаным-ау, кешір мені.

Шарап-теңіз,  
кетеміз жұзіп кейде...  
Жаралған соң адам боп қызық пенде:  
Серілік те жасағың кеп кетеді,  
Бір оқиға аңсайды «бұзық» кеуде,  
Артық кетіп қаламыз қызып кейде...

Ертеңіне өкініп кешегіңе,  
Жансыздай боп сұлайсың төсегіңе.  
Жібігенмен жүректер  
Кинолента  
Уақыт-тарих оныңды кешеді ме?!

Кей-кейде өкінесің кешегіңе.

Ah ұрасың, ішінді тырнап мысық,  
Кінәлінің беделі тұрмақ түсіп.  
Өз-өзіңен қашасың намыстан да,  
Ашуыңа жүресің шындал пісіп,  
Қыжытады ішінді тырнап мысық.

Көктемеде кетеді ерік деген,  
Көз тартады айналаң көрікпенен.  
Табиғаттың тамаша кезеңінде,  
Жігіт жігіт бола ма желікпеген,  
Көктемеде қашады ерік менен.

Сүйіп соғып тұрса да жүрегіміз,  
Бұлдіреміз барлығын біз өзіміз.  
Айрыламыз шебінен шалқаюдың,  
Өзгереді еріксіз мінезіміз,  
Бұлдіреміз барлығын біз өзіміз.



Достардан да жүруші ем қашып көптен,  
Қаша алмадым көктемнен ғашық еткен.  
Мойындаймын кінөмді шалқимын деп,  
Шамамыздың шегінен асып кеткен,  
Қаша алмадым көктемнен ғашық еткен.

Өкінемін ойласам тірлігіме,  
Кінәлімін көңілдің кіrbіңіне.  
Отінемін көктемде оранбайық  
Қыстықұнгі тұманның тұндігіне,  
Оралмайық көңілдің кіrbіңіне...

8.05.80

\* \* \*

Сағыныш ой санамды қоршап алған,  
Дос жоқ кездер батады сонша маған.  
Қыын екен жалғыздық өсіресе,  
Шыдамсыздау жаралған болса адам,  
Дос жоқ кездер батады сонша маған.

Олар жоқта қасымда сырласатын,  
Бар сырымды өлеңге, жырга ашамын.  
Ай, жұлдызыз бұлт басқан көкке қарап,  
Тұман тұнған тұнменен мұндасамын,  
Достар жоқта сырымды жырға ашамын.

Оларсыз мен мазасыз күй кешемін,  
Мұндай халге барады сүймесе кім?  
Достарым да көп менің –  
Ғашығымдай –  
Бар сырымды ақтарып сөйлесетін,  
Мұндай халге барады сүймесе кім?

Келетінін білмеймін сабыр қай күн,  
Жалғыз қалсам бөлмеде жабырқаймын.

Сыймай кетем мұндауда ешбір жерге,  
Жалғыз кезім – бұл менің ауыр қайғым,,  
Жалғыз қалсам бөлмеде жабырқаймын.

Билеп алып бойымды терең сезім,  
Сағыныш қып ағытам өлең селін.  
Түсінеді қадірін достарының –  
Жалғыздыққа мендей боп бөленсе кім,  
Ақын болса тасытып өлең селін!..

1980

\* \* \*

Аққу боп маған кезіге,  
Арманым болған, қалқам-ай,  
Айтқан бір өзіл сөзіме,  
Ашуың жүр ме тарқамай?

Ақынның сері мінезін  
Артыққа, жаным, балама.  
Сүйгенім менің – бір өзің,  
Саялар мәңгі санама.

Бір кінә болса менде егер,  
Өткен күн үшін кеш бәрін,  
Күндеу үшін өзгелер,  
Күрсінбеу үшін достарым.

Шешімге келсек шалағай,  
Жүрерміз кейін қайғырып.  
Байқамай қалған баладай –  
Бақытымыздан айрылып...

1980



\* \* \*

Біледі бәрі,  
жасырып біздер жүргенмен,  
Қайтеді дейсің,  
қариялар оны білгенмен.  
Мен жігіт болсам  
жастық күш бойға сыймаған,  
Сен бойжеткенсің  
миуа ағаштай гүлдеген.

Екеуміз бірдей  
келдік қой жасқа жалынды,  
Балалық буған махабbat шебі алынды.  
Мен сүйер болсам қырмызы қырдың қыз-гүлін,  
Сен сүйесің ғой жасын боп тұған дарынды.

Тұған жер бірге, топырақ бірге, салтым да,  
Жүрек те бірге, тілек те бірге халқымда.  
Бозбала күннің құрығыменен қоштасып,  
Ізімді қуып келеді інім артымда.

Біледі бәрі,  
жүргенмен жүрттан бүгіп біз,  
Үйленер едік  
үйленер болсақ үгітсіз.  
Көздерден өзге қаймығып, жаным, қайтеміз,  
Екеуміз енді есейген қыз берін жігітпіз.

Өмірге –теңіз,  
қойса да бізді асық қып,  
Ойлашы өзің, тірліктің мәнін кеш үқтық.  
Асықпау керек!  
Ол үшін, жаным, мәңгілік  
Жүректе жанған сөнбесін сезім-ғашықтық!

5.09.80

\* \* \*

Сен туған күн...  
сентябрьдің бесі ме,  
Ұмытқам жоқ, түсіп отыр есіме.  
Неге сәлем жолдамадың Қекшеден,  
Шақырғанда баратын ем кешіңе.

Маңғыстаудан демес едім жол алыс,  
Қолым да бос, бізге қазір демалыс.  
Енді кеш қой, өкінішті өлеңнен  
Пайда қанша, болғаннан соң болар іс.

Жыр тәгіліп жүрегімнен сонда да,  
Сағынышқа сабыр берген сол ғана.  
Қиялымда самғап ұшып жетем де,  
Сені, жаным, шақырамын тангоға...

Елес дүние – сезімінді сарқа ма,  
Қолым жетпей тұрган кезде қалқама,  
Сағыныштан ештеңені елемей,  
Тартып кеткім кеп кетеді Арқаға.

Шыдал бағам, салып бәрін ақылға,  
Жыры – жолдас осындайда ақынға.  
Сенін, жаным, нұр жүзінді есіме ап,  
Тебіренем туған күнің хақында:

Жүрегімнен ұшып жатыр тілектер...  
Көңіліме алғаш рет гүл еккен,  
Қыс кезінде көктемедей тұлеткен,  
Мені сүйген пәк те таза жүрекпен,

Бұл өмірде бір мен үшін жаралған,  
Өшпейтін боп орын алған санамнан,  
Бақыттым қып менің мәңгі фәнилік –  
Айналайын, сені туған анаңнан!



Сен туған күн – мен үшін де ұлы той,  
Көңілім шат, денем жалын, жылы бой.  
Бүгін, жаным, жүре алмадым толқымай,  
Ғашық ақын қуаныштың құлы ғой.

Саған, бірақ, құттықтау да салмадым,  
Сыйлайтында ескерткіш те алмадым.  
Сенің туған күніңе арнап тек қана –  
Жүрегімнің жырын жаздым, арманым.

5.09.80

\* \* \*

Көптен бері болды мені нәзік сезім қинап-ак,  
Буынымды босатады мұңға толы күтабақ.

Мұндай кезде жаны жақын достарымды жинап ап,  
Думандатып, шарап ішіп, ән саламыз гитара ап.

Бәрі жақсы: көңілденіп, серпілеміз сауық сап,  
Тамақ дайын: ет пен шұбат, қуырдақ пен бауырсақ.

Жүзіміз – жаз, күлкіміз – мәз, бұл – көңілдің тоқтығы,  
Сонда-дағы көрінеді періштемнің жоқтығы...

Ашық айтсам: өзім үшін, басқа жанын сезе алман,  
Еш кетпейді ғашығымның жаутаңдаған көзі алдан.

Көрмегелі көп бол еді...  
бір-ак сәтте жабырқап,  
Қалғанымда жан достарым қарайды кеп таңырқап.

Тұрып бәрі қоштасады таң-тамаша пішінде,  
Күбірлеумен жалғыз өзім қалам үйдің ішінде...

Бір-бірінен алшақ кету – ғашықтарға мың сабақ,  
Шын сүйгендер жүреді екен сағыныштан күн санап.

Сайтан уақыт кеткен кезде өтпейтіндей көрініп,  
Ой тіземін арманымның қиялына беріліп...

Осындайда санамды бір алғанында мұң basып,  
Отырамын жанымды үғар өлеңіммен сырласып...

1980

\* \* \*

Пойызбен бірге қозғалып,  
Теңселіп ессіз халде бір,  
Жүректі бейне мұз қарып,  
Сезімге түсіп әлдебір,

Қимастық билеп бойымды,  
Қарадым саған соңғы рет.  
Сол сәтте менің жайымды  
Түсінсөң, жаным, болды тек.

Пойызбен кенет жарысып,  
Жүгіргім келді қалмастай.  
Бойымды сан ой жанышып,  
Тілгілеп кетті алмастай.

Қарадым көкке елтумен,  
Қанатын құстың армандай...  
Жүрегім менің сен мінген  
Вагонда кетіп қалғандай..

1980

\* \* \*

Жан-тәніңмен шын езіліп сүйгесін,  
Мінез деген табады ғой үйлесім.  
Бір сәтсіздік үшін сату – күнә ғой,  
Бақыт толы махаббаттың құймесін!



Ойлау керек тәтті күндер елесін,  
Елжіресең, ашуыңды жеңесің.  
Тағдыр-толқын аудара алмас бір соғып,  
Арман толы ғашықтардың кемесін!

1981

\* \* \*

Болып ек бірге:  
шар тараптарда,  
алуан атыраптарда,  
Бейнеудің шаң-топырақтарында.  
Қалыпты сағыныш қонып  
қайыңың жапырақтарына.  
Пәктігім қазақ ауылдың –  
қыстағы аппақ қарында,  
Аңызак, аптаптарында,  
Іздерім қалған  
Шетпенің батпақтарында,  
Соның бәрін мен енді  
ұмытпақын ба?  
Пойыздың вагондарында,  
тамбурларында,  
көктемнің жаңбырларына,  
шомылып таң нұрларына,  
перронда жүрген кездерім,  
кулген кездерім –  
көзімнен бұл-бұл ұшып  
кеткені ме?  
Ғашықтық дәурен өткені ме?  
Маңғыстау даласындағы,  
Ақтау қаласындағы  
кездесіп бір болған күндер,  
теңіздің жағасындағы  
жүздесіп,  
жыр болған түндер,

Бозбала күнім –сағым боп қалған,  
жатыр ғой өтіп ағын боп жалған...  
Алты жыл бопты танысқаным,  
Бақыттың үшін  
өмірмен алысқаным.  
Айтайын енді  
астананы да,  
Жетсе де көзім  
жанардан жас тамарына...

**АГМИ**

жетінші жатақханадан бастап,  
ҚазГУ  
бесінші жатақханамен қостап,  
қуанышым мен өкінішімді,  
тәкаппарлық пен отінішімді,  
тәттіліктер мен сәттіліктерді,  
күрсініскең де,  
түсініскең де шақтарымызды,  
бақыт бол атқан ақ таңымызды,  
қамқоршы болған достарымыз бер  
ак тілек айтқан тостарымызды  
кештердегі  
сырласу үшін жарық өшкендегі,  
тамада болып отырыстарға,  
толқыған жүрек алып-ұшқанда,  
ресторан, кафелерде  
шайқағандағы,  
шампаннан байқағандағы,  
Медеу мен Қөктөбедегі,  
Жаз, күз, қыс, қөктемедегі,  
Театрлар мен кинолардағы,  
Шақыру билетін жаздырып бірге,  
ескерткіштерді сыйлағандағы –  
Барлық өмірдің жолы қүйгені ме,  
Қосылмай қалу заң ба екен  
ғашықтар сүйгеніне?!

1981



\* \* \*

Бейнеуде жүрген  
бейкүнә  
Бейтаныс қыз ең бір кезде...  
Бейнеңе көңлім тойды да,  
Бейбаққа айналдым лезде.

Бейне бір болып делқұлы,  
Бейшара жанның күйінде:  
Беймаза жүрек толқыды,  
Бейуақта бардым үйінде...

Бейқам сен жаттың үйқыда,  
Беймезгіл уақыт,  
бей-жаймын...  
Бейнеу, қыс...  
боран үйтқыған...  
Беймәлім...  
жанды қинаймын...

Беймәлім...  
денем өртенген...  
Бейне оты жанды арманның...  
Бейненді бір-ақ көргеннен  
Бейшара ғашық болғанмын...

1981

\* \* \*

Сен – тамашасың!  
Қуанасың бақытқа балаша шын.  
Ақ қайыңың астында сүйіскенде,  
Ерініме түсетін қара шашың.

Құлқілерің ғажап-тын,  
сыңғырлаған,  
Кездеріміз көп еді-ау тұнді үрлаған...

Айта жүргін сүйгенім бар деп менің –  
Махаббат мөлдірлігін шын жырлаған...

1981

\* \* \*

Дүниенің қызығы –  
Махаббаттың күшінде:  
қайнап жатар қызы –  
жанартая боп ішінде.

Бұл өмірді бал ету –  
Сол сезімнің мөлшері,  
Сүйгенінді жар ету –  
Бақытыңың өлшемі!

9.09.81

\* \* \*

Танысты да жүруші ем ырзағып,  
Талай жерде жасағанмын мырзалық.  
Ішім ашып кейбіріне солардың,  
Отырғаным осы енді жыр жазып.

Бар адамға ашып едім сыр сандық,  
Хас дұшпаным болатұғын мыстандық.  
Сол сырларым өршіді де өсек бол,  
Қыр соңыма ұрыдайын түсті андып.

Ақтарылып тұратұғын ақкөңіл  
Арамдықтың ашы уын татты бір.  
Аңғал жанды алдаған кете қоймайтын,  
Адал достар тауып берші, тәтті өмір!

1981



\* \* \*

Бәлкім, мені базбіреу желпінді дер,  
Не десе де, о жағын еркім білер.  
Мен өзімнің иемін өміріме,  
Еркімді бер, дүние, еркімді бер!

Қолқа салғыш бәрі де мына маған,  
«Елге кел, деп, жан балам» жылады анам.  
«Зоотехник бол» деген әкемді де  
Ұқпадың деп жанымды кінәламан.

Олар жүрек сырымды сұрамады,  
Маған жалғыз сонысы ұнамады.  
Қажытады қаракөз жарымның да  
Сұлу жайлы жырымды сынағаны.

Артық демен, әрине, ақыл-ана,  
Жан емеспін күйбеңшіл, пақырана.  
Неге мені қинайды, неге мені,  
Елікте деп өзіне ақын аға?

Ұят қайда?  
Қойындар,  
жетер тегі,  
Керегі не мазалап бекер мені.  
Қожайын да күйдірді  
керек кезде  
Шамды өшіріп қоятын пәтердегі.

Ау, ағайын, мақұлда, мақұлдама,  
Тіл қатайын сендерге батыл ғана.  
Табиғаттың бейне бір еркесіндей –  
Сүйеді әман жүрісті ақын дара!

1982

\* \* \*

Тұнде мысық жылағаны жағымсыз,  
Ондай кезде тартады әбден жаным күз.

Шырылдайды-ау тоңғанынан жарықтық,  
Құшағына алғанында қар үнсіз.

Неткен қатал сықырлаған қыс, боран,  
Зар айтады терезе де мұздаған.  
Естігенде жылағанын сәбидің,  
Менің-дағы жан-жүрегім сыздаған.

Балбөбегім қолында еді қарттардың,  
Сағыныш қой көніліме артқан мұн.  
Босандай жан босамайын мен қалай,  
Естіп жатып сыңсығанын бақтардың?..

*қаңтар, 1983*

\* \* \*

Шалқытып ақын жанын өмір-ғашық,  
Шыраймен адамдарға көнілі ашық,  
Келемін жүргегімнің жайып сырын,  
Шақтарда жалғыз қалған өңім қашып.

Дарханға болам дария, даладайын,  
Адалға пәк сезімді баладайын.  
Адамды сүйсе сүйсін менше адамдар,  
Сүйем мен жүрекпенен анадайын.

Сезсем-ақ жылдылығын жаны ізгінің,  
Еселеп орындаймын қарызды мың.  
Жанымда жара салар жан болса егер,  
Кешпеймін өмір-бақи жауыздығын!..

1983

\* \* \*

Ертеңге асықпаған үмітпенен –  
Ел үшін жанып туған жігіт пе екен?  
Арманға үмтүл, жүрек, талпын алға,  
Жүре алман бойкүйездей бұғып төмен.



Онан да сыр ашайын адамға мен,  
Солардан тұрмайды ма қоғам деген?  
Тірліктен азamat боп өтсек деймін,  
Күн кешпей тұлкікүйрық бұлаңменен.

Көргенде пенделерді екіжүзді,  
Бір ойдың билері бар қөңілді «ізгі»:  
Шайтанға айналдырып жіберсе ғой –  
Аулақтаап «мақұлықтан» тегімізді...

1983

\* \* \*

Қос аққуды өмірде сүйіп керім,  
Солар үшін бәрін де қиып едім.  
Поэзия,  
Махаббат –  
Екеуі де –  
Алдағандай бейне енді қүйінемін.

Жүрегімді өлеңім ұға алмады,  
Мәлдір бұлақ секілді тұна алмады.  
Жарым болса, жырыма елжіремей,  
Жан сырымды жайғанда жұбанбады.

Бұл – анқау бір сәбидей ақынға уайым,  
Жалғыз қалған жетімге жақындаймын.  
Қолда тұрып арманның қос шынары,  
Бас имесе, қалай мен аh ұрмайын?

Ішқұса боп, өзді-өзім өртенемін,  
Күйреуіме кім білген, ерте ме тым?  
Бәлкім, бір күн өздері-ақ  
Пір тұтқандай –  
Мойыныма асылар еркелерім?!

1984

\* \* \*

Пәтер жағы қандай қиын қалада,  
Қарайлайсың қаршығадай балаңа.  
Көшө кезіп жыларман боп жүргенше,  
Кеткің келер туып-өскен далаңа!

Уақыт таппай тереңірек ойлауға,  
Бұйығы боп жүргендейсің байлауда.  
Қор еткенше жырдың асыл сәттерін,  
Кеткің келер шопан болып жайлауға!

Жайсыз тірлік жанымызға тым батты,  
Жалын атқан от жүректе мұң жатты...  
Арманыңды құйдіргенше құйбенғе,  
Шіркін, елде тер төккенің қымбат-ты!

Кім үцілген ішіңдегі дауылға,  
Ағыл-тегіл саулаған жыр-жауынға.  
Поэзиям, билеушім сен қайтсан де,  
Таңда өзің: Алматы ма, ауыл ма?!

1984

\* \* \*

Таң ертемен жанарым шұғыла шашып,  
Жүргегіммен сырласам жырға ғашық!  
Фасырымның көшінен қалмайын деп,  
Фарышпенен өлеңдім жүр таласып!

Бала күннен аңсаған арман асқақ,  
Талпынбасам, кетердей жолға тастап.  
Уақыт-тұлпар жеткізбес уайымсызға,  
Үшқыр қиял тұрмаса алға бастап!



Қолға қалам алғалы алмай тыным,  
Өлең сүйіп келемін балдай шырын.  
Қыран болғым келеді  
Ұшқан сайын  
Шырқау биік шындарға самғайтұғын!..

1984

\* \* \*

Тітіркен, бойым, тітіркен,  
Томсарып кеттім тегі мен.  
Топастай бейне бей-жаймын,  
Тезірек, жүрек, емірен!

Оянар нағыз шақ туды,  
Аңсайды көңіл шалқұды.  
Шабытқа мінген сындымын,  
Сезімге жаным балқулы.

О, музас, қалқам, келдің бе?  
Еркіце сенің көндім бе,  
Есімнен әбден айрылдым,  
Елжіреп, мас боп мен мұлде!

1985

\* \* \*

Мен отырмын құшағында музаның,  
Көз алдымда көлбендейді бу-сағым.  
Алыштағы асыл жарды аңсаумен,  
Сағыныштың шәрбатына сусадым.

Тарам-тарам бөлінеді ойым мың,  
Бал ләzzэтқа келмейді ғой тойынғым.  
Шабыттың шақырғанда сел сезім,  
Жан толқуын сезінемін бойымның.

Сонда ғана кетер үшып барша мұн,  
Тәтті ойдан келмейді еш шаршағым.  
Сүйгенімнің сүйіп елес бейнесін,  
Теңіз-сағым арасынан аршамын...

1985

\* \* \*

Қайран ауыл, кіндік қан тамған жерім,  
Балалығым өзінде қалған менің.  
Жүргенімде жырақта көп ойлаймын,  
Жүректегі сағыныш, арман ба едің?

Алыстамын, алайда жаным бірге,  
Жаным бірге, бауыр ет, қаным бірге.  
Оралармын мен, бәлкім, жылдар оза,  
Шырқауынан шындардың алып жүлде.

Қайткенде де, тұрасың сен есімде,  
Аңсау сезім бар сынды елесінде.  
Қайран, ауыл, айтсаңшы,  
Тұған ұлға  
Шарықтар деп қырандай сенесің бе?!

1985

\* \* \*

Жүргенімде жолында арман-шынар,  
Кездерім көп көзімді шалған мұнар.  
Егде тартып ата-анам барады, өттең,  
Ұлым, бірақ, ержетіп қалған шығар.

Қанжардай боп тиіп әр түн мысыма,  
Сағынышым самғайды түңғышыма.  
Жолға қарап қарттар да сарғайғанды-ау,  
Телмірумен көктемгі жыл құсына.



Тұғанымнан жааралған алаң-пенде,  
Шыдамымнан айрылып барам мен де,  
Мазалайды жүректі жалғыз арман –  
Қауышсам-ай:  
Ата-анам, баламмен де!

1985

\* \* \*

Жүргегімді емдеші, сезесің ғой шуылын,  
Жүргегіңмен сүйіп ап, қалайша сен суыдың?  
Жүргегінді онан да, бақыттым боп бер маған,  
Жүргегінді қолыңа ап, сүйемін деп кел маған.

Жүргегімді емдеші, кейде қатты қысылам,  
Ауырғанмен жүргегім, бір өзіңе ұсынам.  
Сақтау үшін жүректі  
жоғалтайық кіrbінді,  
Маған ем боп қонады сенің күлкің бір күнгі.

1985

\* \* \*

Па,шіркін!  
Неткен аңыз өмір деген!  
Сүреміз қызық ғұмыр көңілменен.  
Жігіттер пейілімен мас қылады,  
Жаралғам достық үшін тегінде мен!

Фажап-ау ақындағы сезім деген,  
Ел-жүртты көрем бауыр өзімменен.  
Жаңа жыл...  
таңға дейін көз ілмеген  
Кездерде шаршауды бір сезінбегем.

Мейлі ғой, жүрек ептең мазаласын,  
Музыка тербесе өлең жаза аласын.

Мына бір бал сусыннан сапырайын,  
Жанымды мөлдір етіп тазаласын.

Жатса да тыным тауып бәрі үйқыда,  
Тамаша таңым үшін жаным қия,  
Сөнгенше Шолпан жұлдыз жыр толғайын,  
Бойыма жаңа жылдан жалын жия.

Сонда мен толғанармын асқақ тұрып,  
Жырымды тыңдар дерсің достар үғып.  
Күндерді сауық-сайран бірге өткізген –  
Тарихта қалдырармын дастан қылып...

1986

\* \* \*

Бәрі маған жетеді, бәрі маған,  
Шаңырағым, ошағым, жарым аман.  
Қайнар бұлақ секілді қайран ғұмыр,  
Тұнығынан шелдесем қанып алам.

Әлпештеген атам мен анам да сау,  
Әлдилеген бөпешім – балам да сау.  
Сағынганда еске алып, ой тербетіп,  
Қиял құсын ұшырам алаңдасам.

Ағайын да, туыс та – аман бәрі,  
Амандығы олардың – маған дәрі.  
Мен өзімнің бойыма күш құямын,  
Қасиеттен бар жақсы адамдағы.

Содан болар қасым жоқ, достарым көп,  
Мені ешкім жеңе алмас босқа күндеп.  
Кімге болсын тұрамын құлшынып бір  
Жақсылықты жасап тек тастағым кеп.



Ағалар да жетеді мейірімді,  
Білетүғын менің пәк пейілімді.  
Жылыұшырай қараса олар маған,  
Бұра берем мен-дағы зейінімді.

Ініден де ізгілік аямадым,  
Ізет көрсем, келеді аялағым.  
Адамдардың асығып ортасына,  
Таң нұрымен таласа оянамын!

1986

\* \* \*

Дүниеде жеткізген бе жігітке арман,  
Жүрегі от сезіммен ұрықтанған:  
Менің ғой келер дейсің Пушкин болғым,  
Шалқып бір шайқап ішпін тұнық балдан.

Дүниеге масаң көңіл мас бола бер,  
Тереңнен жаныңды ұғар досқа кенел.  
Жүр жүзіп өмір-теңіз кемесінде,  
Жыр жазбай бірақ лағыл таспа бекер.

Осылай қайраймын да өзімді-өзім,  
Жүрегім еміреніп, езілгесін:  
Өлеңмен өмірімді өбемін де,  
Шалқымын шабыт күшін сезінгесін.

Мұндайда болам қыран, жолбарыс та,  
Дайынмын мейлі қандай арпалысқа...  
Таяқ жеп тағдырының талайынан,  
Біздің күн айналмайды тоң-торысқа.

Жетелеп қай-қашанда сенім алға,  
Санамды бір құдірет жеңіп алған...  
Қайтесің, Пушкин болсам дейді журек,  
Жігітке жеткізген бе тегінде арман...

1986

\* \* \*

Адамдағы ақ ниетке елжіреп,  
Алғыс-жыр боп тәгіледі сел-жүрек.  
Кім болмасын ақ жауындай көктемгі  
Ақ пейілін алып келсе болды тек.

Мен де ол жанға ашыламын айдын боп,  
Талайларға жан сырымды жайдым көп.  
Бір-ақ ауыз жылы сөзге еримін,  
Ол болмаса, одан артық қайғым жоқ!

Сірке бұлттай сал бойына сыр бүккен,  
Сұрқай, сұық, сұмдарыңдан түршіккем.  
Сенімсіздік ұялайды жаныңа,  
Сәл де болса көңілдегі кіршіктен.

Ондайларға өртенердей өзек шын,  
Зымиянды іреп сояр қажет сын.  
Дүниеге Адам болып келген соң  
Адамшылық қасиетке не жетсін!

1986

\* \* \*

Тегі мен журе алмаспын алабұртпай,  
Мазасыз секілді бір бала құрттай.  
Пендеуи тіршілігің жаныма жат,  
Құйкі өмір сүре алмаспын ана жұрттай.

Мен тегі журе алмаспын қамалып та,  
Бой жазсам, ақынға ерсі саналып па?  
Қаланың тар бөлмесі бұғалықтай,  
Біз сынды саяқ өскен далалыққа.

Ежелден құмармын мен бал бұлаққа,  
Талайды төстей озған аргымакқа...



Қайтейін өзгелердің не дегенін,  
Көңілмен сүрем өмір шалқып-ақпа...

1986

\* \* \*

Күз.

Шамал тұсті, тұман басты,  
Көктем, жаз құйрықтарын бұлаңдасты.  
Қашанғы соғар дейсің салқын самал,  
Қыс келсе, күз де орнында тұра алмас-ты.

Өмір де солай екен, айналмалы,  
Тобықтай тайып кеткен ойнамалы.  
Бір күні бақыт қонса, бір күні мұн,  
Бұл жүрек қалай ғана жай табады?

1986

\* \* \*

Өмір, өмір, өлең деп өтермін мен,  
Жасытпайды бұл жолда қатер мұлдем.  
Тәкпесе де шуағын тағдыр, мейлі,  
Өлең үшін өліп те кетермін мен!

Өлең-жүрек, бұл да бір ғажап өлем,  
Махаббатшыл жүректер жазады өлең.  
Өлеңменен жаны егіз ақын жанның,  
Өлең жоқта, жаны оның өлем-жәлем.

Жыр тумаса жүремін мен де сынып,  
Құндеріме налимын пендешілік.  
Жалын атқан жүрек бар сырға толы,  
Іштей мұнды күй кешем неге тынып?

Жанның өрті басылмас ақтарылмай,  
Жатыр қанша жүк ауыр ақтарылмай.

Аржағымда бұғынған жанартау бар,  
Жүргені тек болмаса бақ дарымай...

1986

\* \* \*

Ортақ біздің мұңымыз,  
Жүрек жарды сырымыз.  
Аңсауменен өтерміз  
Бірімізді біріміз.

Жырақ, мейлі, жүрсек те,  
Жалғыз жылап, күлсек те,  
Жан достарға сенеміз,  
Жалын құяр жүрекке!

Шырқай қалсақ біріміз,  
Досымызбен іріміз.  
Асқақ біздің армандар,  
Өмір-өнер – піріміз.

Осы жолда таластық,  
Өнерменен жаастық.  
Бұрыс басқан қадамда  
Дос сөзімен санастық.

Шын көңілді қаластық,  
Досқа әрдайым қаастық.  
Бас қосылған шақтарда  
Сүйісмен таастық.

Дос қуанса қуандық,  
Дос жыласа жұбаттық.  
Жанымызбен ұғыстық,  
Қашан кінгे кінә арттық?



Біз жыланып көрмедік,  
Қаңқу сөзге ермедік.  
Қол ұстасып қияға  
Бірге қанат сермедік.

10.03.86

\* \* \*

Таң атсыншы тезірек,  
Шығайын мен далаға.  
Отырғанша мезі боп,  
Қыдырайын қалада.

Адамдарға қарайын,  
Бәрі бауыр, туыс қой.  
Ағайынға барайын,  
Алшақтамай, сұыспай.

Жүремін бе тымырсып,  
Құрысыншы мұң әрі,  
Шыныгайын шымырсып,  
Қансын бойдың құмары.

Мұздай суға жуынып,  
Алайын да серпіліп,  
Белді бекем буынып,  
Іс қылайын желлініп!

Шаршадым ғой мұңлы ойдан,  
Таусылар ма күйбен де,  
Күтіп мені саргайған  
Барайыншы сүйгенге!  
Дұрыс шығар ал енді,  
Үйқыға сол жатқаным.  
Қояиын да өлеңді,  
Күтейін таң атқанын.

1986

\* \* \*

Жұртым мені дей ме ақын, демей ме,  
Ірке алмаймын жыр құйылса көмейге.  
Нөсерлетіп төгіп-төгіп тастасам,  
Ішке құса болмайтында ол бейне.

Кім біліпті, қазынам бар мәңгі асыл,  
Жақтырмайтын жасырғанды жанға сыр.  
Жанып-күйіп жүретүғын жігітпін,  
Жырламасақ, кешірмес те ән-тұмыр.

Мен қайтейін, іште арғымақ туласа,  
Жүрек, шіркін, маза тауып тұрмаса?  
Мен қайтейін, еміреніп өмірге,  
Жан-дұнием тебіреніп жырласа?

Жұртым мені десін ақын, демесін,  
Аға буын елемесін, елесін,  
Бұлқ-бұлқ қайнап буырқанған қан тамыр  
Сеземін мен жанға маза бермесін.

Мұндай күйде толғамасқа жайым не,  
Жыр құйылса, жабығарға уайым не?  
Жатыр менің аласұрып теңізім,  
Толқын атқан, міне, нағыз шайыр де!

1986

\* \* \*

Бала күннен жүрегімді жырлатып,  
Жүргеніммен ойға шомып, мұцланып,  
Өсіп келем адалдықты ардақтай –  
Әкелер мен ағалардан үлгі алыш.

Бұлқынумен тұла бойда бал дарын,  
Өлең-өзен болғанымен арманым,



Елтісем де жел-буына өнердің,  
Тура жолды, тұзу жолды таңдадым.

Әсерімен құйылған жыр-нөпірдің,  
Бәлкім, талай желпіндім де лепірдім.  
Бірақта мен тазалықты пір тұтып,  
Арсыздармен алысуға бекіндім.

Шабыт буса шалықтаймын, тасамын,  
Бар адамға жан сырымды ашамын.  
Жаман пиғыл ойлағанды жек көріп,  
Жақсыларға жыр шашуын шашамын.

Арман жолы – өлең-өмір болса да,  
Адам болу – мендік мақсат, жол сара.  
Азamat деп айтса деймін ел-жұртыйм,  
Ақындығым – өз алдына ол, сірә!..

1986

\* \* \*

Өзінді өмір бойы сүйіп өтем,  
Махаббат, айналайын биік мекен!  
Мен дайын тағдырымның тартысына,  
Жаныма жолатпасқа қүйік-шемен.

Білемін, күрес үшін туғанымды,  
Бақытыйм жолында бел буганымды.  
Арманым үшін тіптен аянбаспын,  
Ештеңе жасыта алмас өр жанымды!

Сөзімді үғындың ба, асыл құрбым,  
Қалайша кеуде керіп, тасып тұрмын?  
Өйткені, мен өзімін Махаббаттың,  
Мәңгіге таусылмайтын Ғашық Жырмын!

1986

\* \* \*

Жылымшы қыс... жылыштауда...  
Жаумады қар...  
жарықтық, тыныштауға.  
Жүреміз тек жан бағып...  
бұйығылау...  
Жағаласып жаурынмен құрысқанда.

Жігіт едік өрге жүзген...  
Жүрек жалғап жалынды ерке қызбен...  
Жылдар енді жағаға салады қол,  
Жұлқып, нұқып алардай желкемізден!

Жо-жоқ, достым!  
Мен емен оған көнер,  
Жеңем деген өмірде адам жеңер.  
...Жылымшы қыс мейлі, аулақ жылыштасын,  
Жан серпілтер көктемім о да келер!..

1986

\* \* \*

Беймазалау жүрегіме, даусыз  
Жағады тек туған ауыл ауасы.  
Жазбақ үшін оның қүйік, жарасын,  
Кезем кейде байтақ өлкем даласын.  
Көкірегімді кере дем ап жұтамын  
Қырдың жанға шипа лебін, жұпарын.  
Таңғажайып боз жусанның исіне  
Масаям да, қарай берем сүйсіне,  
Сағынамын музам болған жаныма,  
Асығамын көлбендереген сағымға.  
Шілдедегі шегірткенің шырылы –  
Бала шақтың ұмытылmas бір үні.  
Ботақанның жәудіреген көздері  
Еске түссе, ет-бауырды езгені...



Алыс кетсе аңсай күтер баласын,  
Тұған ауыл – менің асыл анашым.

1987

\* \* \*

Ұш, көңілім, самға алысқа,  
Жолдап сәлем барша досқа.  
Арылсын бір мұңдан ақын,  
Жаны күйген арзымасқа.

Тіршіліктің көп ұсағы,  
Жоқ жерден кеп жабысады.  
Шалғайыңдан алар митың,  
Жаңқа көріп ағыстағы.

Кейін серпіп бәрін оның,  
Мәңгі алаудай жалындармын.  
Ұш, көңілім, самға алысқа,  
Құш достардың бәрін, бәрін.

1987

\* \* \*

Жан баласын өмірде жамандама,  
(Жауласса егер, әрине, оған қара).  
Жауыз көрсөң, ал келіп жағасынан,  
Әділдік сен жағында, алаңдама!

Жара салса кей кімдер жаны жазға,  
Мәңгі өшпейтін шырақтай жанып, мазда!  
Жалының шарпылсын жағымсыздар,  
Тұлқі пішін топастар, жағымпаздар.

Ешбір жанның соңынан сыр аңдыма,  
Көзқараспен қарама адамға ала.

Көрмей тұрып өзгенің зұлымдығын,  
Сырттай даттап, бекерге жамандама,  
Сондай болар ақ жүрек адам ғана.

1987

\* \* \*

Сен мені шектемеші...  
Шектен шығып кетсем тек өкпелеші.  
Шабыт іздеп шарқ ұрган бұла жүрек  
Өктем мінез танытса, сөкпе мені.

Мен де бір дауыл сынды,  
Жанмын гой бейне нөсер-жауын сынды.  
Кейде бір толқындайын аласұрсам,  
Жау емес, үқшы нағыз жарым сынды.

Көбелек секілденіп,  
Жын соққандай қыр кезіп, екіленіп,  
Кеуде керіп жыр оқып, өрекпісем,  
Жүрек сүйген тұнық көз, кешір, елік.

Демеші астамсыды,  
Көрсетпеші көзіме жас-тамшыны.  
Құнделікті күйбеңнен алшақтайын,  
Сейілсін көңілді оның басқан мұңы...

1987

\* \* \*

Бір аруақ арқырап,  
Қолтығымнан демеді,  
Құз басынан сарқырап,  
Нөпір өзен келеді!

Құш, Сенімге мықты едім,  
Келші бермен, Ой, Сезім,



Өлең-жырды төккенім,  
Ең бақытқа бай кезім.

Әрі-бері төпейін,  
Талай қырға жетейін,  
Суландырып өтейін,  
Нуландырып өтейін,  
Елге қызмет етейін.  
Қандырғасын мерейін,  
Нұрға айналып кетейін...

1987

\* \* \*

Кейде өзімді үқпаймын алай-дүлей,  
Соққанымды сезбеймін қалай үдей.

Алақүйін күй кешіп әрі-сөрі,  
Ішімде бір дауылдар алысады.

Толқындаймын мұндайда аласұрған,  
Арлы-берлі саптырып жартасты үрған.

Бірде бұлтқа үқсаймын төніп келген,  
Бірде күзгі нөсердей төгіп берген.

Арқырасам тасқындай басылмаймын,  
Тымық тұнде шарт сынған жасындаймын.

1987

\* \* \*

Мен соншалық бақытты жан болайын,  
Тағдыр-тартыс иеленген женісін,  
Бәрібір де тұнің мұнды, ағайын,  
Әсерлі сәт, қияли шақ мен үшін.

Үйқы қанша алсын есті талдырып,  
Музам-өлең сағымдайын-сағыныш.  
Тұлабойды бал сезіммен балқытып,  
Жүрегімде болады сан жарылыс.

Жаңартау боп атылардай алқынып,  
Жас қайраттың шарпыламын ертіне.  
Тұні бойы ширығамын шарқ ұрып,  
Тұннің қарап таңғажайып көркіне.

Шабыттыма жел берер де сол менің,  
Ай мен Жұлдыз, алқара көк тұнгі аспан...  
Сенделемін кезіп ішін бөлменің,  
Жым-жырт тұнге көзім салып мұндақсан...

28.11.87

\* \* \*

Көп адамға жүруші ем сенуменен,  
Өзгертіпті кей-кімді өмір деген.  
Озді-өздері тымырсып тірлік кешер,  
Жараспаймын жандармен тегінде мен.

Құшақ жайған азамат пейілменен,  
Жігіттерге жан құрбан, көніл де кен.  
Оларменен бірге өткен дүниен жаз,  
Сыр қалмайды ішінде төгілмеген.

Ондай жандар шынында сиреді ме,  
Жүр ме еken келе алмай күйлеріне.  
Әлде, уақыт тынысы биледі ме,  
Серпілтуге бұйығы ойларынан,  
Соғайын мен олардың үйлеріне...

29.11.87



\* \* \*

Қайран, жүрек, сен ұра бер сабалап,  
Жаным менің қай-қашанды дауылды.  
Мендік көңіл өршілдікті қаламақ,  
Келгенде күн алармыз да дамылды.

Заман болса самғаған бір ғажайып,  
Бұйығылық уақыттың дерт жанына.  
Мен жүремін махаббаттан масайып,  
Қайран, жүрек, ез ырқыңа бағына.

Сен соға бер, соқ лұпілдеп, дұрсілде,  
Баста мені қиын, шалғай шептерге.  
Бұқіл ойым, санамменен сілкіне,  
Өмір жайлышы тізейін дәптерге...

1987

\* \* \*

Теңіздейін шалқып аққан кемерден,  
Симаймын мен шектеулі тар шеңберге.  
Толқындарға қарсы жүзген адудын  
Ұқсаймын мен тау тұлғалы кемеге.

Өмір де айдын, өршелене жүзбесен,  
Жапырақсыз мұңды ұқсайсың күзге сен.  
Арман үшін алған жолдан тайынбас,  
Фұмырында шын бақытты іздеген.

Осы сырым – өзгеге де, өзіме,  
Сарғаюды қоялық, дос, езіле.  
Мен жүземін шетсіз-шексіз қыырға,  
Тағдырымның тура қарап көзіне!...

1987

\* \* \*

Жарасады, жаным, саған нұрланған,  
Айналайын, жаз бейнелі тұлғаңнан.  
Жүргегімде жапырақ жайған, махаббат,  
Жүзінді бір көрмейінші мұңланған.

Сен мұңайсан, менің жаным дімкес-ті,  
Сен мұңайсан, мені де ауыр мұң басты.  
Сыймай кетем мұндайда жер бетіне,  
Кезіп кеткім келер жалғыз тау-тасты...

Сенің мұңың – менің мұңым, дертімдей,  
Сенің күлкің – жүргегімнің өртіндей.  
Сенің жүзің нұрға толған кезінде,  
Таң шапағын шашқан күннің көркіндей!

Жанарыңа іркілсе бір қаяу мұң,  
Баладайын бал кейпінді аяимын.  
Жабыққанда жаның қүйіп өрнеден,  
Маған ғана жет жүгіріп, аяулым!

1987

\* \* \*

Жігіттер, өткізбейік босқа күнді,  
Дүние өтер-кетер қас-қағым-ды.  
Күйбенен қолдарың бір босағанда,  
Ой-мұңнан серпілтсөңші достарынды.

Көңілсіз болып кетсе тегінде өмір,  
Жүргегім күрсінеді егіле бір.  
Тып-тыныш тірлігінен жалығып тез,  
Аңсайды той-думанды сері көңіл...

1987



\* \* \*

Серпіліссіз, бұғып жүрген күндерім –  
Менің іштей тынып жүрген күндерім.  
Тымырсимын күзгі бұлттай түнеріп,  
Қалғандайын өлеңсіз құр сүлдерім.

Оған қарап сөнді деп, дос, ойлама,  
Жалын атқан жүрегіммен ойнама!  
Жанарымда жарқылдайды от-үшқын,  
Келгенім жоқ бұл өмірге жәй ғана!

Ортасынан ауып кеткен тұн-жарым,  
Естімейсің десе де ақын мұң-зарын:  
Азабы да, рахаты да жетерлік –  
Мен өзімнің ғұмырыма ырзамын.

1987

\* \* \*

Өзіммен-өзім сырласып,  
Келемін кеме-қиялда...  
Жүрегім болған жыр-ғашық  
Шақырап шырқау қиянға.

Алматы жүрдім кезінде,  
«Ауыл!» – деп соқты жүрегім.  
Сағыныш тұнып сезімде,  
Сарғаюменен жүдедім.

Оралып туған жерімнің  
Жүрсем де жұтып ауасын,  
Алматы десе егілдім,  
Таба алмай жүрек дауасын.

Бар онда тарлан жігіттер,  
Жарысқан жырдың көшінде.

Жұлдеден мен де үміткер,  
Тулаймын Даlam төсінде!..

1987

\* \* \*

Естідім жылағанын қайыңның мен,  
Өнбойын билегендей уайым мұлдем.  
Біртүрлі сезіледі сыңсығандай,  
Күз келді, болар енді қайыр кімнен?

Мұң толы қалай одан саз үқпайын,  
Налиды тағдырына нәзік қайың.  
Жайылған жапырағы жым-жылас боп,  
Мелшиіп қалған қатып қазықтайын.

Күндері болып ұмыт көктемдегі,  
Күз-нөсер суық –тамшы төккен енді.  
Жалаңаш тәнін оның сорады әбден  
Қатігез қарашаның өкпек желі...

1987

\* \* \*

Келді қыс.  
Дала боран  
азынаған,  
Үскірік, сірә, кімге саз ұнаган?

Желді қыс қасқырдайын ұлытады,  
Ал қайың-тал бойын кім жылтытады?

Апырай, басқан кезде көңілді мұң,  
Суықтан жылтытады өмірді кім?

1987



\* \* \*

Өр мінезін сағына,  
Тарқасын деп бар мұңым,  
Теңіз барып тағы да,  
Тебірендім, шалқыдым.

Жатыр екен тулап-ақ,  
Жайды құшақ, шақырды.  
Мізбақтай тас жарқабақ,  
Шағалалар шарқ үрды.

Қан ойнады, ет қызды,  
Емірендім, елтідім.  
Терендік пен шексіздік...  
Терең ойда мен тұрмын...

1987

\* \* \*

Қандай қызын сөтте де  
Мендік жүрек жылама!  
Тағдырыңа өкпе не,  
Қолдар сені жыр-ана.

Қүйініп бір жүргенде,  
Несер болып құйып бер,  
Толып құшақ гүлдерге,  
Созсын қолын биіктегі!

1987

\* \* \*

Уақытымнан кеш қалып қоярдайын,  
Жүрмін мынау өмірде ояу дәйім.  
Мазаласа түндерде жүрек, шіркін,  
Жыр жаңбырын төгуден аянбаймын.

Өз-өзіме шыдамсыз жайым мәлім,  
Өлеңімнің тағдырын уайымдадым.  
Өмірімнің өзегі, кілті сынды –  
Ештеңеден бұл жолда тайынбадым.

Өтсе күндер, өтсе айлар күйбеңменен,  
Өз-өзімді күн кешем сүйреуменен.  
Қаламыма кенеттен жармасамын,  
Суық тартып кетердей сүйген өлең...

1987

\* \* \*

Жаралғам дүниеге өлең үшін,  
Өлеңсіз мендік жүрек сөнеді шын.  
Өмірді тербел өтсем арманым не,  
Тырбанған пенде болмай қорек үшін.

Бұрқанып тұрғанда өрттей бұла жүрек,  
Бойымнан аптаптайын ұрады леп!  
Қалай мен өткізейін күйбеңменен,  
Өмірді келетүғын бір-ақ рет?!

1987

\* \* \*

Күтерін бір қуаныш сезім едім,  
Жүргім еритінін, езілерін.  
Бұл өмір қандай тәтті көңіл хошта,  
Іркілмей жүргенінде көзіңе мұн.

Бүгінде барлық әлем сұлуланып,  
Тал бойым махаббатқа жылынды анық.  
Суық қыс барады өтіп, о, шіркін-ай,  
Көктемім келді, міне, күлім қағып...

1987



\* \* \*

Бөлесе де бақытқа жыр-қаламым,  
Уақыт өткен сайын мен мұңланамын.  
Жатпағасын жазғаның жарық көріп,  
Тұнғанынан не пайда сырға жаның?

Көусар бұлақ Шығыстың ақындары –  
Бауырымдай жаныма жақын бәрі.  
Олар ғашық сұлулық атаулыға,  
Жансыз бенен жандының затындағы.

Осы көзбен қараймын мен де өмірге,  
Біз болармыз ынтыққан пендегүлге.  
Жаралған ғой жан дүние жырлау үшін,  
Аққу болып қалқуға көл бетінде.

Көншітпей жүр көңілді өттең, бәрі,  
Жұғар емес жүрекке көктем нәрі.  
Маңғыстаудан жылда үшам Алматыға,  
Арман – Өлең,  
Алатау шатқалдары!

1987

\* \* \*

Күндер өтіп барады, күндер өтіп,  
Ақ қағазға төнемін тұнделетіп.

Апта жылжып барады, апта жылжып,  
Сенделемін бейуақта бақта жым-жырт.

Жылыстайды айлар да дөңгеленіп,  
Бирте-бірте басылар менде желік.

Жылым мені қарсы алар сүйіп тұрып,  
Өрісімді, өремді биік қылыш.

Жүргіме өлеңім жүгін артар,  
Жанарымның сол сәтте мұңы тарқар.

Дүлей шабыт күшіне енгенімде,  
Өзіме-өзім күркірәй сенгенімде –

Аруақты Даламдай арқаланып,  
Тілден маржан төгермін бал тамарлық...

1987

\* \* \*

Теңіз жақтан соққан самал  
Тітірентіп төсімді,  
Көптен күткен көктем-жамал  
Көңілімді өсірді.

Көкірегім сайрап бұлбұл,  
Жан сарайым кеңіді.  
Жарқын жүзім жайнап бал-бұл,  
Жан жүргім еріді.

Бейне масаң бұла ғашық,  
Теңселемін, тербеліп.  
Құсша самғап, құрақ ұшып,  
Жасағым кеп еркелік.

Дала қандай, ауа қандай!  
Өмір қандай ғажайып!  
Қыс кіrbіңі тарағандай,  
Ашу бұлты азайып.

1987

\* \* \*

Өмірде күн кешкем жоқ алыспастан,  
Кезім көп бірақ менің шалыс басқан.



Басынан не өтпейді бұ ғенденің,  
Онымның өзі де бір ғарыш-дастан.

Білемін, талай жерде қателестім,  
Алайда, тәтті өмірге жат емеспін.  
Сүюге, махаббатқа жаным іңкәр,  
Топас бір қуыс кеуде жан емеспін.

Тағдырмен бақыт үшін жағаластым,  
Әрине, кей күндері жаза бастым.  
Сыр – теңіз, тауысайын қайсыбірін,  
Сірә да оны түгел жаза алмаспын.

Жеткізбей сағымдай боп арман-алып,  
Өкінген сәттерім де болғаны анық.  
Десе де мен ешқашан мойымадым,  
Жасықтық деген, шіркін, жолда қалып!

1987

\* \* \*

Беу, ағайын, сезімді үғасың ба,  
Зейініңді бері бір бұрасың ба,  
Іште бүккен менің де сырым жетер,  
Балап қайтем, алайда, шын асылға.

Бажайларсың ол жағын халқым өзің,  
Қаным ыстық, оған жат салқын сезім.  
Адамдарға жайсам деп жүрегімді  
Үздігемін, қызулатап, жалын кезім!

Неде болса, сендерге айтарым бар,  
Жыр оқыын, келіндер, қайдасындар?  
Жанымға жат жалғандық, жансыз өлем,  
Іңкәр көңіл жай таппай айға асығар.

Ай дегенің – сұлулық, пәктік болар,  
Пәктік болса, өмірде шаттық болар.  
Балбыраған бебектей табиғат бұл,  
Қарап тұрсаң, бойыңа шабыт қонар.

О, адамзат, қайтеміз өршеленіп,  
Бұл қара жер қарудан теңселеді...  
Көңілдердің кіrbінді таусылар ма,  
Бағы жанған алаяқ белсенеді...

Өмір, өмір, болмай тұр оңай өмір,  
Күніне сан толғантар қалайда бір.  
Соның бәрін бұл жүрек көтерер ме,  
Буырқанып шықпаққа қалайды жыр.

Жыр құйылса, толғаймын жаным қалмай,  
Түйдек-түйдек ойлардан арыла алмай.  
Қуаныш та, қайғы да сыймайды ішке,  
Іркер болсам, жүрегім жарылардай...

1987

\* \* \*

Жалын шарпын тұрса да кеудемізден,  
Жасып, жүнжіп жүреміз кейде біз де.  
Жалғыз қалсақ жай таппай жалын жүрек,  
Жанға тағат таппаймыз бөлмемізден.

Шуақ іздең қашанда ізгі өмірден,  
Жаастығын жан тауып жаз көнілмен,  
Жаға жайлай жүреміз дос-жаранмен,  
Жалғыз қалсақ, күй кешіп өзге мұлдем,

(Жалғыз жүру асылы бұйырмаған,  
Жақын жансыз тіршілік қын маған).



Ғұмырыңды бір кешер тағдырлас бол,  
Бір-біріңе әманда сиыншы, Адам!

1987

\* \* \*

Маза жоқ, маза жоқ мына менде,  
Жанымды ұғар жан бар ма бұл өлемде?  
Сонда осынау тірлікке келгенімде,  
Жалғыз ғана сырласым жыр-өлең бе?

Көңілмен алып-ұшып өрекпіген,  
Топастың соқыр жанын көр еттім мен.  
Ақжарқын құшақ жайған адамдарға  
Қарадым ілтипатпен ерек мұлдем.

Кімнің болсын аңдасам арамдығын,  
Адамдық пейілінің сараңдығын,  
Сол сәттен сырт айналар шалт мінезім,  
Кім білген жеке-дара қалам бір күн?

Қалармын, қалмаспын да, кім біледі,  
Кім ұғар жаным кірсіз, мұңлы мені?  
Адамды алалап мен көрген емен,  
Кешпесім алаяқты шындық енді.

Амал не, жақын жан да ұға алмаса,  
Сыналар шақта ойымнан шыға алмаса,  
Мазалы болар қайдан жаным менің,  
Арманым сағым болып бұлаңдаса?..

1987

\* \* \*

Мұңым қайда, мұңым қайда, тәтті мұң?  
Тәтті мұңнан жалын жүрек татты мың.

Тұніменен тебірене жыр толғап,  
Тербеп ылғи тұрушы еді-ау пәктігім.

Мұңды болсам дей алмаймын жасыдым,  
Мұңды болсам, ой толғадым, тасыдым.  
Өлең құйып жүрегіме, нұр құйып,  
Ізгілікке баурап тұрды осы мұң.

Мұңым барда күңірендім, тербелдім,  
Мұңым менің, шабытыма жел бердің.  
Мұң дегенің асыл сезім екен ғой,  
Өмір-бақи енді оныңа шөлдермін.

Дейтүғын-ды маған достар «мұңайма»,  
(Мұңшыл жігіт өзгелерге ұнай ма?)  
Енді көзден бұл-бұл ұшқан тәтті мұң,  
Мұңсыз адам күрсіне ме, жылай ма?

Мұның өзі алабөтен дерт екен,  
Суық тартқан от жанаарым, өрт денем.  
Жүрегімде қалған тұнып мұңымды,  
Аялауға, әлдилеуге серт берем!

28.03.87

\* \* \*

Өзімді-өзім тұсінбейтін кезім көп,  
Көктеме-гүл салатындей сезімге от.  
Желік-көңіл бұғалыққа көнер ме,  
Жүрегімді жеңе алатын өзім жоқ!

Пыр-пыр ұшқан торғайдайын бейне бір,  
Тұнгі үйқыдан оятады кейде жыр...  
Неде болса тәтті өмірге тым ғашық –  
Алып-ұшып өрекпіген кеуде бұл!

1987



\* \* \*

Бой тоңазып, өлең жазып,  
Балқымын мен қиялда....  
Бәрін құшып, келем ұшып,  
Аңыз әлем-қиянға...

Аңсауым көп, шаршағым жоқ,  
Шақырады гүл-әмір,  
Ертеңге асық, мәңгі ғашық  
Өрекпиді жүрегім...

1987

\* \* \*

Бойымда бар қызбалық!  
Жалын өртпін!  
Бұл ғұмырдан келеді жанып өткім.  
Бықсыған бір шаладай жүргім келмес,  
Қызуындай қайнайды қаным оттың!  
Бұл ғұмырдан келеді жанып өткім.

Бұл мінезбен басымды тасқа үрдым да,  
Жанарымды жауындай жас қылдым да.  
Арман жолын ең биқ пірім тұттым,  
Өзімді-өзім қинадым(қас қылдым ба?)

Мәңгі музам санаған бұлақ әнін  
Нәзік едім, жаным бос, жылағам мың.  
Көргенімде тағдырдың жөнсіздігін,  
Намысымды қайрадым, шыдамадым...

Шыдамадым, кей кімге ұнамадым,  
Достарым да азайды, сұрамағын.  
Жөнсіздікті көргенде тұра алмадым...  
Таза менің адамдық бірақ арым.

Адал жанды шағым жоқ сатып кеткен,  
Шын достармен шынайы уақыт өткен.  
Бойымда бар қызбалық!  
Өршелендім,  
Жөнсіздікке жол бермеу – бақыт деп мен!

1987

\* \* \*

Кектемде бір ғанибет дала кезген,  
Құмарым қанға сіңген бала кезден.  
Боз жусан, боз топырақ исі қандай,  
Айналдым ботақаннан, танакөзден.

Жігітте арман деген көп тегінде,  
Бетіңен қыр самалы өпкенінде,  
Көсліліп көк майсаға аунасаң бір,  
Көңілдің аңсарына жеткенім де!...

1988

\* \* \*

Өмірдің даңғыл жолында  
Жігерің талай қайралар.  
Жанып бір тұрған жалынға  
Арманшыл өрен айналар.

Арманшыл өрен, өр, асқақ,  
Жанылған сайын жасымас.  
Алатауменен таласқан  
Қиял мен үміт басылmas.

Кернесе бойды от-дауыл,  
Аңсатпас кімге құс-қыран?  
Ортеніп тұрған шакта бұл  
Леп тисе, өршір жас үлан!

1988



\* \* \*

Жігіттердің бірімін мұңы басым,  
Жаным төге алмай жүр шұғыласын.  
Жалындаған кеудемнен жыр ұша алмай,  
Жүрек сұлық тартса егер, не қыласың?

Сүйреп талай ілгері ғашық ғұмыр,  
Толқын атып арманға асықтым бір.  
Тағдыр-теңіз төсінде өршеленіп,  
Аласұра айдындай тасыппын бұл.

Менің тұнық жанымды лайлаған  
Жерді басып жүр пасық талай адам.  
Сол адамдар шайқалтып пәк сезімді,  
Қатігездік сыйлаған қалай маған?!

Бір кездері баладай аңқау едім,  
Дүниені дариядай шайқап едім.  
Бүгіндері жоқ-барға өршіп кетем,  
Секілденіп ұрысқақ шайпау келін.

Сәл нәрсеге күйемін қызбаланып,  
Жарқын жаным күз тартып, сызданамын.  
Қайда менің бір кезгі шуақ кейпім,  
Айтшы, достым, неге мен ызгарландым?

24.08.88

\* \* \*

Айқайы көп,  
шуылсы көп дүние,  
Мың құбылып жүргенің сол күніге.  
Жарылардай болып кейде бақыттан,  
Кейде мәнсіз тірлігіңнен түңіле.

Қала жұрсөн, Дала болар аңсарың,  
 Даңда барсан, көзге іркілер қанша мұн.  
 Қала, Даңда – бәрі де бір тіршілік,  
 Гүмбыры емес мәңгі жасыл шыршаның.

Уақыт ағып, жылдар жылжып, көшіп бұлт,  
 Бара жатыр бір қиянға жосылтып.  
 Асыл қайда артымызға із қылар,  
 Оянсаңшы жанарымнан тосын жылт!..

22.09.88

\* \* \*

Даламмен бейне тай-құлын,  
 Ақырган асаяу айдыным,  
 Арқасын жанның қоздырар  
 Адуын, асқақ айбының.

Мұңайып келген шағымда,  
 Тербедің мені тағы да.  
 Қекірек кере бергенім,  
 «Теңізім бар деп бағыма».

Аспанға атып толқының,  
 Аласұра бір шалқыдың.  
 Өзіңдей болсам деп кеуде,  
 Өрекпіп жүрек, толқыдым.

Соға бер, толқын, сабалап,  
 Қалықтап аппақ шағала...  
 Шабыт бер, шалқар айдыным,  
 Өзіңнен өнген балаңа.

26.10.88



\* \* \*

Талқанмын...

Жұрегін неге жылаттым сүйген қалқамның?  
Қажытты осы тұрмыстың итір-қылжыңы,  
Онсыз да жүрсе жегідей жеумен арман-мұң...

Күйзелдім...

Келуін қара боздаған ағыс – күй-селдің.  
Алақаныма қалықтаң қонған аққуды  
Жасыттым неге,  
жартастай безер күйге ендім?

Быт-шытпын...

Жарыма неге  
жауымдай көріп қырсықтым?  
Ерке бір елік  
елеңдей қарап бейкүнә,  
Жанарын салса,  
жаралап жанын, күрсіннім?

Қояиын...

Кінәмді түгел жуып бір оған шаяиын.  
Арманым болып,  
арайлап атқан таңымды  
Аялап қолда,  
нәзік бір гүлдей аяиын,  
Корғаныш болып,  
құшағымды ыстық жаяиын...

26.10.88

\* \* \*

«Өмір сүргім келмейді, дедің, кейде»,  
Мендік жүрек бұл сөзге еңірей ме,  
Есім жиып, егіліп, емірендім,  
Жоғалтардай мәңгілік сені бейне...

Құлдығым ең бал күнгі құлын мүше,  
Бір өзіңе арналған жырым неше!  
Бұрын-соңды болмаған ғашықтардай –  
Махаббат боп маздал ек күні кеше!

Күні кеше біз балғын, балауса едік,  
Бірте-бірте дем басты алау неғып?  
Алып-ұшқан от көңіл аптығыпты,  
Жан суына берсе егер қалар сөніп.

Қалар сөніп...  
Қайғының қары жауар,  
Жазылмастай жараның табы қалар...  
Жылап өтер ғұмырдан жүрек байғұс,  
Жауымыздың сірә да бағы жанар.

Жо-жоқ, қалқам,  
Кеш мені,  
Келші бермен,  
Тірі тұрсаң, о дуниеге мен жібермен!  
Сен өмірдің өзісің тұнып тұрған,  
Тағдыр бізге бір ғұмыр енші берген,  
Келші, жаным, жайрандал, келші бермен!

15.11.88

\* \* \*

Сөйлемеймін суайттай мақтанып құр,  
Жыр толғасам сырымды ақтарып бір:  
Менің мына қеудемнен дауыл ұрып,  
Кекірегімде қып-қызыл от жанып тұр!

Кәдімгі от!  
Бір дүлей іште бүкқан,  
Бұл денемді қайтермін ыстық атқан!  
Ақша қармен ысқылап,  
қызуымды  
Басармын ба ұлпа алып қысқы бақтан.



Шағым туды,  
дер шағым,  
мазда, жаным,  
Шарпы өлемді, іркілмей жаз қаламым...  
Жалын-жүрек сыймастай жер-дүниеге,  
Ортен елең, жетеді аздаған мұн...

15.11.88

\* \* \*

Жаттандылық, жасықтық, жасандылық  
Жер бетінен жоғалар қашан құрып?  
Жанның бәрі жалындап, жігерленсе,  
Жіберер ме ек дүниені жасандырып?!

Өрен өрге үмтүлса өзегі өрт,  
Өз елінің өр мінез өрені бол,  
Көр көңілді кей кімдер күні кеше  
Қақпан құрып, тілдерін безеді кеп.

Откен сырын сезімтал сезер жүрек,  
Мұлги алмас тоңмойын безерді деп,  
Жалған ұран жамылған жарымесің  
Жүгіреді өркімнің көжегі бол.

Ақыл-ойы, ісі мен харекеті,  
Тұмшаланған түнекке өрекеті,  
Адамдардан қоғамды арашалап,  
Ән-ғұмырдың басталар әлеметі...

23.11.88

\* \* \*

Жүрек:  
Баста, мейлі, тағдырым, тау-тасыңа,  
Тасып ақсан дарияның арнасына,

Дауыл атқан жаныммен, жүргіммен  
Оқ жыланның кірермін ордасына.

Тигізсем деп халқыма қайырымды,  
Жиғым келмес тегінде айылымды.  
От-жалаңыңа келемін орауменен  
Жанарапан нұр тамған шайырымды.

Ақыл құйса аянбай Санам маған,  
Жан-жағыма жалтақтап, алаңдаман!  
Күн кешермін толқындай аласұрып,  
Жартасынды күні-түн сабалаған!..

Ми:

Менде жетік бәрі де, сөуелімін,  
Жеміс ағаш секілді мәуелімін.  
Шайқап алма арзымас тіршілікпен  
Асыл сырдың тұп-тұнық әлемімін.

Сүттей ұйып тұрса сол сұлу әлем,  
Қазынамды құямын жырыма мен.  
Әрт жүректің өшпейтін оты болса,  
Шығар шырқау биіктің шыңына өлең...

...Ми мен жүрек осылай сыр ағытты,  
Алдан арман елесі үлаңытты...  
Ми мен жүрек бір-бірін аяласып,  
Арғымақтың тізгінін шын ағытты...

28.12.88

\* \* \*

Не тындырдық осы өмірге келгенде,  
Іштей күйіп, боп жүреміз шерменде...



Көкіректегі күнсік ойдан арылып,  
Қашан жарып шығады екен өр кеуде?

Деген ойлар, халқым үшін не қылдым,  
От-намысын оятады бетімнің.  
Өртенемін, серпілемін, ширығып,  
Қаны қызып етімнің...

Туған дала, туған елім, мен ұлың,  
Ақтасам деп ұлы Ұақыттың сенімін,  
Түнгі үйқымнан журмін шошып оянып,  
Тіршіліктің күйбенцінен жерідім...

7.01.89

\* \* \*

Көп жайларды кеш ұқтық қой, бауырым,  
Бәріміз де ботасымыз ауылдың.  
Дүниеге келдік қарап жәудіреп,  
Пәк жанаармен – тамшысындай жауынның.

Мөлдіреген сол қарақат жанаарға  
Тартыс-тағдыр кейде кіrbің салар ма,  
Тұрмайды ұйып тамылжыған табиғат,  
Құбылады құлышы қөп адам да.

Заман көші жылдан-жылға алға асты,  
Қоғам кілті қолдан-қолға алмасты...  
Гарыш-ғасыр жайды көкке қанатын,  
Адам, шіркін, болдыруда болмасты.

Адам деген, адам деген ұлы есім,  
Өмір үшін аямады өз үлесін.  
Жер-жанаңды жаңғыртқан да адамдар,  
Тоқтатпастан дүниемен күресін.

Қыран құстай көңіл алыс самгайды,  
Кең даланы кезіп әбден шарлайды...  
Ес жиялық, ел болайық, ағайын,  
Етек қоспай, аспанды бұлт торлайды.

Көп нәрсені кеш үқтық қой, бауырым,  
Көп нәрседен кешіктік қой, бауырым.  
Құшақтасып, күн кешелік жымдасып,  
Бәріміз де ботасымыз ауылдың...

10.01.89

\* \* \*

Бұл күйіммен мені бір күн жын ұrap,  
Бұл күйімен ақын бір күн құтырап.  
Дауыл атқан ішкі жаным өлемін,  
Сірә да жан табылар ма ұғынар?

Оны айтасың, ұға алмай жүр жақын жан,  
Кім іздейді дәтке дәру ақыннан?  
Ел қатарлы жүрсе бүгін қалыпты,  
Ертеңгі күн жанартаудай атылған.

Жүрсе өзі дүниеге ойы алаң,  
Одан сырт та айналады кей адам.  
Тар секілді оған пақыр тірлігің,  
Ақын көзі қарайды ғой қиядан.

Ол жүреді дүниені тербетіп,  
Қиял құсын қияндарға серметіп.  
Ақын да бір шырылдаған балапан,  
Тағдыр оны жаратқан ғой ерке етіп.

О, бауырым, айтып, айтпай не керек,  
Ақындарды ауру жандар деме тек.



Кең даламен қанат қаққан бейкүнә  
Ол-дағы бір нәзік жүрек көбелек.

Қаралап сен жанын оның нетесін,  
Сүйкенсөң сөл жаралап-ақ кетесін.  
Дауылдардан алып шығар алып та Ол,  
Тағдырының толқын соққан кемесін.

Ақын жүрек әрі нәзік, әрі отты,  
Ол-дағы бір дерсің қыран қанатты.  
Ақын аңғырт болғанымен баладай,  
Арқалы да, өулиедей әруақты.

Көп жайларды салып көрсек ақылға,  
Титімдей де жазық болмас ақында.  
Үқпаганға ұнамауы мүмкін-ау  
Келмей жүрген кездерінде бабына.

Атым шықса демейді Ол өлемге,  
Жүрек сырын жайсам дейді Өлеңге.  
Ол жырлар ед сұлулықты тек қана,  
Кей пендeler түсірмесе көленжке.

Сондықтан да көзінде оның кіреуке,  
Өшпенделілік оты да бар реңде.  
Кінәмшілдеу жүрегі де жаралы,  
Жүзі де тым дімкәс жандай жүдеу ме?

Кім шыдамақ, міне, осынау мұң-күйге,  
Тағдыр өзі ақыныңды сілки ме?  
Беу, дүние, қара тастай безерген,  
Жынданардай боп жүреміз бұл күнде.

Қалай ие болам жүрек шіркінгे,  
Басады да тұрады ләйім дүрсілге.  
Әкем айтты: «Өзіңе, ұлым, бол мығым,  
Жаныңменен жылама да, күрсінбе».

«Қайғыға да қара, деді Ол, сабырмен,  
Өзді-өзінді тізгіндей біл ақылмен.  
Әке сөзін құп алсам да іштейін,  
Қалай жартас болмақшымын жалын мен?!»

«Жоқ! – дедім де, еңсемді тік көтердім,  
Бұл әмірден осы күйде өтермін,  
Мұңланармын, жылармын да, күлермін,  
Кім біліпті, жынданып та кетермін...»

Соғыс көрген кәрлі көзі әкемнің  
Өз сөзіне тұратындағы бекем тым.  
Деді тағы: абай болшы, асыл ұл,  
Бұл тірлікті, жынданып та кетермін...

Одан сайын қызып кетті от денем,  
Мейлі, қатер, кезі келсе өртенем,  
Дедім күйіп, күресемін бәрімен,  
Қаталмын да, дүниеге ерке мен.

Шашып тұрса алтын шапақ шуақ күн,  
Жаным – арай, жаз әмірді қуанттым.  
Жүзін көрсем жарқын көңіл жандардың,  
Мәлдірлігі билер мені бұлақтың.

Жаны жайсаң жанға жайып жақұт-сыр,  
Бүкіл ішкі өлемімді ағыттым...  
Жанымды ұғар жанды көрсем сезінем –  
Балдай дәмін дүниедегі бақыттың.

О, қайран дос, айқара ашық құшағың,  
Саған қарай қиялыммен ұшамын.  
Келші бермен, жанымды ұққан азамат,  
Тарқат шерін ішімдегі ызының.

Бұл күйімде мені бір күн жын ұrap,  
Бұл күйінде Ақын бір күн құтырап.



Осы күйде Ақын мәңгі өте ме,  
Жайым жоқ еш неде болса бұғынар.

Жағдайым не тышқаншылап тығылар,  
Бұқсаң төмен, бықсық жандар сұғынар.  
Мен өлмеспін топасынды түйремей,  
Халқым ақыр жан сырымды ұғынар.

Жұрты ұқпай талай ақын өткен ғой,  
Жұрты ұқпай көбі қайғы шеккен ғой.  
Дүниеге қарай алмай безеріп,  
Талай ақын отша жаңып кеткен ғой...

Талай ақын  
мұратына діттеген  
жете алмай,  
душар жайға күтпеген...  
Айтқан олар айтатұғын жерінде,  
Арамзадай ішке пиғыл бүкпеген...

Кейде мен де шырай берсем қатулы,  
Кей алаяқ күйеледі атымды.  
Туган сайын заман оңдан жарқырап,  
Ұгады ғой ақ жүректі ақынды.

Сенем бұған, сөзімнің бар негізі,  
Нағыз ақын – мәңгіліктің егізі.  
Ақын деген жартасты үрған сабалап,  
Табиғаттың асау толқын-теңізі!..

12.01.89

\* \* \*

Жел-ай!  
Қобыздың әуезі ме ең,  
Құлағымды түремін елегзумен.

Жайбарақат тіршілік кешу қынын,  
Желпінтеңің жанымды мінезіңмен.

Алақұйын күйдемін,  
Тұлабойды сиқырыңмен биледің.  
Кім біліпті, ғасырлармен жалғасқан  
Боздаған бір күй ме едің?

Дауылым-ай!  
Дамыл тапсам,  
мен де бір аурудай  
Дүниеден жерінің кетерім бар,  
Еліктірдің сен туған бауырымдай.

Өмір де – жел,  
жансызда тыныш тірлік,  
(Жан бағумен біраз күн тыныс қылдық).  
Бұрқанатын, азамат, шағың осы,  
Бас бұқпайық тұрғанда ұлы іс күтіп!

*27.01.89*

\* \* \*

Қайран, досым, жүргегің ақын екен,  
Содан біздің жанымыз жақын екен.  
Көлбендейді нұр жүзің көз алдымда,  
Сағыныш та құдірет сағым-әлем.

Сол сағыммен кейде мен жүзіп кетем,  
Кездескендей өзіңмен қызып кетем...  
Жан сырынды жаятын досың болмай,  
Өмір өзі, бауырым, қызық па екен?

Ауасымен тыныстап Ақтөбенің,  
Ауылышынан аттандың от-беренім.  
Кеткениң жоқ қамымен қара бастың,  
Жөн-жосықсыз келмейді өкпелегім.



Мақсатымнан келмейді менің тайғым,  
Алға сүйреп барады өмір-айдын.  
Соғысып кеп жатқандай Каспийінде  
Шарпысады толқындар небір жойқын.

Сен жазыпсың хатында сезім жайлы,  
Сен жазыпсың хатында өзің жайлы.  
Сезімі жоқ адамнан қорқамын мен,  
Мұндай хаттар бекерге жазылмайды.

Көкірегінде өзіңнің інкәрлік бар,  
Жүргегің бар, жаның бар жырға құмар.  
Жыр дегенің – пәктік пен тазалық қой,  
Сенің ішкі өлемің – бұлағың бал.

Мойындашы, қараши тура маған,  
Көп пе өмірде жаныңды ұғар адам?  
Менің өзім жай таппай бұл қаладан,  
Анау жатқан айдындей тулап алам...

Біз тілекші бақытың, бағың үшін,  
Бір бойыңа жетеді жалын-күшің.  
Ыстық, білем, қаның да, намысың да,  
Бір кісідей, білемін, дарындысың.

Еселейік ендеشه арынды шын,  
Қуат алыш сазынан сағыныштың.  
Күн де келер қауышар, қапаланба,  
Жүрген жоқсың о жақта жаның үшін.

От-жанарың елестеп сенің үшқын,  
Кеп кетеді кей күні менің де үшқым...  
Саған қарай ақ қанат самолетпен,  
Салмағы ауыр боп тұр тек тегі қыстың.

Осы, достым, біздегі жүрек деген,  
Ойсыз, қамсыз, сірө, бір күн өтпеген.  
Арманымның жолында аласұрып,  
Өзіңдейін достарды тірек көрем.

Сен өмірді сүйесің, пәк көңілді,  
Иектеген жалғызың шақта мұңды:  
Ұл-қызыңа, жарыңа, достарыңа  
Бората бер сыр толы хаттарыңды...

28.01.89

\* \* \*

Жарасады әйелге  
самал желге өптіріп,  
Ерке елікше елтіп бір  
еліктірер пәк қылық.  
Ерін сүйсе ес танып,  
махаббаттан масайып,  
Жанарында бақыттың  
алауындай от тұнып!

Жарасады әйелге  
Күн көзіндей күлу де,  
Жатса бұлақ сылдыры  
сыңғылаған үнінде.  
Сөйлегені ұқсаса  
жас сәбидің тіліне,  
Мейірімі төгілсе  
жылу есіп түрінде.

Жарасады әйелге  
жанға шуақ іздесе,  
Сүйгенінен ғұмыры  
ішкі үмітін үзбесе,  
Болам деген жігіттің  
болмашы бір қылығын



Әшкере ғып өзгеге  
жұрт алдында тізбесе.

Жарасады әйелге  
қашып аулақ ұрыстан,  
Үй ішінде, тірлікте  
татулыққа тырысқан.  
Әйелдердің бақыты –  
жанұяның бақыты,  
Әйел таба ала ма  
шын бақытты жұмыстан?

Айта алмаймын іркіліп  
бұл сұраққа жауап мен,  
Дей алмаймын әйелде  
еркектерден сауат кем.  
Бірақ, әйел – әйел ғой,  
әйел деген – ана ғой,  
Қарай алман оларға  
ерге қояр талаппен.

Жұмыс, жұмыс, айтыңшы,  
ал үрпақтың ертеңі,  
Саулығы мен бақыты,  
ғұмырының көркемі:  
Әйел-ана сіңірген  
махаббаттан құралса,  
Әйел-ана сіңірген  
шапағатттан құралса,  
Сол өмірің – ертегі.

Гүл-гүл жайнап өтсе деп  
нұрын шашқан бұл өмір,  
Құлпырады өзі де  
секілденіп лала гүл.  
Жарасады-ау әйелге  
жайраң қағып жүргені,

Қызығалдақтан осындай  
жайнап тұған дала, қыр!

Жарасады әйелге  
кең пейілді болғаны,  
Жабықпайды ол сонда,  
орындалып арманы.  
Жазған менің жырымның  
кілтін үқса қыз-қауым,  
Басына бақ қонғаны.

31.01.89

\* \* \*

Жүрсөң сүйген жүргегің  
нар маядай иіп бір,  
Мен өзіңе боламын  
жан-тәніммен сүйіп құл.  
Жанымызбен жарасып,  
тағдырымыз қосқанда,  
Жолығады дедік пе  
екеумізге күйік бұл.

Әйел жаны – өулие,  
ер деген де тас емес,  
Үлбіресе гүл-жүрек,  
көңіл қалай босамас?  
Үлпілдеген сезімді  
үкілей біз алмасақ,  
Алтын таңдай әлемнің  
ғұмыры ұзак жасамас.

Бұл әлемді баласақ  
теңіздегі кемеге,  
Капитаны кім екен?..  
Іркілемін мен неге?



Ер басыммен...  
жо-жо-жоқ.  
билиеушім бол сен ізгі,  
Ақылды бол,  
арлы бол,  
алау жақ өр кеудеме.

Күннің нұрын құйып ап  
бұлт шалмайтын бейнеңе,  
Жан жарыңа сен мәңгі,  
оны ешқашан жау деме.  
Біз келеміз, жарығым,  
ұлы өмірдің көшінде,  
Жарға жықпас тегінде  
жас жұбайды әлдене!

Ұзақ-сонар тіршілік...  
не жолықпас пендеге,  
Бұлқан-талқан болмайық  
ашу түйіп әрнеге,  
«Сен – капитан» дедім ғой,  
басқара біл ендеشه,  
Майда тілмен тербей біл,  
өктемсіп құр терлеме.

Әйел жаны жұқа тым,  
жұмсақ болған жарасар,  
Күн шуағы секілді  
жарқыраса ана, жар,  
Дүниенің тұманы  
тозаңынан сейіліп,  
Жүректер де жазылар  
болған небір жарадар.

Әйел-ана емші ғой  
тіршіліктің бәріне,  
Сусындаған бар адам  
махаббаттың нәріне,

Соныменен жеңеді ол  
қатігездік дегенді,  
Бір ғаламат сиқыр бар  
жаны менен тәнінде.

Сен де, жаным, сол күйің  
жанды баурап, бағындыр,  
Жүргегінен төгілсін  
өмір сүйген жалын-жыр,  
Құдіретің сол болсын,  
махаббатың зор болсын,  
Көзің тайса сәл ғана  
тағат бермей сағындыр.

Сонда саған бас иіп,  
біз де күшке енерміз,  
Буырқанып қан тамыр,  
оттай жанар денеміз,  
Махаббатқа ұйыған  
ғұмыр-дария төсінде  
Толқындардан тайсалмай  
өрге жүзер кемеміз!

7.02.89

\* \* \*

Ұлы өмірге ынтыққан  
қайнар бұлақ секілді:  
Тұнық әрі мәп-мәлдір,  
Теңіздейін көл-көсір –  
Жан-тәніммен сүйемін мен сезімді.

Сезім, төгіл, жаным, егіл бақыттан,  
Қандай ғажап тасқыныңды ағытқан...  
Бұл дүниені кетермін бе ұмытып,  
Сел сезімге алса баурап жақұт жан?



Бал ғұмырдың сезіп сонда шырынын,  
Ақтарылар ақ теңізі сырымның...  
Осы болар тірліктең бір бақыт,  
Менің өзім мөлдірліктің құлымын.

Мен құлымын сұлулықтың, пәктіктің,  
Жан шуағы, жан мейірі, тәттіліктің.  
Мәңгілікке пірім менің – махабbat,  
Сол сезіммен сездім рухын шаттықтың.

Рухым да, жыр-әнім де, ұраным,  
Бұл – өмірлік махаббатым, мұратым.  
Сезгендеймін дүниенің бесігі –  
Сол сезіммен тербетіліп тұрарын...

7.02.89

\* \* \*

Көз алдымда...  
түннің тіліп пердесін  
Қыран құстай бір жұлдыз ағып өтті...  
Жалт етті де, жарқ етіп жанып кетті...  
Жүргіме өрт-сәуле жағып кетті...

Неге, дедім, жарық жұлдыз, неге өштің,  
Тағдырыңмен неге ғана егестің?..  
Тұн қойнынан естілердей бір жауап:  
«Түсін, достым, мен бақытсыз емеспін.

Арпалысы аз деймісің аспанның,  
Жұлдыз көп деп, келмес менің жасқанғым.  
Жалғыз ғұмыр,  
жанып өтем керексе,  
Көк жүзіне қадалғанша бостан құр...

Сөл де болса жарығымды төгіп нұр,  
Жарқыратып түн қойнауын сөгіп бір,  
Десін мынау табиғаттың әлемі –  
Бір шамшырақ жүректерге от жағып жүр...»

Сол бір жұлдыз  
сол жетеді дегендей,  
Мен қапалы қүй кешемін елеңдей.  
Дей беремін: «Ағып тұскен жұлдыздар,  
Сендер қалмақ емессіңдер елеңбей».

Дедім-дағы, көк жүзіне көз салдым,  
Жыптырлаған мың-сан жұлдыз...  
қозғалдым...  
Жылт еткеннің бәрі жұлдыз болып па,  
Жұлдызың сол – жанар болса маздалап кім?!

Осы ойға табан тіреп, беркіндім:  
Шолпан болып тумасаң да, өртіңің  
От-жалынын құйған жақсы-ау өмірге,  
Жан-дүниесіне алау жағып кей-кімнің...

Бәлкім, көкте айқын жарқыл қағарсың,  
Тұғырыңда мәңгі солай қаларсың...  
Бәлкім, тылсым алмағайып әлемнен  
Шын мәнінде жұлдыз болып ағарсың...

Көз алдымда...  
түннің тіліп пердесін  
Қыран құстай бір жұлдыз ағып өтті...  
Жалт етті де, жарқ етіп, жанып кетті,  
Жүрегіме өрт-сөуле жағып кетті...

24.02.89

\* \* \*

Болғасын маған демалыс,  
Мен кеттім, қалдың сен алыс.



Қимастық билеп бойымды,  
Көмейде жүзді бір ағыс.

Жас па екен ыстық іркілген?  
Барамын босап біртүрлі...  
Қол бұлғап қалған, қалқам-ай,  
өткізем қалай бұл түнді?

Атқанша таңым арайлап,  
Жатармын, сірә, сені ойлап.  
Елестей берші, еркем-ай,  
Жүзінде жарқын нұр ойнап.

24.02.89

\* \* \*

Білмеймін...  
бұлақпын ба, құр атпын ба,  
Білмеймін...  
биікпін бе, қыратпын ба?  
Білмеймін...  
жүдеу көніл, жүдеу өңім,  
Жүрек пе,  
кім біліпті, ракпын ба?

Білмеймін...  
бұл өмірде босқа жүрмін,  
Білмеймін...  
тиді пайдам досқа бір құн?  
Білмеймін...  
бар бақыттың иесімін,  
Жоқ, әлде ол  
астында ма басқа қырдың?

Білмеймін...  
Кіммін өзі?  
Неткен жанмын?

Білмеймін...  
 Күзбін бе әлде,  
 көктемгі әнмін?  
 Білмеймін...  
 мен бейшара бала көңіл,  
 Жоқ, әлде  
 тұмысынан өктем жанмын?

Білмеймін...  
 Менің осы  
 не бітірдім?  
 Көзіме шындығынды айт тегі, құрбым.  
 Ел үшін іс қылдым ба азын-аулақ,  
 Жоқ, әлде, күйбең күйге тоғытылдым?

Білмеймін...  
 Кіммін осы?  
 Адаммын ба,  
 Білмеймін...  
 бұза-жарды  
 лаңмын ба?  
 Беу, досым, білсең айтшы,  
 тура қарап,  
 Мен осы  
 Қарғамын ба,  
 Қыранмын ба?

Өзімді өзім жырлап не қыламын,  
 Айт, досым, дегеніңе бағынамын.  
 Туған ел, сеніміңді артсаң маған,  
 Қаным – от, шырағың боп жағыламын.

Шарқ ұрған оянса деп атырабым,  
 Білемін,  
 бойымда бар батыл арын.  
 Сен егер сеніміңді артсаң, халқым,  
 Сен үшін мейлі өртенем, атыламын.



Өткенде кеткен аз ба ақыларың,  
Шақ емес соған өксіп «аһ» үратын.  
Тағдырдың салған жара, таңбаларын  
Күреспен емдемекке шақырамын.

Білемін, қаным – тасқын, мен – осыны,  
Халықпаз көрген небір көресіні.  
Тілім де кесілуге шақ қалды ғой,  
Қор болып қасиетті жер бесігі.

Білемін, менің де аздап білерім бар,  
Ел десе, жанар маздал жүрегім бар.  
Туған жұрт қия-көкке самғаса деп,  
Бірі боп көп қазақтың жүрерім бар.

Жүргенде тымырсық та, бықсық та емен,  
Туған жер десе қан боп ыршып кетем.  
Далиған даламның кең төл ұлымын,  
Кім білген, көктер ертең бүршік пе екем?

Оны өзің пайымдарсың дана-далам,  
Жуасқа ұқсатпағын жарамаған.  
Кім білген шабысым бар тұлпардайын,  
Маржанын өлең-сөздің саралаған.

Келген-ді бір айыбым қаным таспай,  
Сүрғылттау дүние өткен бағымды ашпай.  
Фарышқа енді тұра жол салармын,  
Тауды да қопаратын жалын жастай.

Сөзімді тек, ағайын, дақпырт деме,  
Аңсайды жойқын ағыс албырт дене.  
Тәуекел!  
Халқым үшін  
Дарияға  
Жүзетін мен болайын бір құт кеме!..

\* \* \*

Ей, Адам, бір-біріне сүйіп қара,  
Жақтырмау – жанға біткен күйік, жара.  
Жаныңда болмаса егер дос-жараның,  
Шыңдарға шырқамассың биік, дара.

Бауырым, міне солай, мұны ұғып па ең,  
Сұр өмір махаббатпен, жылдылықпен.  
Білсекіз жанын болсын аямаған –  
Халықтың қамын ойлап ұлы біткен.

8.11.89

\* \* \*

Дауыл жүрек  
дауа таппай,  
Жұнжіп, жүдеп,  
аяу жақпай  
қысқы күндей түнердім.

Жанды ұқты кім,  
бар не шара?  
Мен – мықтымын,  
Мен – бейшара!  
Жылармын ба,  
Құлермін?..

8.11.89

\* \* \*

Болмайды ақыныңың кейде күйі,  
Көңілім азынайды желдей жиі.

Біртүрлі күндіренген сәттерімде,  
Налыған жолдар тізем дәптеріме.



Серіпсем де тұман селін кейінірек,  
Жүремін сарғаюға бейімірек.

Осы күй, бәлкім, мендік мұза ма екен,  
Жүректе жұрсің неғып азалы өлең?

8.11.89

\* \* \*

Кейде менің жүрегім  
Ауыр тартып қыжынар.  
Кейде менің нұр-өңім  
Бұлтты құндей бұзылар.

Кейде менің көздерім  
Мұң көліне бөгер ме?  
Кейде менің сөздерім  
Ағыл-тегіл қелер ме!..

8.11.89

\* \* \*

Болса да шағың нағыз жанып тұрап,  
Ырду мен дырду мәнсіз жалықтырар.  
Босқа өткен құндер ішті өрттей жалап,  
Күрсінтер, өкіндірер, қамықтырар.

Үзатпай есің жисаң, бұ да тәуір,  
Сосын кеп бассаң қамшы құлаға бір.  
Уақыттың қалмай үшқыр арынынан,  
Ей, Адам, үрпағыңа мұра қалдыр.

8.11.89

\* \* \*

Таң атады, күн батады өз хақынша,  
Барады өтіп қыс дегенің уақытша.

Тереземнен тәгіледі көктем-нұр,  
Самал желпіп, толқыған бір ақынша.

Тамаша ғой айналайын табиғат!  
Қатып қалған бір мінезге жаны жат.  
Көңілдегі кіrbің тоңын ерітсе,  
Күндей күлер Адам атты перизат!

8.11.89

\* \* \*

Бәлкім, жұртым деп ойлар ма қыңыр тым,  
Бұл өмірдің кей жайынан түңілдім.  
Пысқырмадым пәтуасыз тірлікке,  
Жұғысқанға жұдырық бол жұмылдым.

Дарынсызға билік бітсе не шара,  
Даңғазамен күн кешеді бейшара.  
Парықсызды жеңе алмассың дауласып,  
Пысық келер ондайға ол біршама.

Не болса да күндер өтіп елеусіз,  
Өзімізді өрге сүйреп келеміз.  
Тұған жерім, жатыр елеп ел-жұртым,  
Әруақты даламменен мен егіз,  
Күйіп-жанар оттай ыстық денеміз!..

20.05.89

\* \* \*

Қызыбалық қып қайтеміз,  
Заман күшке еніп тұр,  
Сабыр қылсақ не етеміз,  
Сондай ой да женіп жүр.

Астарлауға үйренген  
Аңдысады көп халық.



Аңдамай бір сүйкенсең,  
Аластар ма топтанып.

Қызып тұрған мартендей  
Осы өмірге қарап сақ,  
Күйіп, жанып, өртенбей,  
Не қылады жүре алсақ?

Ішкі дауыл шыдамай,  
Жақпай күйбен тірлігі,  
Қалса кей жай ұнамай,  
Жарылар ма бір күні?!

20.05.89

\* \* \*

Ай туыпты аспанда...  
дала тымық,  
Бал кейпіне қараймын бала қылық.  
Бұла күнгі пәктіктің табын сездім  
Жанарыңнан жылты мол, қара, тұнық.

Қарай бердім жүзіңе, қарай бердім,  
Көктегі айдай сен неткен арайлы едің!  
Қаңқылдаған қазым-ау – бауырымдай,  
Жарты жаным болғансың қалай менің.

Қалай біздер кеткенбіз жақын тартып,  
Сейілгендей көздегі сағым барлық.  
Жанымызben ұғысқан сайын дәйім  
Шабыттанып, тасимын, бағым да артып.

Қараймын да пәк, елік келбетіңе,  
Берем сертім өзінді ерке етуге.  
Бозбала шақ қайта кеп оралғандай,  
Мені тәтті сезімдер тербетуде...

22.05.89

\* \* \*

Сөйлейді деп ойлама ала-құла,  
Жан сырымды жаймап па ем баяғыда.  
Жалт етіп бір көргеннен байыз таппай,  
Жанұшыра асыққан Баянына:

Қозы Қәрпеш секілді ғашық-аңыз,  
Өліп-өшіп өзіңе асыққанбыз.  
Сенсіз басып жүрмestей жердің бетін,  
Жүректегі сезімге бас үрганбыз.

Құрсінsek те жас күнде күйіп талай,  
Жыр толғағам түн бойы үйықтамай.  
Өмірдегі санаған егізіме  
«Хош» демекпін көзім бір қиып қалай?

Сүйген жүрек жүре алмас толқын аттай,  
Маздаған ем сөнбейтін мәңгі оттай.  
Махаббаттың осынау құдіретін –  
Сақтап келем жебеушім – жанды рухтай!

23.05.89

\* \* \*

Күз, мұңлымын...  
Көктем, жаз өткен алмастан мұлде бір тыным.  
Арманның жолы алданып арзан тірлікпен,  
Жүріппіз ойсыз құрбаны болып күлкінің.

Күлкі де керім, қуаныш, қызық – бәрі де,  
Құрделі мынау өмірдің солар мәні де.  
Қаншама әсем болса да шаттық шақтарым,  
Бақыттым менің жатқандай тұнып әріде.

Іркіліп іште жанымның жакұт жұмбағы,  
Ашылмай өлі келеді асыл сырлары.



Арманшыл емес, сауықшыл болып барамын,  
Тағдырдың басқа салғаны ма екен бұл-дағы?

Өр мінез жан ем өзіме-өзім қатал тым,  
Соңғы бір кездे таусылmas тойға маталдым.  
Ақындық атым алдымен енді айтылмай,  
Той десе бөсер асаба жігіт атандым.

Құдай, хош, мейлі, болса да, шүкір, безер тіл,  
Тірлікten мынау мен қашан енді безермін?  
Жолбарыс сыңды жұмыссыз жортқан азулы  
Арысқа бұл да артқан бір жүгі кезеңнің.

Таусылды дәтім, бейшара ақын күйреп жүр,  
Тағатсыз уақыт, тақуа тірлік билеп жүр.  
Аржақтан ағыл-тегіл боп төгер ақ жауын,  
Ақпа да төкпе, күмбірлі күміс күй кеп жүр...

Сауық та өтер, қоярмын бір күн нүктесін,  
Мазасыз мынау даңғаза жайттан шықты есім.  
Мағыналы ғұмыр секілді емес бос дырду,  
Менің ғой өзім бағымды бұдан күтпеспін.

Алдымда айдын жолым бар сара сайраған,  
Жүректе өрт бар жігерді жанып қайраған.  
Жылтырға құмар жылпосың мұлде мен емес,  
Үғады терең жаныма нәзік бойлаған.

Жалықтым мұлде, үлде мен бұлде, тойдан бұл,  
Тағармын тағат төгілмей қалай бойдан жыр?!

Сауық пен сайран өршітсе-дағы желікті,  
Арманның мұңы сейілер емес бойдан бір.

Серпілгім келіп дәл бүгін, міне, ес жидым,  
Келмейді тіпті өткенге бола жас құйғым.  
Жүрегім менің балқитын тәтті сезімнен  
Күйіне көшкен аранын ашқан қасқырдың.

Жайым жоқ мұлде мұң шағып жанға өкпелер,  
Жайым жоқ мұлде кімге де болса кектенер.  
Тек қана өзім өзімді қайрап сілкініп,  
Келіпті шағым арманым үшін серт берер!

13.09.89

\* \* \*

Өмірді өлшеймін мен өз бағаммен,  
Адамнан жылы-жылы сөз бағам мен.  
Әлдекім тасыр мінез танытса егер,  
Әруақты бабамдай боп қозғалам мен.

Ұғысқан жандарменен ашық кетем,  
Көңілдің от-жылуын шашып кетем.  
Ізгі бір сезімімен тілдескенді  
Кіршікіз пейіліме ғашық етем.

Ешкімнің ермесем де жетегіне,  
Достармен шыңдарды асып кетемін де!  
Өмірді өле сүйген өрен едім,  
Пәниден патша-құймен өтемін де!

Өзімді тар ортада қор санаймын,  
Топасқа ашылуды ар санаймын.  
Жанымның тылсымдарын ұға алмайтын  
Жандарға жұғыспауды жөн санаймын.

8.11.89

\* \* \*

Тұла бой еріп отыр, балқып отыр,  
Көңілім кең даламдай шалқып отыр.  
Айдыннан қалқып үшқан аққудайын  
Дүниеге құштарлығым артып отыр.



Сезіммен балбыраса жаны-тәнім,  
Мен ләйім шабыттымын, бабымдамын.  
Жүректен құйыллады өлең-ағыс,  
Тулатып өр толқынды қанымда тың.

Тасимын, өрекпимін, өршеленем,  
Аумаймын дариядағы өр кемеден.  
Осылай алай-дүлей болғанымда,  
Үшады жасын-жырлар бұл кеудеден...

8.11.89

\* \* \*

Ештеңенің қызығы жоқ кейде осы,  
Сор секілді жалғыздықтың бөлмесі.  
Ұлы мұрат өмірдегі – жар, балаң,  
Жырақ шықса, ойдан кетпес бейнесі.

Мұндайда пәс өр Фалымның кеудесі,  
Сейілмейді селкеу мұңның пердесі.  
Осы дүние көрінеді тамұқтай  
Үйдің болмай елігі мен еркесі.

Бұл пікірім сөлекет пе, тұзу ме?  
Жаралған бір жанмын өзім сезімге,  
Бар бақыттым тұнып бейне жатқандай  
Сол жандардың алтын нұрдай жүзінде...

8.11.89

\* \* \*

Жаны егіз жандарға жаным асық,  
Жарқын жүздің бәріне Фалым ғашық.  
Көңіл кірі шайылар, жағаң жайлай,  
Жаз көңілді жандармен жақындасты.

Мерейің де өседі осындайда,  
Өмір бір-ақ берілер,  
осыны ойла.  
Жуып кетсе жаның бауырындей  
Жылу құяр жүректен досың бойға.

Сыйласқанға не жетсін міне осылай,  
Қатқанша іште шер-шемен сыр ашылмай.  
Менің өзім сүйем кей жігіттерді,  
Жырға қосып өзімше Расулдай!

8.11.89

\* \* \*

О, тылсым тұн, тылсым тұн,  
Ұқсайсың неге ұрыға?  
Ұйқы боп мені торыма.  
Жүректен жырым арнайын  
Төркіндең кеткен жарыма.

О, тылсым тұн, тылсым тұн,  
Мәңгілік жырсың сен де аңыз,  
Сұлу бір қызың ең нағыз.  
Сылқымсып айың құледі,  
Көз қысқан жүлдыз – ол да қыз.

Өңшең бір пері кілең қыз,  
Сиқырлы жұмбақ, білеміз.  
Тылсым тұн, сенсіз жоқ қызық,  
Түненіз, күнде түненіз...

8.11.89

\* \* \*

Кей тұні алыссам да жүрегіммен,  
Мен өзім қорықастаймын қу өлімнен.



Корқамын  
қуарып тек қала ма деп,  
Айрылса қос өскінім тірегінен.

Бұл менің жігерімді жанып берер,  
Бұла күш тұлабойға дарып келер.  
Сезем де өмірімнің құнын сонда,  
Айығып құлан таза, шауып кетем.

Осы екен өзін адам жеңу деген,  
Тәубаға жүрек басып келу деген.  
Балаңның бақыты үшін, ағайындар,  
Алыспай болмайды екен өлімменен.

8.11.89

\* \* \*

**Махаббат!**  
Онсыз да кептер көңлімді  
самғатып алып барасың,  
Шабытты ұлдың қиялы  
шарлайды қазақ даласын.  
Баянды ғұмыр сұрсек деп  
талпынсақ уыз сезіммен,  
Қолдар деп әруақ сенемін  
өзінен өнгөн баласын.

**Махаббат!**  
Өмірде біздер ту еттік,  
өзіңдей ұлы киені,  
Сенімен жүрек жасарып,  
жасайды ғұмыр жүйелі.  
Махаббат десе балқырдай  
сиқырлы мынау жан-әлем,  
Ағылып сөздің тиегі.

Махаббат!  
Онсыз да өжет құлыңа  
қиялдың құсын қондырып,  
Көтеріп көкке барасың  
жүректің отын жандырып.  
Өзіңдей асыл өулием  
қорғаным болып жүрсе егер,  
Жырым да, мен де, жаным да –  
жасаймыз ғұмыр мәңгілік.

14.11.89

\* \* \*

Сен жүрсөң жанымда,  
Арман не Ғалымда?  
Өзіңсің өлең-жүрегім,  
Арым да, таңым, бағым да.

Сен барда көңілді,  
Нұр билер өңімді.  
Сүремін мәнді, сенімді  
Осынау ұлы өмірді.

Сенімен батырмын,  
Сенімен ақынмын.  
Серігі мәңгі болайық  
Сел сезім менен ақылдың.

Шалт көңіл «шарт» етпе,  
Сап, сабыр, қатты кетпе.  
Аяла асыл ғашығың,  
Үқсатып балғын бөбекке.

Жатқан бір бейне жергекте,  
Оны да өбекте.  
Шайқалса туған жан ұян,  
Өмірің мынау керек пе?!



Жұп болып жарасқан  
Ғұмырың тамаша.  
Өтейік біз одан  
Пәк жүрек балаша.

14.11.89

\* \* \*

Қарашаның желінен жерідім мен,  
Жер-дүниені айырған көркінен.  
Жапырағы тоналған қайың-талдар  
Олшенеді десенші дерті немен?

\* \* \*

Қашан қар жауады жапалақтап,  
Әлем қандай мамықтай әппақ, әппақ?  
Кіршігі жоқ аңсаумен ақ үлпекті  
Телміремін далага мен алақтап.

\* \* \*

Өмірдің өтуі де қас-қағым бұл,  
Кей күні сағынтасты достарың бір.  
Күншуақ көктем-жазды күні кеше,  
Ал бүгін сазарумен аспаның тұр...

\* \* \*

Кейде бір болғандаймын мұңға зәру,  
Кейде бір болғандаймын жырға зәру.  
Зәру боп жүрсем шөлден ештеңе емес,  
Болмасам қайтер едім дымға зәру?!

\* \* \*

Көңілің хош болса өмір – айдын болар,  
Пәс тартсан, жүргегіңде қайғың болар.

Не болсын, тағдырыңа бой ұсынба,  
Күрессең, жоғыңың да орны толар.

\* \* \*

Жылаумен о, бауырым, күн өткізбе,  
Көңіліце қара түнді түнеткізбе.  
Тағдырдың салғанына мойынсұнба,  
Берілген лаулау үшін жүрек бізге!

14.11.89

\* \* \*

Аумаған сапырылыс айдын өмір,  
Кезігер қуаныш та, қайғы да бұл.  
Тулатпай қояды ма жүрегінді  
Тасырлап аласұрған толқын көңіл.

Біресе жартасты да төпелейсің,  
Бұрқанған тасқыныңа көмердейсің.  
Бірауық кеше алмасаң қалыпты күй,  
Несіне Жаратқанға өкпелейсің?

Басылып қалар болса асau арын,  
Пендей тіршіліктे пәс-ау халің.  
Айныма адуын сол ағысынан,  
Алышқан арман үшін асыл дарын.

29.04.90

\* \* \*

Айтпа маған астамсыған мықтыңды,  
Дей алмаймын онысымен ықтырды.  
Беті күліп, іші жылып жасанды,  
Жүретүғын мың құбылып біртүрлі.



Айтпа маған ондай-ондай менменді,  
Ешкім менің тұсіре алмас еңсемді.  
Елден өзін ерек санаар көкірек,  
Барып тұрган нағыз шала белсенді.

Айтпа маған ондай жанды жынысқы,  
Жынысқыны көрсем маңдай тырысты.  
Жандайшаптық, жағымпаздық – жат мінез,  
Құбылғанша жер қапқаның дұрыс-ты.

Мен адамды адам қалпы көремін,  
Адамшылық ең асыл іс дер едім.  
Ақымақтар көңілінді жер етер,  
Адал жандар – бұл өмірде сенерім.

Өмірімнің өлеңі де, әні де,  
Өзегі де, қазығы да, сәні де,  
Адамдардың ақ пейілі дер едім,  
Сол пейілді ұсынамын бәріңе.

8.05.90

\* \* \*

Ойсыз жүрсем, мұңсыз жүрсем аз-ақ күн,  
Мазам қашып, жаным жүдер қазақын!  
Күйбеңменен күн өткізгеннен артық –  
Бұл өмірде көрмедім мен азапты!

Жыланумен күн кешкенше тірлікте,  
Тағдырыңа қойған ләзім бір нүктे.  
«Дүниеге қаланбасақ кірпіш боп»,  
Сүрмедік не өмірді бұл, сүрдік не?

Үқсамау тек жануарға, жәндікке –  
Қарын қамдал, қызыл қуу, сәндік пе?  
Көтереді өз басына түскенін  
Олай десек, құмырсқа да, қандік те!

Серпіл, досым, серпіл сен де ендеши,  
 Жұре бермей жылуды жоқ пендеше.  
 Туған жерге тұлабойдың бер отын,  
 Күн кешкенше жандайын бір өлмеші!..

8.05.90

\* \* \*

Көзіме жүрегімнен мұңқ құйылды,  
 Қабағым қатуланып, бұлт үйірліді.  
 Жанымды алай-дүлей дауыл тербеп,  
 Бұғалым бір қүйінді, бір сыйынды.

Жүрген ем нөсерімді төгілте алмай,  
 Жан – шуақ, көңілің – пәс өмір қандай?  
 Құпті боп жүруші едім өзді-өзімнен  
 Осынау дүниенің мәні болмай.

Жаным ғой мына менің әсем әлем,  
 Сезімтал жаннан туар босаң өлең.  
 Кешегі көңілсіздеу кезеңдерде  
 Қашқан-ды алабөтен маза менен.

Жарқын таң, майда самал желпіп енді,  
 Жүрегім от-намысқа беркінеді.  
 Алдағы алынар деп асқар асу,  
 Көңілім жыл құсындаи серпіледі.

17.05.90

\* \* \*

Тоғытпайын десем де  
 өзді-өзімді тозаққа,  
 Салмай болмас азапқа.  
 Саф алтындаи сұлу сөздің сүлейі –  
 Сұңғылалар керек біздің қазаққа.



Ұлы Абайдан  
Шығыстың  
ақынынан неше алып,  
Олар жүтқан қайнардың  
бұлағынан бас алып,  
Бір тұңғырық тұпсізге –  
шыңыраулы құдықтың  
Сұңгімесем болмады-ау  
жинаңкезше жасанып.

Мен кетіппін кейінде  
өз жанымнан шегініп,  
Арғымағым тебініп,  
Бабы келсе төпейтін  
ақ жауынға ұқсал бір –  
Жүрегім тұр төгіліп...

17.05.90

\* \* \*

Тұндердің үйқы қашқан тылсымында,  
Жүрейін жараулы аттай жыр соңында.  
Манаурап, мулгуменен күнім өтпей,  
Арманым – асығайын қыр-сағымға...

Онысыз тірлігімнің мәні бекер,  
Күйбеңмен, күңсүменен дүние өтер.  
Өзімді ширатайын шуда жіптей,  
Шағым ғой дүниені дүрілдетер.

17.05.90

\* \* \*

О, достым, көз сал бір сәт жүлдyzдарға,  
Үқсайды жымын қаққан гүл-қыздарға.

Аспанда ай туыпты аунатылып,  
Арудың ажарындай алматылық.

Самалмен жапырақтар сыйбырлайды,  
Тыңшыдай тылсым түннен сыр тыңдайды.

Ақ қайың май-мамырмен арбалғандай,  
Жан-тәні жанып-күйіп қарманғандай...

Айдын да асып-тасып арнасынан,  
Қос ғашық көз сүзеді жар басынан...

17.05.90

\* \* \*

Көзіңе көзім қадалды,  
Көркемім, жақұт жанарлы.  
Көңлінде тұнған мейірім,  
Саласың еске анамды.

Елжіреп жүрек барады,  
Сезімім от боп жанады.  
Кіршіксіз сенің көзіңнен  
Махаббат нұры тамады.

Сол нұрда менің қызығым,  
Сол нұрда отым, қызуым.  
Тәнтімін ұлылығына –  
Айнымас ару жүзінің.

Көздерің сенің – шапағат,  
Ұылжып піскен қарақат.  
Кейпіңе керім ғашықпын,  
Аяулы, асыл махаббат.

14.07.90



\* \* \*

Өмір жайлы жиі ойланар жан болдым,  
Асқарына жете алмаған арманның.  
Жүргімде үміт шамы тұр маздал,  
Жанарымды бұлтша торлап алған мұң.

Ол бұлтымды, ой-мұңымды шер деме,  
Тасынбақпын, мәз болмақпын мен неге?  
Жанып жалын «Қазақ!» деген кеудеде,  
Сыя алмаймын төрт қабырға-бөлмеге.

Сондай жанмын, ашылмаған аспанмын,  
Барышылыққа келмес мұлде мастанғым.  
Ақжал толқын болып кейде тасимын,  
Арасында ақкөңілді достардың.

Жалғыз қалсам, жұмбағы мол өлемнен  
Сыр іздеймін сезім селі – өлеңнен.  
Өмір жайлы ойланамын жиі мен,  
Айдын сынды асып жатқан кемерден...

16.07.90

\* \* \*

Қобалжу көңілдегі басылғандай,  
Албырттық от жүрекке бас ұрғандай.  
Азуы алты қарыс жолбарысша  
Адымым алға басқан жазылғандай.

Тұспеймін орыңа да, торыңа да,  
Сенемін семсер мінез арыныма.  
Пердесін сілкіп тастап тұманды ойдың,  
Өмірді алдым орап жалыныма.

Жалынсыз дүниенің бар ма мәні,  
Жырламай жүргіңің арман-әні?

Өртеніп тұрсаң егер сен алаулас,  
Өзге де жандалбаса қарманады.

Қармансын, түссін жарыс-жорға жолға,  
Жалтақтап кешіп ғұмыр жан-жағына.  
Қызығанбан шын аламан бәйгені мен  
Хас дүлдүл оза шауып алғанына.

Қарсымын кей топастың тірлігіне,  
Өзінше айтқан долбар билігіне.  
Үстасам деймін туын өділдіктің,  
Дауым жоқ дара дарын – жүйрігіңе...

*18.07.90*

\* \* \*

Ән салып жаным,  
Шырқаймын кейде.  
Өмірде бәрін  
Ұмытам бейне.

Бір қиял әлем,  
Дүние – өлең.  
Адамды көрем –  
Адал жан кілең.

Күн төгіп нұрын,  
Саф самал есіп,  
Ай қағып күлім,  
Дүние – бесік:

Тербеді керім  
Сәбише жайнап,  
Жұзімде менің  
Балғын нұр ойнап.



Оянып қалдым,  
Қайта бір түлеп.  
Осынау қалпын  
Сақтағай жүрек.

18.07.90

\* \* \*

Отті жылдар, өкпем не өкінердей,  
Қалғаным жоқ шаң қауып шоқыбелдей.  
Өрекпіген көңілдің оты өшпеді,  
Өлең-өнер-өмірдің көгіне өрлей.

Қызығанбадым бақытын өзгелердің,  
Өсек-аяң, көп сырсың сөзге ермедім.  
Тайқымайтын алдымда тура бағыт,  
Сол бағыттан айнымас өзгермедім.

Мықты алдында желмедім домаланып,  
«Үрит соққа» ермедім шабаланып.  
Шалқайғанның жанарын шатынатып,  
Тілдім сөзбен жүрегін аралатып.

Бергенім жоқ ешкімге намысымды,  
Өмірде өз іздедім дауысымды.  
Адал жанды жаныма бауыр тұтып,  
Арамдардың көріндім жауы сынды.

Жанарымнан от ұшып нажағайдай,  
Ішкі әлемде бірауық маза болмай,  
Құннен-құнгеге ширығып шыға келдім,  
Қаралықтан дүниені тазалардай...

25.07.90

\* \* \*

Жанарымды басты бүгін жаңбыр-мұн,  
Жабығыңғы кеткен-ді үйден жан құрбым.  
Жүргегімде – аяушылық сезімі,  
Жан қалқамның көңілін неге қалдырды?

Жүдеу тартып күннен-күнге ол өзі,  
Бүйіғыңқы бол барады мінезі.  
Бұртиған бір реңіндей сәбидің,  
Балалықтың табы қалған бал жүзі.

Қой, қой, жігіт, сабаңа түс, қой енді,  
Жабырқатып не табамыз әйелді,  
Деймін іштей, өзді-өзімнен қайталап,  
Сол баяғы өуенди...

2.08.90

\* \* \*

Жұпары аңқыған жусан бел,  
Жоныңа неге асықтым?  
Қаным бір тамған туган жер,  
Сары далаңа ғашықпын.

Созылыш жатқан ніл-айдын,  
Көлбекен сағым көз алдым.  
Жете алмай саған, шырайлым,  
Аңсаумен жүдеп, бозардым.

Бозардым, бозаң, боз далам,  
Ботадай боздаш ішкі өлем.  
Жан-дүниемді қозғаған  
Сендергі ғажап күш деген!



Анамның алақанындай  
Ол ыстық топырағың ба,  
Оралмас бұла шағымдай,  
Ойнақы бұла сағымды-ай –  
Жүрегім, сағынасың ба?..

3.08.90

\* \* \*

Қуып келем,  
қуып келем  
бұлғандаған сағымды,  
Сағым-өлең,  
ұқсаң етті жанымды.  
Дір-дір етіл жапырағы жүректің,  
Кей күндері долы желдей қағынды.

Мен адастым?  
Ж-жо-жо-жоқ!  
Асыл ару аумаған,  
Бала құннен жан-жүйемді баураған,  
Алға сүйреп сен келесің өмірде,  
Көркем гүлдей көңілімді аулаған.

Өлең, өлең!  
Көбелегім!  
Аққұым,  
Өн бойында бүкіл менің шаттығым.  
Сен – музасың, сағымсың сен, елессің,  
Бақ гүлім.

Жетемін деп  
Ел арқасы – қиянға,  
Есіл ерлер қол жеткізер шынарға,  
Ерттең мінген арғымағын мен де арыс,  
Қалмаң балап көрсекзызар, құмарға.

Қайран, Өлең!  
 Ыстық құшақ, өртімсің,  
 Дала ұлындай  
 ағыл-тегіл еркінсің.  
 Кек теңіздей тасып-тасып тұрсаңшы,  
 Мұңға толы жаным менің желпінсін.

Сенің нұрың,  
 өмір гүлің,  
 шуағың –  
 Дәнім, нәрім,  
 Сәнім-әрім,  
 Қуатым.  
 Сен сағым боп жөнелесің  
 көлбендең,  
 Жаным қалмай,  
 Жете алмай,  
 Мен өзінді қуамын...

9.08.90

\* \* \*

Адамдарды көрем мен,  
 Көңілінде – мұңқ көлі.  
 Жалтақтаймын елеңдең,  
 Неткен сезім бұл тегі.

Тартысы мол тұл тірлік  
 Ағысындаій айдынның,  
 Фұмыр емес бір күндік,  
 Қуаныш та, қайғың мың.

Асау айдын толқыны  
 Арса-гүрсे соғады.  
 Адуындығы арқылы  
 Сұс көрсетіп бағады.

Бірі қалса именіп,  
Шығар бірі жұлқына.  
Бірін-бірі итеріп,  
Жатыр теңіз бүркырап.

Ал адамдар –пенде ме,  
Бас иетін тағдырға,  
От сөнбесе қеудеде,  
Болар мәңгі шалқуға.

Серпіп тастап сел мұнды,  
Өзіңе, дос, бол мықты.  
Жоғалтпасаң сенімді,  
Көрмессің еш қорлықты.

9.08.90

\* \* \*

Жүрекке артып зіл ауыр,  
Жұлқына ғұмыр кешсек пе,  
Жағамыз жайлау, бірауық  
Жел болып самал ессек пе?

Жалындаپ өтер жас ғұмыр  
Жабығып зая кетер ме?  
Жан бақсақ егер бас бұғып,  
Жылыстап дүние өтер ме?

Жалынан алып Уақыттың,  
Жағасына қол салсақ па,  
Жауқазын өмір – бақыттың  
Жарасым жолын тапсақ па?

Жағада қалмай жаңғактай,  
Жарыска түсер күн туды,  
Жосыған босқа қаңбақтай  
Жоғалтып күйбен шіркінді.

Жорғаңды, достым, мін ертте,  
Жосылтып біз де байқалық.  
Жаярмыз тамыр күні ертең,  
Жусан боп қырда жайқалып.

12.08.90

\* \* \*

Жұрсем мен кейде  
жанардан кеппей мұнар-мұн,  
Жаратылысымнан  
жаралған солай шығармын.  
Жаныма менің жат мұлде  
тірлік данғаза,  
Жалғыз қалсам да,  
теңіз-ойларға құмармын.

Жұзем де келем,  
керім-ау соның өзі де,  
Жақұтын мынау  
дүниенің түгел сезіне.  
Жалт-жұлт ететін  
нажағай оты да елестер,  
Жұлдыз жанарлы тұн аруының көзі де...

Жыр-сезім-әлем  
сүйреген сәтте тылсымға,  
Жүректен сенем  
ақтарылатын шын сырға.  
Жанымда жүрген  
достарым қалай қарайды,  
Жанардан бұлты  
арылмай қойған мұңшылға?..

12.08.90



\* \* \*

Жүргем жоқ шел ел, жат жерде,  
Тағдырға айтар өкпем не?  
Тұған жер жайып құшағын,  
Тынысым жаздым көк белде.

Жаз өтті, күз, қыс, көктем де,  
Жылдарым сыңып кеткен бе?  
Жасымыз асты отыздан,  
Бұлқынған қайран от кеуде!

Емес пе ек жігіт жұлдызды,  
Арман ғып сүйген гүл-қызды.  
Қияли күндер жырақтап,  
Кеттік пе құйттеп тұрмысты?

Жүргем жоқ шет ел, жат жерде,  
Тағдырға айтар өкпем не?  
Жүрегім бірақ жұлқынып,  
Тойынар көңіл жоқ менде.

Алматы-ару қол бұлғап,  
Күтердей «кел!» деп алтын бақ.  
Достар да аңсан жүргендей  
Жүздері кілең жарқылдал.

12.08.90

\* \* \*

Үйдің іші жап-жарық,  
Ұлым отыр қасымда,  
Сейлемейді шаттанып,  
не ой барын басында.  
Ойынымен өзі әлек,  
оый бірақ басқада,  
Бата алмайды айтуга  
әкесінен жасқана.

Маған көзін сүзеді  
көңілінде аңсау бар,  
Сағынады сол күнді,  
қарындасын қарсы алар.  
Кім біліпті, құлышым  
ойлайды ма шешесін,  
Көз алдына келтіріп  
сол жандардың елесін.

Ақ қағазға шұқшиып  
жазу түзсем бас алмай,  
Әрнелерді айтады ол  
мені ойынға қоса алмай.  
Зерігеміз біріміз,  
бірімізде мұңды өлең,  
Олар жоқта аумайды  
үйдің іші түрмеден.

18.09.90

\* \* \*

Бауырым, осы өмірдің өлшемі не,  
Өзімді санамаймын көсеміңе,  
Десе де көңілдегі сырды ашайын,  
Адамға, жаратылыс бөлшегіне.

Бәріміз ботасымыз қара жердің,  
Өскенбіз аунап-қунаң далада еркін.  
Көңілмен жіберер ек жасандырып,  
Масаты кілемдей ғып дүние көркін.

Тек қана аргы бетте кір жатпаса,  
Тіршілік бір-біріне оқ атпаса,  
Дүниеге келгендергі пәк сезімін  
Аялап ғұмыр-фәни жоғалтпаса...

19.08.90



\* \* \*

Тұтқындаңың, тұсадың, тұраладым...  
Енді қалай ес жиып жүре алармын?  
Келем жүзіп сезімнің айдынында,  
Ізгілігін жиып ап бү ғаламның.

Тал бойымды ерітіп алақаның,  
Балбырайды алдында – балапаның...  
Келгендеймін бөбек бол қайта өмірге,  
Елжіретіп жанымды қарағаның.

Жанарыңың тұнығын, қарақатын  
Бақытыма ғұмырлық балағанмын.  
Самайым мен шашымнан сипағанда,  
Еске салдың нұр жүзін жан анамның.

Ұлылығың іркіліп пейіліңде,  
Жанды баурап, баулыдың мейірімге.  
Алақаның – жүйкемнің емшісіндей,  
Қүйінгім түк келмейді, кейігім де!..

1991

\* \* \*

Мен бұрын қара дауыл секілді едім,  
Өмірмен шарпысуға бекінгенмін.  
Шарт сынып кей күндері жай отындар,  
Атымды алға қарай тебінгенмін.

Үйірген мінезімде дүлей бар-тын,  
Үйтқыдым ақтүтектей, үдеп алдым.  
Үрейдің ауылынан алшақ жүріп,  
Қасқайып жылдан-жылға түлеп алдым.

Секілді ем адудындау ағысты айдын,  
Сөтім жоқ тағдырыммен алыспайтын.

Жел болып соғушы едім алақұйын,  
Сеніммен алға қарай қарыштайтын.

Көзімде үшқын-оттар жарқыл қағып,  
Асқарға жетелейтін алғыр шабыт.  
Арман деп өрге үмтүлған өрен едім,  
Алысқа бара ма үзап алтын уақыт?..

Біртүрлі бәсеңсіпті бұла көңіл,  
Алды ма бағындырып бұлақ өмір?  
Жүрегім, бұлқын қайта сол қалпында,  
Теңіздің толқынында тула да бір!

12.01.91

\* \* \*

Сайын дала...  
армансыз бір шалқып көр,  
Ақ қанатты көбелекше қалқып көр...  
Шалқар дүние жаяр ыстық құшағын,  
Боз жусаны бүркүраған барқыт бел.

Еркіндіктің әлеміне шығып бір,  
Шырқыраған тірлігінді үміт қыл.  
Ақ қанатты көбелекше тербеліп,  
Алаңы жоқ бейкүнә өмір сүріп біл.

Қайдан, қайдан...  
өмір –майдан болып тұр,  
Алынбаған алдағы асу толып тұр.  
О, табиғат, қырға шықсақ кей-кейде  
Арман үшін ақ көбелек жолықтыр...

12.01.91



\* \* \*

Қара теңіз,  
өзіңмен Каспий –егіз,  
Теңіздердің бәріне жастық негіз.  
Жарымды алып жағаңа келіп тұрмын,  
Толқыныңмен алыстым, желіктірдің.  
Жүргіміз жөнелді лұпіл қағып,  
Жаным жүзі жайнайды күлім қағып.

Қара теңіз,  
Сен неткен көркем едің,  
Су періште секілді ерке ме едің?  
Ентелеген толқының есімді алды,  
Өрекпіген жүрегім басылмады.  
Аруымның ай жүзі алтынданып,  
Хор қызындай жымиды жарқыл қағып.  
Тұла бойды алғандай сиқыр билеп,  
Жағажайға шықтық-ау сылқым күйде...

Қара теңіз,  
Көңілді демdedің бе,  
Жанымыздың жарасын емdedің бе?  
Біз де бір кез өзіңдей тасып едік,  
Алып-ұшып қосылған ғашық едік.  
Дауылына шыдамай жас көңілдің,  
Кей күндері ой-мұңы басты өмірдің.  
Шарпысып та қалушы ек толқындардай,  
Ғұмыр кештік бәрібір салқындардай.

Қара теңіз,  
өзіңдей өршіл едік,  
Жанған сайын  
маздаумен өршіп едік.  
Қым-қуыты тірліктің шаршатқанда,  
Асқақ айдын, бір сені аңсатқанда,  
Маңғыстаудан жол түсіп келдік саған,  
«Ассалаумағалейкүм!» деп сәлем бердік саған,  
Қара көздің тілегін қабыл алғын,  
Қара теңіз, рухыңа табынамын!

13.01.91

\* \* \*

Алматы...

Пәтер жалдап өткен күндер...  
Соңында қалған сенің көп белгілер.  
Қорғансыз даладағы қайындаійн  
Сарыуайым, мұн, жоқшылық шеккен түндер...

Жырақта туған жерден, түү алыста,  
Қаймықпай қарсы жүзіп біз ағысқа,  
Өмірдің майданымен бетпе-бет кеп,  
Түсіппіз небір тартыс-қақтығысқа.

Ех, шіркін, жүрек кейде жылап кетер,  
Қайтесің, егіледі бірақ бекер.  
Жастыққа тән емес пе албырт күйің,  
Алдырмас асу сынды ұнапты өнер.

Шарпылып бал махабbat алауына,  
Балқытып бойды заман шарабына,  
Кешіппіз қиқулатып сауық-дәурен,  
Шалдырмас асыл арман қанатында.

О, жастық, келіспің-ау тізгін бермей,  
Ойласам, енді жүрек үздігердей.  
Мысықтың қысқы түнгі зарғағындаі  
Кез еді дүлей өкпек күзгі желдей.

Қазақтың астанасы дегенменен,  
Өмірді өлшеп арман-өлеңменен,  
Көлденең көк аттыға үқсаппыш-ау,  
Жат жүртта бейне жөнсіз көлендеген.

Дүниеге сөйтіп жүріп сәби келген,  
Ол қай бір жал-пәтерде «әлди» көрген?  
Жалынып қожайынға құлындаій боп,  
Сөз есту неткен қорлық әркімдерден.



Қайран-ай,  
Кейде күйіп қапаланам,  
Қары есте Алматының жапалақтаған,  
Ұлымды көтеріп ап пәтер ізден,  
Бейне бір қайыршыдай алақтаған.

Бәрі есте...  
Жырғып оны не қыламын,  
Еске алсам сол күндерді аһ ұрамын.  
Тұрағым қазір – туған топырағым,  
Жайылды жап-жасыл бол жапырағым,  
Сонда да Алматыны сағынамын...

13.01.91

\* \* \*

Жаны ізгі жандарға жаным асық,  
Жарқын жүздің бәріне жаным ғашық,  
Жағаң жайлана жүргенге не жетеді,  
Жаз көңілді жандармен жақындастып.

Мерейің де өседі осындайда,  
Өмір бір-ақ берілер, осыны ойла.  
Жуып кетсе жаныңа бауырындей –  
Жылу құяр жүректен досың бойға.

Сыйласқанға не жетсін, міне, осылай,  
Қатқанша іште шер-шемен сыр ашылмай.  
Менің өзім сүйем кей жігіттерді –  
Жырға қосып Фамзатов Расулдай!

13.01.91

\* \* \*

Жусанның исі-ай, дедің сен бірде қыр шығып,  
Жұпарына оның жан-дүниең елтіп тұншығып.  
Жауқазын гүлі өзіңсің нағыз сол қырдың,  
Жарасқан содан жүптасып біздің тіршілік.

Жаныммен сүйем, жаратқан ием – Даламды,  
 Жүргім менің Даламнан жылу, нәр алды.  
 Жұсаның қалай қаласа көңілім  
 Дәл сендей  
 Аруын солай аңсадым жәудір жанарлы.

Көзінде сенің – бұлақтың мәлдір келбеті,  
 Қылығың бейне ботаның кейпі ерке тым.  
 Жанымда өзің отырсаң қасың қылышп,  
 Қазағым жайлы күйімді терен шертемін.

Өмірде мені өзіңе қосқан – бағым бар,  
 Шабытты жардан алады шайыр-ақындар.  
 Бақыттың тұнып жүзіп жүр сенің көзінде,  
 Жыр болып содан шашылар жақұт-лағылдар.

Жүргің берген, асылың көрген арысың –  
 Жүйткіген мынау ғұмырда бермес нағысын.  
 Жастықтың оты, көңілдің шаты көктемдей,  
 Жасаймын бәрін жалынды ыстық жар үшін.

13.01.91

\* \* \*

Таң құлгенде  
 Көктемдей кейіпке еніп,  
 Нұрға малғым келеді жанарымды.  
 Құншұғыла жер төсін сүйіп, еміп,  
 Қандырарай менің де құмарымды.

Жүргіме үялап жылу нәрлі,  
 Дүниеге қараймын махаббатпен.  
 Тұла бойым өртеніп қызу қанды,  
 Сәулеленер арайлы таң-шапақпен.

14.01.91



\* \* \*

Жүрек – бұлбұл,  
сайрамайды бірақ та,  
Күйкі өмірің  
кіршік салар бұлаққа.  
Па, шіркін-ай,  
кетер ме еді қыр кезіп,  
Мініп алыш  
шалдырмастай құр атқа.

Көңіл-дөнен  
жүйткігемен тұлпардай,  
Қиял-пырақ  
самғаса да сұңқардай,  
Теңіз-жаның  
тасыса да айдындай,  
Іркілемін  
ақ қағазға жыр тамбай.

Сырлы әлемім  
тұнып тұрған құпия,  
Тұнгі арудай  
құшақ жаяр жымия.  
Жан жұмбағы  
жатыр іште бұғынып,  
Алған қымтап  
арнасына жылды ұя.

Болам ба ақын  
тұндер өтіп тым тәтті,  
Одан, бәлкім,  
жан қинауым қымбатты.  
Үйқыменен  
өлшемеймін өмірді,  
Кешсем, мейлі,  
өлең-ғұмыр тұнқатты...

24.01.91

\* \* \*

Сыршыл едім  
жаным өуес сезімге,  
Ақтарылған ақ көңілім – жүзімде.  
Мына өмірдің  
сапырылыс айдыны –  
Ұшқын оттар жандырыпты көзімде.

Мен өуелден шала емес ем, маздақ ем,  
Мәуе жаным жарасатын жазбенен,  
Ағыл-тегіл тасыған соң жүрегі,  
Бұ Фалым да ерте бастан жазды өлең.

Әттең, шіркін,  
шыңдайды екен тартыс күн,  
Қүйін кеше алмадым мен байғұстын.  
Алаяқпен алысады ақындар,  
Жүрегіне түгін жиып барыстың!

24.01.91

\* \* \*

*Жан досым Сагат Матекеевке*

Күте-күте таусылды ғой тағатым,  
Келсең етті елге тездеп, Сағатым.  
Туан жерге тартып кетсең нетеді,  
Бар емес пе құс секілді қанатың.

Зымыраған заманаға ілесіп,  
Маңғыстауда сазды желдей жур есіп.  
Тірі пенде тартпай қоймас қанына,  
Дандайсыған даңғойлармен күресіп.

Сен кеткелі біздің жақ та гүрлеп тұр,  
Тамырында бұлқілі ерек жүрдек бір,



Ыю-қию, айхай-сүрен дүние,  
Есті азамат, ел-жұртыңа бүйрек бұр.

Онсыз ғұмыр өтер-кетер бекерге,  
Сен мен үшін жүргендейсің шет елде.  
Қаның тамған топырағың – анандай,  
Ал ол үшін бас тігерміз қатерге.

Күте-күте таусылды ғой тағатым,  
Жет еліңе жез қанатпен, Сағатым.  
Бұл өмірде жандай сырлас дос қымбат,  
Жүрегіңе сөнбес алау жағатын.

24.01.91

\* \* \*

Келгеніңді көрдім де мен көншідім,  
Май тамызған өрт секілді өршідім.  
Жалынымды осылайша үрлей бер,  
Сен өзің де долы желдей гулей гөр.  
Азынаған ұлымыз ғой Дағаның,  
Өмір мынау ашып тұрған аранын,  
Біз де дүлей дауыл болып үдейік,  
Бұл ғұмырды думандатып сүрейік.  
Мойынсұнбай наласына тірліктің,  
Бұлтын түріп тұман-тұннің-тұндіктің,  
Құладұздің қыраныңдай мәрт мінез  
танытатын туды мезгіл, отты кез.  
Мейлі, бізді тағдыр қанша сілкісін,  
Табанымыз тайқымасын, жыл құсым!

24.01.91

\* \* \*

Сен, ренжіме,  
көзіндегі мәлдір тұнба бұлақты,  
жүзіндегі өмір сүйген қуатты,  
өңіндегі ізгілікті, шуақты –  
маржан жырдың жолдарына ілмесем,  
күннен-күнге қызғалдақтай гүлде сен.

Жазғытұрғы таңғы нұрдай аяулы,  
шүғыла шашып мың-сан сәуле бояулы,  
құлпыра бер, махаббатым, баянды.  
Шапағына шарпылайын мен-дағы,  
елжіретіп сезіміңің бал дәмі.

Сонда Күн де нұрын төгіп малынта,  
айналармыз біз қып-қызыл жалынға,  
көңіл мас боп өзің барда жанымда,  
осы өмірдің бар қызығын татармыз,  
рауандаған алтын таңдай атармыз.

Күз өкпегі көңілге дық сала алмай,  
есерміз біз көктемдегі самалдай,  
тіршіліктің жұпарына қана алмай,  
жанарында тұрған тұнық жақұт-нұр,  
мәңгі музға, айнымайтын бақыт бұл,  
төгілмесін қалай ғана шабыт-жыр?!

Сен ренжіме,  
Жыр арнамай жүрсің деп соңғы кезде,  
Тағдыр сыйы – жұп ғұмыр мәңгі бізге.  
О, ақынным, мұндайда шалқы лезде.  
Фашық жарым,  
өмірім де өзіңсің, өлеңім де,  
көңілім де шат күйге бөленуде,  
сыр сандығым – сезімім тереңімде...  
Сол баяғы ынтыққан бұла қалпы,  
менен саған осындей мұра қалды.

25.01.91



\* \* \*

Жүргегім менің, сабала,  
Жүргегім менің, сабала.  
Жартасты соққан жас толқын  
Жаныңа сенің жаға ма?

Үдеген дауыл далада,  
Үздіге келдім жағаға.  
Үрейлі сұрқы теңіздің  
Үркітіп тегі баға ма?

Шаңқылдай ұшып шағала,  
Шарықтай қиқу қаға ма?  
Шабытсыз қалай жүрсің деп,  
Шамдантып мін де таға ма?

Тұнеріп қара көкте бұлт,  
Түйіле қарап кектеніп.  
Тымырып қалай қаларсың  
Тұрғанда жүрек өртеніп?!

Алай да дүлей күй кештім,  
Айдынмен асау үйлестім.  
Арқамды менің қоздырар –  
Теңізді қалай сүймеспін?!

27.01.91

\* \* \*

Мұжігенде орамды ойлар миымды,  
Мазасыздау тағдырыма сиындым.

Маубас доңыз мәз болады тойғанға,  
Мағыналы тірлік жайлы ол ойлар ма?

Маңғазсынып, кісімсіген тұл-пенде,  
Мекіреніп, қоразсынып жүргенге.

Жаны қуыс дүмшө менен дубара  
Ит-жыныңды қоздырады-ау, сұрама!

Атпал ерлер түн үйқысын төрт бөлөр,  
Ел деп, жер деп тұла бойы өртенер.

Дүрілдеген дүниеден шет қалмай,  
Кең даланы дүбірлеткен Сақтардай,

Құс үйқылы, сергек көңіл болмас па,  
Үқсайтығын жарқыл қаққан алмасқа!

Сауал қойған атар таң мен батар күн,  
Мына әмірде қалай бей-жай жатарсың?

Миды ашытпай, жауыр болмай жауырын,  
Мимырт тірлік жер қаптырар, бауырым.

Зердеменен көз салайық әрнеге,  
Жын-пері ме, жел-құйын ба, әлде не?

Замананың шылбырына жармасып,  
Жұлқисалық, тартысалық, арбасып.

Түн баласы құлай салмай төсекке,  
Ойға шомсақ туған Даға-бесікте.

Беймезгіл шақ: бір ме, мейлі екі ме,  
Жұлдыз санап жатқан қандай сәкіде!

Қыс түнінде жел үніне құлақ түр,  
Жер-дүниең күңірене жылап тұр!

Ертеңі үшін үйқысына алаңдар –  
Жан бағам деп жанұшырған адамдар.



Қара мысық жас сәбише зарлайды,  
Кім біліпті, кімді, не үшін қарғайды?

Уайым-қайфы, ой мен мұңсыз тұн өтпей,  
Атпал ерді қоймайды-ау бұл жүдептей.

27.01.91

\* \* \*

Өмір – ағыс  
Бірде күйде қалыпты,  
Өзгерместей арнаменен ағыпты.  
Өршеленген толқын да жоқ, қарғын да,  
Кей кімдердің жанына осы жағыпты.

Өмір – ағыс  
Кейде бұра тартады,  
Жүректерге зілдің жүргін артады.  
Өрекпіл ол соғар болса ашумен,  
Шикіөкпелер тереціне батады.

Өмір – ағыс  
Мінезі бар не түрлі,  
Бірде дүлей сарқырама секілді.  
Өзді-өзіңе нық боласың діңгектей,  
Қай кезде де қорғай білсең бетінді.

27.01.91

\* \* \*

Не үшін біз келдік осы жұмыр жерге,  
Тек қана тоқтық үшін ғұмыр сүрме.  
Тенсельмей текетірес дүниеде,  
Халқынды жаманатқа іліндірме.

Жүргізбес тең жүруге, тең де қылмас,  
Жайнай түс секілді өткір жүзді алмас.

Тектен тек өтіп кеткен өмір ме өмір,  
Тұлпар бол тарпысқанда түяғы талмас!

27.01.91

\* \* \*

Өзімді өзім шегелеп,  
Өктемдік қылдым санама.  
Өмір ме бейқам кәбелек  
Армансыз үшқан далада?

Күндердің батып салмағы,  
Түндер де ойлы жүк артар.  
Кей кезде түсіп қармағы,  
Көңілсіз етіп мұңайтар.

Сондайда жігер жиып мен,  
Сілкінген үқсан қыранға,  
Сенімді жалғап үмітпен,  
Асығам алыс шынарга.

Өзімді өзім шегелеп,  
Бастаймын өнер өріне.  
Тағдырым қойған некелеп,  
Өлеңнің қанбас шөліне.

28.01.91

\* \* \*

Серігім де сен мәңгі, сенімім де,  
елігім де, еркем де, керімім де.  
Ай жүзінді үйқыға қимағандай  
кейде шошып оянам жеті түнде!

Қызғаныш па, сезім бе, сағыныш па,  
өрекпіген көңіл ме алып-үшпа,



Балаға ұқсан жатасың бал тыныста,  
мендік жүрек түрғанда жарылышта!

Сомдай алмай бейненді өлеңімде,  
қалам ұстап құр босқа келемін бе?  
Дәріптемей махаббат ұлылығын,  
жыр жазудың, асылы, керегі не?!

...Нұрлы бейне,  
өңіңе қарап тағы,  
ақ жауын сыр құйылып баратқаны...  
Алғанында өн бойды сезім билеп,  
сезілмейді сиқырдай таң атқаны.

Өмір –ұлы,  
ол өмір – жүзің сенің,  
түн болғанда бақыттан көз ілгенің.  
Күні бойы жадырай жарқын жүріп,  
жаз көңілдің шуағын сезінгенің.

Мен де сонда шабыттың пырағымын,  
жүргімнен төгемін жыр-ағынын.  
Фашық сезім мәңгіге жоймақ емес  
толқын атқан баяғы бұлалығын.

Серігім де сен менің, сенімім де,  
елігім де, еркем де, керімім де,  
Мейірімге жанымды үйітпаққа –  
бал кейпіңе қараймын жеті түнде!

28.01.91

\* \* \*

Босына өткен күндерге налимын мен,  
Қиял қумай құр жүрсем аримын мен.  
Зымыраған дүние, қанатым бол,  
Шабыттанып, шарықтап, шалқынын мен.

Шашу үшін шапағын шаттық өмір,  
Күйбең күйге алданба отты көңіл.  
Жанартау боп жыр көгін жарып шықпай,  
Мейлің, қанша ой мұжіп, жанды кемір.

Серпіл, санам,  
Ұнжырғам, түспе төмен,  
Ұсақтамай тірлігім, күш бер, өлең.  
Ұшпасына шықпаққа ұлы арманның,  
Ұшатұғын заңғарға құс боп келем...

1.02.91

\* \* \*

Пенделіктің құлымыз бәріміз де,  
Мұң билейді жүзінді сары күзде.  
Ақша қарды арман ғып ару қыста,  
Жаз, көктемдей – өмірдің сәні бізге.

Алданышы тірліктің мұның бәрі,  
Ауа райы тағдырың құбылмалы.  
Аласұрған толқыны соқса бірде,  
Алдарқатар кейде оның шырын-балы.

Беймәлім боп қияға ұшарың да,  
Жердің астын қай күні құшарың да,  
Жағаласпен өтеді жалын күнің,  
Жаның үйип жарыңың құшағында.

Таң атады, күн батып, қайталанып,  
Арман алыс жүзсе де Айға атылып,  
Тыныштығын ойлайсың ошағыңың,  
Шаңырағың кетпеске шайқатылып.

Мейлі, көкте қыран боп қалықтадың,  
Қыр астың ба қызметте жанып бағың,

Дей алмаймын: өмірде пенделіктің  
Шылауына шалдырмай жабықпадың?

Тізгінінді ешкімге бермесең де,  
Туған жер деп, халқым деп терлесең де,  
Тіршіліктің құлындаі адам деген,  
Ел сыйлаған батыр боп ерлесең де.

Өмір солай, өзіндік ағысы бар,  
Аз ғұмырда кім-кім де бағын сынар.  
Пенделік те құрығын салмай қоймас  
Арғымақтың өзіне жарып шығар...

1.02.91

\* \* \*

Құлімдеп сен келсең ғой, пай, қашанда,  
Асау көңлім үқсамас жайбасарға,  
Жалынымды үрлесең жалыныңмен,  
Кім біліпті, арманмен Айға асам ба?

Құлімдеп кел, сен, жаным, ерке назбен,  
Айдындағы үйлесіп аққу-қазбен,  
Жанарыңда жүзбесін ашу, қайғы,  
Жарасып бір жүрсөңші мәңгі жазбен.

Құлімдеп кел қасыма, тұнжырама,  
Қарақаттай көзіңе мұң шылама.  
Алтын таңдай жүзінді ұнатамын,  
Ақ бидайлы секілді нұрлы дала!

Құлімдеп кел сен маған күндей болып,  
Тұнерсем де кейде мен түндей болып,  
Жауқазын-жыр төгілер жүрегімнен,  
Өзің тұрсаң қып-қызыл гүлдей болып.

Құлімдеп сен келсең ғой, пай, қашанда,  
Құлқі барда күмістей Айға асам ба?  
Қүңіреніп жүргенде жаным менің,  
Көңілімді аулашы анда-санда,  
Құлімдеп кел жаныма қай-қашанда.

1.02.91

\* \* \*

Өмірдің тұра қарадым  
Алмастай өткір жүзіне.  
Талдырмай арман қанатын,  
Талапшыл болдым өзіме.

Таптаурын жолға тұспеуге  
Өзіме өзім серт қылдым.  
Талпынып соны сүрлеуге,  
Жүректі жалын, өрт қылдым.

Айнымай алған бетімнен,  
Тірлікте тауым шағылмай,  
Тартысқа түсіп өмірмен,  
Өршідім өжет ағындай.

Нажағай болдым кейде мен,  
Шатыр да шұтыр шағылған.  
Оранған отқа кеудеден  
Өшпестей алау жағылған.

Өзекті жарған өлеңді  
Әкелмен қалай өмірге?  
Өлімсіресем, сөнем-ді,  
Жүктемей сенім көңілге.

1.02.91



\* \* \*

Адамзатқа құшағымды жайсам деп,  
Ашылады, асығады сыр-сандық.  
Ақ көңілді жаратылыс – ақындар,  
Ағыл-тегіл махаббатқа, жырға ынтық.

Оның жаны көсілген кең даладай,  
Дүниеге сеніп қарар баладай.  
Жаймашуақ болып тұрса күн көзі,  
Дейді олар да: алақай да алақай!

Шуақ көңіл алдарқанып әрнеге,  
Сыймай кетер кейде тарлау бөлмеге.  
Адамзатқа ақ пейілін ұсынып,  
Ақ шулан боп толқиды екен ол неге?

1.02.91

\* \* \*

Он бітірдім...  
Ауыл қалды алыста,  
Оқу құдым  
белді буып намысқа.  
Отыздан да жас асыпты ал енді,  
Оза шауып самғамаппын ғарышқа.

Өз-өзімді қамшыламай әлі мен,  
Тіршіліктің өуенімен елігем.  
Тұсаламын қапасында қаланың,  
Ая жұттай кең даланың терінен.

Қайран, далам,  
қайран аулым,  
асқағым,  
Мендік өмір барады өтіп қас-қағым,  
Ұланыңды бауырыңнан жаралған  
Ұлағатыңмен суарып бір тастағын.

Құыс тартсам, қуатың бер, демің бер,  
Аруағыңдан нәр алайын сенің өр.  
Мен кеткелі болған екен он бес жыл,  
Сол баяғы көңіл десем, сеніңдер.

Сүйем сені, боз жусаным, сағым-бел,  
Шабытыма дем беретін самал жел,  
Сағындырмай қоясың ба тегінде,  
Қаным тамған, кіндік кескен, туған жер!

1.02.91

\* \* \*

Қолға қалам алғанда,  
Қайран, жүрек, зорланба.  
Құс қанаты талмастай  
Қиялмен үш арманға.

Пенделікке илікпе,  
Талпына біл биікке,  
Жүрек барда өзіндей  
Мен қалмаспыш күйікте.

Жыр-тенізі тасынып,  
Жатсын сырым ашылып,  
Толқын сынды жүрегім  
Бір ұрып, бір басылып...

Өмір заңы бұл деген,  
Фажап ғұмыр нұрлы әлем,  
Лұпілдей бер, жүрегім,  
Тумаса да күнде өлең.

Өтер-кетер тіршілік,  
Кешпейік күн тұншығып,  
Дұрсілдей бер, жүрегім,  
Дүниеге құлшынып!..

19.02.92



\* \* \*

Жадыраған жаздайын  
Жүрші болып мәз дәйім.  
Жабырқасаң, мұңайсаң,  
Жаным жүдеп, боздаймын.

Жаны сұлу, мәңгі жас,  
Жансың бейне аққу-қаз.  
Желікsem де,  
өзіндей  
Асыл ару таптырmas.

Көңіл кейде тасынып,  
Қылған болсам асылық,  
Жүргені деп ойлама,  
Әлсіз жанды басынып.

Мен өзіде бас ұрғам,  
Жүрек сырын жасырман:  
Сенсің жалғыз сүйгенім,  
Айналайын, асыл жан.

Бақытым да, бағым сен,  
Арайлы аппақ таңым сен.  
Осы өмірді бір кешер,  
Таңғажайып жарым сен.

5.03.92

\* \* \*

Сенің нұрлы жүзіңнен өмір көрем,  
Көзің күлім қақса бір көңілденем.  
Айнымаған баяғы елік қалпың,  
Айнымаған бұлақтай тұнық қалпың,  
Қарақаттай жанарың қадалғанда,  
Жаманшылық көрсетпей бұжалғанда,  
Киялменен келеді қияға үшқым,

Мәңгі-бақи бір ғана сені құшқым,  
 Махаббаттың аялап аруағын,  
 Шалқытумен шабыттың арғымағын,  
 Жайылумен жауқазын-жапырағым,  
 Аман болып жанұя-шаңырағым,  
 Бала-шаға мәз болып, жайрандап сен,  
 Қылығына ақынның қайран ғап сен,  
 Жүретүғын келер күн, сабыр қылшы,  
 Жыламашы, айналдым, жаным, күлші...

5.03.92

\* \* \*

Елдейін мынау қалыпты ғұмыр кеше алмай,  
 Еліріп жүрсем, есіріп жүрсем асаудай,  
 Елігіп кетсем, ерме боп кетсем кей күні  
 Ер мінез келген ерекше достан қаша алмай:  
 Кешерсің мені...

Ақкөңіл жаным айдын боп менің тасиды,  
 Жүрмейін қайда шуағы көздің шашулы,  
 Оныма қарап біреулер, бәлкім, ұнатар,  
 Тұңілер, бәлкім, кезімде көрсе ашулы.

Сондаймын өзім,  
 кезім жоқ мулде жасанды,  
 Кешеміз ғұмыр тымырсық тегі қашанғы,  
 Кешерсің, қалқам, кешерсің біздей бәдәуи,  
 Қең дүниеге тамсанып келген масанды.

Кетермін кейде сезім мен көңіл жанды аулап,  
 Майда бір сөздер, әуеннің сазы, ән баурап,  
 Кешерсің мені көңліце сызат түсіріп,  
 Сеніскең доспен сырласып қалсам түнде аулақ.

Қайтейін, жаным, өтуде өмір құйындалап,  
 Кетеді кейде мұң іліп көзге қындалап,



Арамыз алшақ бөліне қалған сәттерде  
Шын жақын достың айқара көңілі бүйірмақ.

Айдын ғой өмір, онда біз жүзген кемелер,  
Құрдымға кетер сүйеніш таппас жекелер.  
Файыптан тайып іс түсер болса басыңа,  
Жан достар бірге нардың да жүгін көтерер.

Еркектің өзі ерсі де болар кей ісі,  
Шектен бір шықса орынды-ау ару кейісі...  
Кешерсің мені кезбедей кейде сенделіп,  
Бұйырмай журсе жанұямың жұмақ-пейіші...

5.03.92

\* \* \*

**Жігіттердің ұнатам жайсандарын,**  
**Жайып тұраганының күйсандағын.**  
**Жаға-жайлау жүретін жаз-көңілмен,**  
**Жалын лаулап тұратын көздерінен!**

**Жігіттердің ұнатам мықтыларын,**  
**Жан достықтың сертіне нық тұратын.**  
**Жазатайым күн туса басыңа бір,**  
**Жарқыл қағып жүретін қасында кіл.**

**Жампоз ерге осындей арнап өлең,**  
**Жан беретін кезінде жан да берем!**  
**Жаман жолдас ерткенше жолға тастар,**  
**Жақсы серік бір болсын алға бастар.**

**Жақсыларға жан сырды ашамын да,**  
**Жан бауырдай көрісіп, құшамын да.**  
**Жігіттерше сал-сері жүреміз ғой,**  
**Жалғыз – ғұмыр,**  
**барынша сүреміз ғой...**

1.05.92

\* \* \*

Күндерім күйбеңменен тұтылуда,  
Бұғалым ұлы Уақыттан ұтылуда.  
Жырламай жүрегімнің пернелері,  
Жастық шақ жан бағыспен жұтылуда.

Көкірек кейде қарыс айрылардай,  
Жөнім бар басым шайқап қайғырадай.  
Жігіт ем жанарыма алау жаққан,  
Желісім өлі шабан тай-құнандай.

Бойдағы буырқанған тасқын қайда,  
Мас болған дүниеге жас күн қайда?  
Бұйығып өте шықса өмірің – қор,  
Ондайын тірліктен не, достым, пайда?

Бұрқанып бұрынғыша күн кешелік,  
Балқытып жанды әнмен, жыр еселік.  
Пәс-ғұмыр пешенеге жазылмаған,  
Пәниде күйкі-күнмен күреселік.

12.07.92

\* \* \*

Жанар ма, жанбас, бәлкім, бір күн бағым,  
Жанымның жаяиын бал сыр-жұмбағын.  
Жылты бар жанарының, жарандарым,  
Жаныма келіп көусар жыр тыңдағын.

Адамдар, ашылайық ақтарылып,  
Болмасын алтын таңдай шақтар ұмыт.  
Бәріміз ғасырласпсыз, замандаспсыз,  
Жүрелік замананы мақтан қылып.

Көңілдің ақ маржанын алға жайып,  
Ғұмырды кешсек деймін бір ғажайып.



Адамдар адам қалпы өмір сүрсе,  
Дүниен тартпақ емес алмағайып.

Па, шіркін, өмір қандай, өлең қандай,  
Барша жан бақыт үшін жаралғандай.  
Адамдар көзіндегі Құн-жылудан –  
Тіршілік үйіп жаны нәр алғандай.

Жарандар, тыңда жырым құлақ қойып,  
Тоқмейіл топас күйден жырақтайық.  
Жаратқан өзімізді адам етіп,  
Үмітін Жер-Ананың біз ақтайық.

Қашанда қарсы келмей табиғатпен,  
Жанымыз жарасып бір жәмиғатпен,  
Жүзіміз жарқыл қағып жүрелік те,  
Өмірге қарап ұлы махаббатпен!

12.07.92

\* \* \*

Қалам бер, қарбалас күн қалсын артта,  
Қиялмен қыр кезейін жазғы бақта.  
Қашаннан арман қуған албырт едім,  
Қамшыны басайын бір арғымаққа.

Құздейін сүрғылт тартып сері көніл,  
Қүйбенмен тұмсалайды мені де өмір.  
Құндерім құйқылжумен барады өтіп,  
Жүреміз ілбіп қана ебіл-себіл.

Тірліктің алданыш боп қамыменен,  
Тұс болып, кешке ұласар таңы деген...  
Жүректің жоғалған ба дірлі деп,  
Тұртеді Тәңірімдей лағыл-өлең...

12.08.92

\* \* \*

Кезім жоқ бұл өмірде бопсалған,  
 Жігітпін барға көңіл тоқ санаған.  
 Жайсанға жаным сырын жайып салам,  
 Аянып көрген емен жақсы адамнан.

Кей кімдер мұны бәлкім түсінбейді,  
 Ондайға өр көңілім кішірмейді.  
 Жаралған мәрмәр тастай мәртті жаным,  
 Қайтадан боркемік боп пішілмейді.

Қалармын мұзарт шындаі осы қалпым,  
 Ерітер жан-жүректі досым жарқын.  
 Ақкөңіл, арамза емес,  
 адап жанға  
 Әрдайым әруағымдай бас ұрармын.

12.08.92

\* \* \*

Мұңсыздық – дертім ол менің,  
 Жаныма жақын жолатпа.  
 Мұңсыз мен жүрсем, сөнгенім,  
 Сөнгенім менің – өлгенім,  
 Келгем жоқ, өмір, қонаққа.

Білемін мәңгі жасаман,  
 Болмайын, бірақ, масыл ұл.  
 Боркемік пенде, жасық ұл,  
 Ұлы өмір, менмін ғашығың,  
 Мұңынан қалай қаша алам?

Мұңсыз мен жүрсем сорлымын,  
 Босқа өткен күндер – ол күнім.  
 Мұң барда жыр боп шалқыдым,  
 Сезімге селдей балқыдым,  
 Құсың боп көкте қалқыдым.



Асылым менің жарық күн,  
Демеймін ойсыз, ғаріппін.  
Кетпейін барға мастанып,  
Астамсып жұрттан төс қағып,  
Ойласам қамын халықтың.

Мұңымнан мені айырма,  
Мұң-сағым сүйрер қыырға...  
Уайымсыз жүрген жандарда  
Жансыздан қандай айырма?  
Баста, өмір, мені арманға!..

12.08.92

\* \* \*

Үйқы да кейде  
қашатын менен жайы бар,  
Өткен бір күндер  
оралған сәтте ойыма.  
Бара ма өтіп  
жаныққан біздің жас дәурен,  
Дүлей бір күшті  
құятын ылғи бойыма.

Зулайды күндер,  
барады жылдар сағым бол,  
Қайнайды іште  
қызынған әбден жалын-от.  
Баяғы біздің  
қияли кезең қайда екен,  
Балалық қайда,  
бүгінде оның табы жок.

Жылайды жүрек  
маржаны жырдың іркіліп,  
Жылыстыап жылдар  
жүретін болдым тым сұлық.

Серпіліп қайта  
сезімге бойлар туды шақ,  
Әйтпесе, езіп  
барады-ау мынау тіршілік...

12.08.92

\* \* \*

Мен соншалық бақытты жан болайын,  
Тағдыр-тартыс иеленген жеңісін.  
Бәрібір де түнің мұңлы, ағайын,  
Сырға толы, қияли шақ мен үшін.

Үйқы қанша алсын есті талдырып,  
Өлең-өзек-сағымдайын-сағыныш.  
Тұла бойды бал сезіммен балқытып,  
Жүргегімде болады сан жарылыш.

Жанартау боп атылардай алқынып,  
От-жүректің шарпыламын өртіне.  
Түні бойы ширығамын шарқ ұрып,  
Түннің қарап таңғажайып көркіне.

Шабыттыма жел берер де сол менің,  
Ай мен Жұлдыз,  
алқара көк түнгі аспан...  
...Сенделемін кезіп ішін бөлменің,  
Жым-жырт түнге көзім салып мұндасқан...

12.08.92

\* \* \*

Билейді бойды кейде сезім керім,  
Сондайда нұрын төгер көзімде Құн,  
Көңілдің құсы көкке шалқып ұшар,  
Секілді қанат біткен өзім де шын,  
Жан-әлем беу дүниені балқып, құшар.



Масайып көктем-ару шәрбатына,  
Өмірдің жайқалармын бау-бағында.  
Бақытым болып менің ұлан-асыр,  
Бұлбұл құс салар өнін зәузатымда.

Көркейіп жүрген кезде жан-дунием,  
Ғұмырды ғасылымдай мен сүйемін.  
Қашанда бұз Falymға демеуші боп,  
Қолтықтан жүргін сүйеп о, Киеleм!

12.08.92

\* \* \*

Өмірге іңкәр ғұрыппен  
ғұмыр кешемін,  
Өзіндік жолым:  
қайтпады мұлде меселім.  
Орекпіл тұрап  
өр қеудем қалды сол күйі,  
Өзенде бейне  
ескекті желдей есемін.

Көңілім – көктем  
жаз болып кейде жайдары,  
Ақжарқын жүзім  
ашылған күндей жайнады.  
Ашынып-тағы  
қыстайын кейде қабардым,  
Сарғайып күздей  
уайым-мұң басып қайдағы.

Тірліктің заңы:  
жаза да басқан бар кезім,  
Жұмсаңды жәйлап  
мізбақпас қайсар мінезім.  
Жанардың ғана  
жасындаң оты тұр маздалап,

Жылдармен бірге  
өзгерер ме екем мен өзім?

12.08.92

\* \* \*

Көзіме менің жас тұнған кезде  
көңілімнің босап кеткені,  
Жүректен ыстық ағыстар сел болп,  
сезімнің боздап шектері,  
Бүтіндей мынау тұлабойымнан  
ақ жауын құйып селдетіп,  
Жанымның жайлы толқынды,  
Һем қайғы шеккені.

Көзіме менің жас тұнған кезде  
шұрайлы шағым сол болар,  
Жанарым жасқа малынса-дағы  
шуағым төгер мол болар.  
Дүниеге мынау қара тас болып  
жаралған пенде емес ем,  
Тірлікте мынау шарасыз кейде  
көз алдың тұман-торланар.

Көзіме менің жас тұнған сәтте  
жанымда жақын кел, қалқа,  
Көңілдің көлі көлкіген тұста  
көкенден керім жан бар ма?  
Қиял да, шіркін, кекжиектерге  
қиялай ұшып кетеді,  
Үқсаймын өзім аспандағы айды  
сұрайтын сәби-аңғалға.

Бінтығам дәйім баладай бейім  
талпынған алыс арманға,  
Жамандық деген болмаса деймін  
осынау пәни-жалғанда.



Мұндаіда менің көкірегімнен  
көгершіндерім үшады,  
Мол мейірімін тәккісі келіп  
айнала, туыс, бар маңға.

Көзіме менің жас келіп егер  
жаңбырдай болып құйылса,  
Қарақат жанаң қарағым менің,  
бірауық келіп сиыншы, ә.  
Қанатым бардай қалықтап сонда  
қияға самғай үшармын,  
Жан еріп кетер –  
Жер-Анадайын –  
жанаңым жасқа жуынса...

14.08.92

\* \* \*

Сен аман боп жүрші-ау жаным ләйім,  
Арманым да, ардағым сен – Күн, Айым.  
Тұнба бұлақ секілденген көздерің-  
Тәңіріден мұнланбауын сұрайын.

Қатты кетсем жүрегінді жарапал,  
Ақбұлақтай көңілінді қаралап,  
Ақымақтың ашуы деп білерсің,  
Қызығанышы қызыған шоқтай ғаламат!

Қайтсем де мен бой ұрамын бір саған,  
Аққұсымсың, аруымсың аңсаған.  
Бүкіл мынау ғұмырымның мәнісі,  
Бір өзіңсің қиялым да, ой-санам.

Қарап саған қанатымды қомдаймын,  
Қайда жүрсем піріңдей боп қолдаймын.

Тірі жүрсем қара жердің бетінде –  
Шаң тигізбей қызғыштайын қорғаймын.

14.08.92

\* \* \*

Жан баласын жамандамас жан ғой деп,  
Бұ Фалымға баяғыдан таң ғой көп.  
Асып кетсем, тасып кетсем арнамнан,  
Оу, ағайын, сөге көрме даңғой деп.

Жігіт едім ақ көңілім жайылған,  
Жарқын жүзді жайсандарға бой үрған.  
Жер-жаянға жақсылықты тілеуші-  
Айырмам не атышулы шайырдан?

Жырды бағым санасам да аялар,  
Ақтарыла алмай жүрген жайым бар.  
Жанымменен түсінісп тұрады  
Бала күннен балғын бұтақ қайындар.

Жүрегімде ізгіліктің сөуесі,  
Адамзатқа жетсе деп ем мәуесі,  
Сыйласқанға көңілдің жоқ кіршігі,  
Жанарапымда – айнакөлдің сөулесі.

Содан болар, жұрттың бәрі бауырдай,  
Жан баласын жат санаман жауымдай.  
Жұз шайысып қалсам егер кей-кіммен,  
Жүрек, шіркін, жүре алмайды ауырмай.

Ойланамын,  
бәрі де адам баласы,  
Мейлі, қандай өзіңе көзқарасы,  
Әрбір жанның – жаны терең сыр сандық,  
Шамаң жетсе, бойлап соған қарашы...



Жан баласын жамандамас жігіт деп,  
Жатқаны емес жұртым мені үгіттеп.  
Адамдардың жарқын жұзі, ақ көнілі  
Ақындардың жан әлемін үгітпек,  
Ертеңімнен күдік емес, үміт көп...

15.08.92

\* \* \*

Қаланың мынау тірлігі  
Көнілге қаяу сала ма?  
Өмірдің өскін бүршігі-  
Қарайлау керек балаға.

Қағынған мынау заманда  
Қапыда қалсан, тым айып.  
Қамқорси қарап балаңа,  
Қасынан табыл үдайы.

Осындай ақыл тұрақтап,  
Ойыма менің ой қосты.  
Өмірде мынау мұрат, бақ-  
Баладан артық болмас-ты.

Өркенің өссе жетіліп,  
Тиер-ау себі еліне.  
Көрмесін олар жетімдік,  
Көнілі шалқып көгіне.

Алдында ұзақ тұр ғұмыр,  
Абай да болған жөн кейде.  
Жазылмау үшін мұнлы жыр,  
Бақыттан тассын бал бейне.

16.08.92

\* \* \*

Жыр құмар жанға мен құмар,  
Жанардан ұшып көк мұнар,  
Жүргегім иіп жөнеліп,  
Тербетер сезім тәтті-бал.

Өлеңің билеп тылсымы,  
Ашылар жанның қыр-сыры.  
Ағыл да тегіл айдындай  
Жетелер жұмақ жыр-шаңы.

Жазғаның жүртты толғантып,  
Отырса ойың қонғансып,  
Шабыттан шалқып, тасынып,  
Жүрерсің соны арман ғып.

Жыр құмар жанға бас ием,  
Өзіңсің менің о, кием!  
Өлеңім жақса жаныңа,  
Қолдап жүр, достым, өтінем!

17.08.92

\* \* \*

Тұнеріп те жүрем-ау тұнек күйде,  
Жын ұрғандай жұлқынар жүрек кейде.  
Жаурынымды қоздырса жел ұскірік,  
Кетердеймін қағынып, ұдел бейне.

Дауыл болсам, мен тездеп басылмаспын,  
Ашуымнан ашынған ашылмаспын.  
Адуын бір келсе де дүлей-пері,  
Албастысын басымнан асырмаспын.

Әруақтанып кетсем ғой бабамдайын,  
Қобыз сарын күніренер Даламдайын,



Сезінермін өзімді желмаямен-  
Қорқыт бабам жіберген адамдайын!

Мен күшіме енгенде тылсым сырмын,  
Дөйді көрсем, доңызды дүр сілкіндім.  
Менің сезім-түйсігім қалар мәңгі,  
Жүрек, шіркін, кетсе де ыршып бір күн!..

19.11.92

\* \* \*

Айдынды көр асып-тасқан айбынды,  
Жаны сүймес жайбарақат жай күнді.  
Ақшулан боп жататұғын ақырып,  
Аза тұтып, бөліскендей қайғынды,  
Айдынды көр, асыл достым, айбынды.

Асау айдын арманымның шынары,  
Алғауы жоқ ақ көңілім құмары.  
Арпалысқан ғажайыптай осынау-  
Ақыныңа айқасты өмір ұнады.

Тұғырыма мықты қонған беренмін,  
Тайталаста тау-құзды да женермін.  
Аруақтарға алармын да сиынып,  
Толқын атқан от жүрекке сенермін.

21.11.92

\* \* \*

Өкпем жоқ осы өмірге,  
Өрекпи өрт боп өтермін.  
Өнердің өрлеп өріне,  
Өрнектеп өлеңдетермін.

Өзгелер, бәлкім, қызғанар,  
Өзекті жарған жырымды,

Өлеңді сүйген қыз-жанар  
Өзгеше үғар сырымды.

Мейлі ғой маған тегінде,  
Меселім тегі қайтар ма,  
Мәңгілік жүрер сенімде  
Сенгемін жүрек-қайнарга.

21.11.92

\* \* \*

Жек көрсем егер,  
тілдеспе бекер,  
жаныма жақын жуыспа,  
**Жақпаған жанға**  
жарбақши алман  
жекжат па мейлі туыс па.  
**Жайдары мінез**  
жарқырап туған  
жігіттер маған жағады,  
**Жайылса құшақ,**  
жанын сап Фалым  
**Жақсылық жасап бағады.**

Болмаса егер  
көнілдің хошы  
көктем боп қалай ашылам,  
Бір сәтке дерсің  
табылғым келмес  
тоң-торыс жанның қасынан.  
Тілеулес болып  
жүрсе де жырақ  
аңсайтын досқа асықпын,  
Өмірде мынау  
жаныңды үғар  
жаз көніл жанға ғашықпын.



Айқара құшак  
 ашар ем дәйім  
 жайылған жанға ағынан,  
 Адаммын сондай  
 жүректің толқын  
 талғам-күйіне бағынам.  
 Ұнатпай қалсам,  
 ұласа мұлдем  
 алмайды маған кімің де,  
 Ұшпаймын құрақ,  
 сыйлай да алман  
 сұрланған жанның бірін де.

Біреулер мені жаз көңіл дейді  
 біреулер болса қыс-қатал,  
 Біреулер ізгі жандырса бойды,  
 ұскіріп біреу мұздатар.  
 Қайтейін, достым, кім болса-дағы,  
 жолым жоқ менің шегінер,  
 Қандайма мейлі күн тусын басқа  
 асau бір көңлім бекінер.

21.11.92

\* \* \*

Тұн ілгендей жанарыма ілкі мұн,  
 Сол мұңымды келер емес сілкігім.  
 Құндер өтіп қамдаумен өз жайымды,  
 Жан бағуға ауып кеткен құлқыным.

Отбасының оматылып күйіне,  
 Тышқаншылап тығыламын үйіме.  
 Тынысымды жазбадым кең далага,  
 Қыр жұпарын жұтпадым да сүйіне.

Тұған ауыл, түис-бауыр, таң нұрым,  
 Сағынышпен есіме алдым барлығын.

Анашымның нұрлы жүзі Күндей бол,  
Жүргігіме жеткізгендей шарпуын.

Ғұмыр-пәни, о, дүние-ай, зырлаған,  
Уақыт, шіркін, ай-күнінді үрлаған.  
Қала, тірлік...  
Тұмсаланып кетіппін,  
Бәрінен сол қатты батып жүр маған.

Тұн ілгендей жанарыма ілкі мұң,  
Келер емес сол мұңымды сілкігім.  
Абызымдай – ауылым арнадым  
Жүрегімнің сағынышты жыр гүлін.

21.11.92

\* \* \*

Желменен бірге азынап,  
Желігіп мен де келемін.  
Жүрегім толған қазына,  
Жанымда демеу – өлеңім.

Жабырқап қайтем, замандас,  
Жалықсам кейде бір сәрі.  
Жігерім менің мұқалмас  
Жігітпін нағыз жыр шағы.

Көңілім көкке өрлең-ақ,  
Қанатым қағам қырандай.  
Таусылар емес арман, бақ,  
Тілегім ойдан шығардай...

22.11.92

\* \* \*

Өмір – өзен, өмір-өлең, өмір-мұң,  
Өмір – өсем, өмір-өксік, өмір-тұн.



ӨМІР, ӨМІР – өтіп жатқан дүние,  
Өрлігімен өлшенетін көңілдің.

Өмірінде қалса да, дос, жол болмай,  
Өзгелерге ғұмыр кешкін қор болмай.  
Өмір сүйер өр тұлғалы өренді,  
Өрге жүзгін өжет мінез тарландай.

Өмірінді өткізе біл өзінше,  
Өлең жазғын тұндерде жұрт көз ілсе.  
Өртене біл өзегінді жандырып,  
Өлекседей күн кешпей жас кезінде...

22.11.92

\* \* \*

Жаманат ой ойламай,  
Жанар оты жарқылдаپ,  
Жұртқа тісті қайрамай,  
Жүрелікші аңқылдаپ.

Жылдар жылжып өтеді,  
Жанталасқан өмір ғой.  
Жымдассаң нең кетеді,  
Жақсылық – ақ көңіл ғой!

Жібектейін желбіреп,  
Жайнаса нұр-жүзіңіз,  
Жаз-дүние елжіреп,  
Жуықтамас күзіңіз.

Жарқын қабақ танытсан,  
Жаны иір кімнің де,  
Жаның сырын ағытсан,  
Жасаарсың, білдің бе?!

30.11.92

\* \* \*

Мені өзіңе тартады,  
Сендік жүрек-қуатың.  
Сендік жүрек-арманы-  
Менмін бақыт-мұратың.

Жұз шайысып қалсақ та,  
Жан-жүрекке артпай мін,  
Қызы мінез болсақ та,  
Жанбыз тағат таппайтын.

Іңкәр жүрек ынтығып,  
Бірін-бірі іздейді,  
Жырақтаса, жұлқынып,  
Үміт жібін үзбейді...

Тартысып та қалғанмен,  
Таптым сені бағыма.  
Бағыналық арман мен  
Тартылыстар заңына...

30.11.92

\* \* \*

Карсы жүзген толқындармен өштеніп,  
Дауылдарға қарсы келем төс керіп.  
Көкірегіне түймейтүғын сүмдығын  
Жүрерім бар жарқын жанды дос көріп.

Менің кеудем мәңгі өшпестей алаулы,  
Мейлі жылдар болсын қанша санаулы,  
Маздақ болып жасар өшпес рухым,  
Кетер кезіл көл-дария ғаламды...

6.01.93



\* \* \*

Өзіңе сен, өзіңе сен, беу, досым,  
Менмендердің кергілерміз кеудесін.  
Өмірдегі таймай тұра жолынан,  
Тұлабойды шабыт-шалқу кернесін.

Досқа сенсөң, сеніміңе жаусын нұр,  
Сенім-сезім аялаумен жарқын жүр.  
Сенің қара көздеріңнің отындай –  
Ақын бауырың жазар арнап жарқыл-жыр.

Бұл өмірге келдік неге дегенде,  
Жанартауың атқыласын дененде.  
Жұбымызды жазбай ғұмыр кешелік,  
Әрт қалпымыз, өрнек салып өлеңге...

15.01.93

\* \* \*

Сергіл бір жүрген шағымда  
Серілік мені буады.  
Сырлас дос іздеп жаныма,  
Жүректен жырлар туады.

Сүйетін жігіт едім мен  
Айқара көңіл ашқанды,  
Сұп-суық сүрғылт өмірден  
Қалайды жаным қашқанды.

Көктемдей болып құлпырып,  
Желлініп жүрсек керім-ді,  
Жүрегің – бұлақ бұлқынып,  
Сырлас дос іздер сері үнді.

Па, шіркін, пәни тірлікте  
Жарасым тауып жан-әлем,

Дос келер деген үмітте  
Құндерің өтсе дәмемен.

Оларды күтіп жалықсам,  
Мен өзім маза таптаймын.  
Ойларға шомып жабықсам,  
Тып-тыныш үйде жатпаймын.

Кетемін кезіп даланы,  
Кетемін кезіп қаланы.  
Достар да мәз боп қалады,  
Көңілдің өсіп самалы.

**7.02.93**

\* \* \*

Өмір жайлы ойлай қалсақ, бауырлар,  
Мойындағы жүк дегенің ауырлар.  
Құнделікті қым-қуытың – тұл тірлік,  
Оның өзін өмір деуге дауым бар.

Жылдар жылжып, көшіп уақыт керуені,  
Тығырыққа тірейтіндей пендені.  
Сенделесің сең соққан бір балықтай,  
Өмір бейне өрмекшінің өрмегі.

Барады ағып сол тымырсық дүние,  
Тығыласың тышқаншылап үйіңе.  
Арыла алмай құнделікті күйбенен,  
Тұн баласы күрсінесің күйіне.

Шешім таппай жұмбағына өмірдің,  
Үйқы қашып өткен жоқ па небір тұн.  
Сол өмірдің құпиясы көрінер –  
Астарынан Құрес пенен Көңілдің.

Құрес деген басталады өзіңнен,  
Көрінеді ұшқын атқан көзіңнен.



Тұған жер деп, тұған ел деп толғансаң,  
Халқың сені ер-азамат сезінген.

Бұқпай төмен үрпағыңың алдында,  
Үқсан өтсөң тұнді тілген жарқылға,  
Ұлағатын бабалардың сіңірген  
Ұландарың қалса өзіңдей артында.

Тай-құлныны секілденіп Дағаның,  
Жеткіншегің жаза берсе қадамын,  
Абыроимен өткіздім деп есепте,  
Бұл өмірдің өзгеше бір пағын.

Жан сырынды ашық жайып адамға,  
Жақсылықты жасап-ақ бақ ғаламға,  
Көңілінде тығылмасын түйткілің,  
Бұл өмірді қия көрме арамға.

Ей, бауырым, құлағың түр бір сәтке,  
Бұл өмірді жандырып бір сұрсек пе?!

Сен, ендеше, сезік салма сенімге,  
Сен, ендеше, тайғанақтық көрсетпе!

2.12.93

\* \* \*

Соңғы кезде ой басады, мұң қалың,  
Толғанады терең бойлап бұл Фалым.  
Көшкен бұлттай жылдар жөңкіп аулаққа,  
Жастығымның ала кетті-ау гүл бағын.

Көкірегімнің күйі қайда дауылды,  
Ағыл-тегіл шағым қайда жауынды?  
Шалқып жүрген ақын қайда өрт мінез,  
Аңсай сүйген туған дала, ауылды.

Сағынышпен еске алатын бауырды,  
Кездер қайда қаным тасқан арынды?  
Кең дүниеге сыя алмай сенделіп,  
Фұмыр кешкен күндерім-ай жалынды.

Өтті бәрі,  
өкініш жоқ өзімде,  
Омір сүйген махабbat бар көзімде.  
Ақыл тоқтап, ойлылыққа ұласып,  
Шалынғым-ақ келмейді үшпа сезімге.

Тұла бойда қалса-дағы қызу-от,  
Желпінсем де бал шарапқа қызып ап,  
Желік құмар тіршіліктен беземін,  
Жанұямнан жоқтай артық ұжмақ..

Солай деймін, бекем менің жүрісім,  
Жынды құсап кешкен тірлік құрысын,  
Жазғы самал секілденіп желпнін,  
Жан-жарымның кеңітейін тынысын.

Өз ошағым ғана емес, ұлы елім  
Сеземін ғой сенім артып жүрерін.  
Жас жетпістен асқан ата-анам да  
Білемін ғой үл тілеуін тілерін.

Ей, азамат, енді өзіңе бол мығым,  
Елден ерек тасамын деу – сорлы ұғым.  
Одан-дағы қазағыңа қорған бол,  
Көрсеттірмей көлденененің қорлығын.

Осы сөзді өзіме-өзім серт қылам,  
Жүргегімде оянады өртті ұран.  
Бәріміз де елдің қамын ойлайық,  
Құлағың тұр, қайсар қандас, беу, қыран!



Алданбайық арзанына тірліктің,  
Марғасқасы атанайық жігіттің.  
Осы ойымды арнадым бар қазаққа,  
Үзігінен ұстағандай үміттің.

2.12.93

\* \* \*

Өлім жайлыштың салқындығынан  
Салқын ойлар кеудемді қуып, кезді...  
Жыл өткесін өзінді жоғалтардай  
Мұздай жасым барады жуып көзді...

Шошынғандай тағдырлы ертеңімнен,  
Отырғандай ес кетіп тентегіңнен.  
Өміріме нұр құйған Махаббатым,  
Коштасам ба күншуақ-келбетіңмен?

Кездесіп ек балауса шағымызда,  
Тағдыр тартқан мол сыйын бағымызға.  
Бақытымыз секілді балапандар  
Бал құлкімен үйиған жанымызда.

Қол ұстасып арманмен алға асып ек,  
Асау мінез айдынның арнасы ма ек?  
Ажырамастай мәңгі жарасып ек,  
Алышп-ұшқан толқындай талмас жүрек.

Мерейленіп, талай мен тасып кеттім,  
Ақын көңіл, арнамнан асып кеттім.  
Шартылдаған бейне бір жасын едім,  
Достарға ақ көңілді шашу еттім.

Сондай кезде сен мені басуладың,  
Ренжідің, ұрыстың, ашуландың.  
Қанша кеуде қақсам да өршеленіп,  
Бәрі сенің арқаңда асыл, жаным.

Сен болмасаң, мен деген бейшарамын,  
Құлазысаң, қалайша жай табамын?  
Өтер болсаң ал осы дүниеден,  
Дауыл ұрган кемедей шайқалармын.

Бұл өмірдің жоғалар мәні сонда,  
Ондай ашы сөз айтпа налысаң да.  
Шығармашы есіңнен балаларды,  
Сенсіз өгей тағдырмен алысам ба?  
Жер астында өзіңмен табысам ба?

2.12.93

\* \* \*

О, достар, достар!  
Жұздерің нұрлы  
арайлап атқан ақ таңдай,  
Өздерің барда  
көл-кесір көңіл  
толқындей тулас жатқандай.  
Жанамын өзім  
жарқылдап көзім  
лаулаймын маздақ оттардай,  
Жаздайын жайнап,  
гүл атқан жасыл  
құлпырған барқыт бақтардай.

О, достар, достар!  
Кең болса пейіл,  
керім ғой өмір,  
тарылмаң мынау тірлікте,  
Далада тұған  
жас күнде думан  
ұқсалық қыран бүркітке.



Ағыстал жатқан  
заманда мынау  
бізден де артта қалсын із,  
Жанымен жақын  
ұғысқан жаннан  
ішіңе мerez сыр бүкпе.

О, достар, достар,  
теніздей болып  
тасып бір жүрсек,  
асық боп жүрсек көрмекке,  
Өлеңдей өмір  
толар-ау небір  
өкінбес ертең өрнекке.  
Өзіңмен өзің  
қымтанып кешкен  
тірлікке тұмса жаным қас,  
Жалғыз бір қалсам  
сыймайтын жанмын  
достарсыз мұңдылы жыр-көкке!

29.03.94

\* \* \*

Мұңдайып қалсам кейде мен:  
ондайда жаным  
өзім де үқпас тылсым сыр,  
Жүректен жарып  
шығады дерсің жыр-сыңғыр.  
Зымырап мынау  
агындал жатқан фәниде  
О, муз, мені  
сиқыршы жандай сілкіндір.

Тұқшиып төмен  
әткізер күнін пендे ме ем,

Өмірге мынау  
өкіну үшін келмегем.  
Іздесен мені  
үйіме келші қайран дос,  
Болайын қыран  
қияға құлаш сермеген.

Ақтарсақ сырды  
шалқытып құсын көңілдің,  
Бар мәнін сонда  
ұғармыз ұлы өмірдің.  
Бопсалап тірлік кешкенше  
келте ғұмырда  
Келеді дәйім  
ақ жауын болып төгілгім.

Базбіреу бәлкім  
кінәлар бізді жаратпай,  
Жаттанды ойды  
қылармыз бейне талақтай.  
Өзгенің, достым,  
қайтесің қаңқу сөздерін,  
Үйіме келші  
тылсым бір тұнде таң атпай.

Сонда біз тірлік  
кешпейміз мұлде жаттанды,  
Қарсы алыш бірге  
арайлап атар ақ таңды.  
Кетейік кезіп  
көктемгі жасыл бақтарды,  
Еске алу үшін  
елестей сол бір шактарды...

8.03.94



\* \* \*

*«Душа просит покоя»*

A. Блок

Айдын көңіл асып-тасып арнадан,  
Тіршіліктің қызығына қанбаған.  
Той-думанмен жатыр өтіп ән-ғұмыр,  
Жарық күнге тойынатын бар ма адам?

Жаным-дауыл, қалай ғана бүйігам,  
Өмір, шіркін, жалғыз рет бүйірған.  
Бал бақытын аямаған қашанды  
Тәңірінің құдіретіне сиынам.

Жанарыма сөуле шашып, нүрлі еткен  
Өтті күндер, өтті жылдар дүрмекпен.  
Қуанышты шақтар барда шуақты,  
Бұл өмірді тыным тауып сүрмелек пе ем?

Ағыстайын өрлігінен таймаған,  
Отты жүзім күн көзіндей жайнаған.  
Ақ көңілім ақтарылып адамға,  
Жүргімде сандуғаштар сайраған.

Мен ғашықпын ұлы өмірге соншама!  
Дейді көңіл: бүйіқпа да шаршама.  
Дамыл таппай болмас кейде бірауық,  
Күтіп тұрған сөттер алда қаншама!

14.03.94

\* \* \*

Халқының қаны сіңген келбетіне,  
Ел үшін кеуде керген жел өтіне,  
Ез емес, ер мінезді жаратылған  
Көңілдің хошы келер ерлеріме.

Жүргегім тыным бермей ұрғылаған  
Жан едім теренімнен жыр құраған.  
Даңғайыр жігіттермен дала болып,  
Жұсанның жұпар ісі бұрқыраған.

Шалқыдым асау теңіз – дариямдай,  
Шабыттың шуағынан арыла алмай.  
Жасасын жайсаң жанды азаматтар,  
Сыйлассаң сыйлайтұғын жаны қалмай.

Атырдым ондай жанмен таң да бірге,  
Достардың қалған ізі әр күнімде.  
Солармен өмірімді думан еттім,  
Жүрге дайынмын да мәңгі бірге.

Сырымды мен оларға жайып тұрам,  
Дос көрсем көзден мұңды ғайып қалам.  
Қашанда көңілімді көркейтеді-  
Қазақтың жігіттері сайыпқыран!

21.03.94

\* \* \*

Бармын мен жердің бетінде,  
Өтеді заулап әр күнім.  
Беймаза жаным тегінде  
Адамның іздер барлығын.

Көргем жоқ дүние тарлығын,  
Көңілдің құсы шалықтап,  
Сөздерге жылы балқыдым,  
Қырандай көкте қалықтап.

Айналам толған арай-жұз,  
Құлпырып атар әр таңым,  
Арқалы туған адаймыз,  
Шуаққа бөлер бар маңын.



Ескермей қалса ел егер,  
Есептен шықтым демеспін.  
Сене бер, достым, сене бер,  
Ұмыта қоймас мені ешкім.

8.04.94

\* \* \*

Көңілсіз келем үйге мен,  
Көңілсіз келем үйге мен,  
Дүние түгел құлазып,  
Сұрланған сұрқай қүйге енем.  
Мазасыз менің жанымды  
Жалғыздық дерті билеген.  
Жабықтырдым ба жарымды,  
Өзім де енді қүйрекем.  
Жігіт ем сондай, қайтейін,  
Жанға да басын имеген,  
Толықсып туған айдайын  
Қалқаны сондай сүйген ем,  
Қалдырып оның көңілін,  
Қашты ғой, маза, қүй менен,  
Қайдасың, қайда, өмірім,  
Оралдым саған үйге мен!

9.04.94

\* \* \*

Маган түк те керек емес, ағайын,  
Байлығың да, атағың да, даңқың да.  
Жылды сөзге жүрем шөлдеп ләйім,  
Дүниеге ғашық болған қалпымда.

Сен де, мен де – жаратылыс пендесі,  
Замандаспыш жарық құнді бір кешер.  
О, адамзат, ғаламда жоқ теңдесі,  
Жайсан жандар жарқыл қағып тілдесер.

Жалғыз рет тағдыр тартқан тірлікте  
Жарастықпен не жетер күн кешкенге.  
Жолдас болсан, ішмерездік сыр бүкпе,  
Не жетеді самал жел боп ескенге.

Жақсыларға жуықтасаң жаның нұр,  
Жүргегіңе шашпай түрмас сөулесін,  
Адамдардың ақ көңілі – лағыл-гүл,  
Іітеді сезімтал жан кеудесін!

*5.08.94*

\* \* \*

Тағы түр ма сезіліп күз лебі,  
Мына желің не іздеп үздігеді?  
Менің жаным құс болып ауылға ұшып,  
Жүргім келер ата-ана, бауыр құшып,  
Тумысымнан жан едім туыс құмар,  
Тірлік кейде жаурынды құрыстырап,  
Кеуде керіп замана өкпегіне,  
Жете алмадым кең жайлau бөктеріне,  
Айлар менен апталар ағыстады,  
Ауылыма жете алмай алыстағы,  
Сағыныштың кептері самғайтындей,  
Көңілімнен мұң-муза қалмайтындей,  
Қанат та бар шырқасам талмайтындей,  
Сонда жайым не елге бармайтындей?  
Болмайды еken өзімді қайрамасам,  
Бойда қанды тулатып қайнамасам,  
Тірлігім не бауырды баурамасам,  
Ата-анамның көңілін ауламасам?

*2.08.94*

\* \* \*

Өлең мені таstadtы деп сөгер ме,  
Өрен едім өмір қияр өнерге.



Жан-дүнием жүргенімен жырлатып,  
 Жалын лаулап дауыл толы денемде,  
 Мен арманнан аулақ салып іргені,  
 Аз болды ма мақсат қызып жүргелі,  
 Ақының артады зіл салмағын  
 Беу, дүние, тылсым заман дүрмегі!  
 Қатайып та кетемін-ау тым өзі,  
 Қарасуық секілденген мінезі,  
 Қайсарлықтың қанжарына ұқсаған  
 Қайран, қайран, жарқын жанның нүр жүзі.  
 Өзді-өзімді танымаймын кейде мен,  
 Жүре берем жан ұқпайтын бейнемен,  
 Суық тартып кеткенінде жан-әлем,  
 Сырға толы жүрегімді сөйлетем.  
 Өлең деген мәңгі мендік сыр-тұнба,  
 Жүрем шөлдеп ғұмыр-пәни жыр-мұнға.  
 Өлең деген – бабалардың мұрасы,  
 Қанға сіңген қасиет қой ұлтымда.

2.08.94

\* \* \*

Өлең-жыр құған арманшыл бала едім мен,  
 Өмірге мынау ынтыққан албырт көңілмен,  
 Кең дүниенің жайылған жарқын құшағы –  
 Қарсы алған мені қашанда ыстық пейілмен.

Мен кімге тегі жүрген ем шағым, кінә артып,  
 Бәрінен маган ақниет жандар мың артық.  
 Жүргенде шалқып жылдарым жылжып барады  
 Алыста қалған сағымдай болып мұнартып.

Көңілім менің жанға да жат боп жайылмай,  
 Тербеліп жүрдім ырғалған аппак қайынданай.  
 Адамға тегіс жақсылық ойлап тек қана,  
 Кештім ғой дүние бірінен-бірін айырмай.

Фаламнан мынау осылай шалқып өтерміз,  
Бұйырса бір күн армандарға алыс жетерміз.  
Өмірге менің өзімнің мұлде жоқ өкпем,  
Өмірге мынау нұр шашып келген екенбіз.

Тірлікте әсте болмайды қар-мұз құрсанып,  
Кешелік ғұмыр дауылды желдей бұрқанып.  
Жастығым, шіркін, зымырап алып кетер-ау,  
Өтеді уақыт байқатпай тіптен ұрланып.

Арғымақ атым, ағылшы сен бір іркілмей,  
Дүние-дәурен өтеді дерсің бір күндей.  
Бойымда барды халқыма беріп кетейін,  
Өтеді уақыт сиқыршы сынды білдірмей...

23.08.94

\* \* \*

Көзімнің шуағындай,  
Жанымның бұлағындай,  
Жалын-куш-қуатымдай,  
Кектегі қыранымдай,  
Мәңгілік мұратымдай –  
Балаларым.

Сендермен мақтанам да,  
Қуаныш, шаттанам да,  
Өмірлік бақ табам да,  
Көңілім елжірейді  
Баладай тәтті адамға.

Бақытты жүздерінде  
Мәз күлкі жүзгенінде,  
Тағдырға тағзым еттім,  
Әке еткен өздеріңе.



Балапан құрақтарым,  
Жаңарым-шырақтарым,  
Балауса шыбықтарым,  
Қошақан, лақтарым –  
Сүріндер ғұмыр тәтті,  
Болыңдар шын бақытты.

23.08.94

\* \* \*

Көп күндерім өтті менің тербеліп,  
Кең дүниеге жасадым сан еркелік.  
Құшақ жайып жарқын құшақ жігіттер,  
Шалқытты ғой шабыттыма жел беріп.

Бұл өмірде тасқын болған кезім көп,  
Лапылдаған шағым қанша сезім-от,  
Күйбен тірлік бұғауына көне алмай,  
Қорықпастан кетуден де жазым бол,

Кеуде керген дауылдарға өрт едім,  
Досын сатпас арын мінез мәрт едім,  
Тұмсалықтың сілкитіндей пердесін  
Қараңғыда жарқыл қағар жалт едім.

Үққаны да аз ба достың ақынды,  
Сыйлай алмас мен бе кісің жақынды?  
Бауырым деп жаяр болса құшағын,  
Қияр едім сол жан үшін жанымды.

Беу, дүние, бесігінде тербелем,  
Бұл дүниенің қызықтарын мен көрем.  
Жалғыз қалсам жындыдайын сенделем,  
Тұлабойды сезім селі кернеген.

Дос-жаранмен ғұмырымды жайнатқан,  
Жігіт едім жүрегімді сайратқан.

Жақсы жандар туысымдай ыстық боп,  
Жәдігөйлер зығырданды қайнатқан.

Ізгі ойлар жарып бойдан бүршігін,  
Зымыраумен барады өтіп тіршілік...  
Кей күндері дамыл тауып тыншыдым,  
Қатты-қатты жүрістерден түршігіп...

*8.09.94*

\* \* \*

Мына өмірге сыймай кетер ме екенбіз.  
Мына өмірді қимай кетер ме екенбіз?  
Ұлы өмірмен қоштассақ та қай күні,  
Сол өмірге ғашық болып өтерміз.

Біз өтерміз мүмкін бір күн аз жасап,  
Сол аз жылда жалын болып маздасақ,  
Керек кезде дауыл болып дүлейлі,  
Жайшылықта жарқырасақ жаз құсан.

Жүрсек кейде үшқан құстың кейпімен,  
Күйіп-жанып от жүректің өртімен,  
Салқын қабақ танытқанда дүние,  
Шарпыласың тіршіліктің дертімен.

Соған бола боламыз ба құса біз,  
Қақсақ қанат биіктерге үшамыз.  
Жарық күнге іңкәр болған жан едік,  
Бар әлемді бауырлардай құшамыз.

Дархан ниет далага үқсас қеңдікпен  
Ақ көңілді адамдарға ентіккен...  
Ақшуланды теңіз көрсе тасынып,  
Арғымақтай шабытына жел біткен.



Өмір сұру мүмкін емес бір қалып,  
Өмір емес кешкен тірлік сұрланып.  
Қаумаласа жан-жағыңдан достарын,  
Ғажап дүние шұғыла шашар нұрланып.

Сол өмірге сыймай кетер ме екенбіз,  
Жанға шуақ сыйлай кетер ме екенбіз?  
Лапылдаған мәңгі алаудан айнымай,  
Кім біліпті, өшпес күйге жетерміз?  
Кім біліпті, тірлік кештік бекер біз?

15.09.94

\* \* \*

Мен неге босай берем,  
Көңілім берік еді,  
Өзімді асая көрем,  
Жігерім – сенім еді.

Кей күні тылсым жанмын,  
Табиғат секілденген,  
Жанаңға мұң шылармын,  
Желдейін екіленбей.

Мың риза Жаратқанға,  
Үні едім пайғамбардың,  
Әр күні таң атқанда  
Көңілді жайлағанмын.

Тәңірім берді бәрін  
Бақытын, базарын да.  
Жырла деп енді Фалым,  
Тұр күтіп Қазағым да.

Бойымда – сағынышым,  
Жетелеп ойлар алыс,  
Сапарда – бақыт құсым,  
Сарғайдым, күн демалыс.

11.02.95

\* \* \*

Тәтті өмірдің бесігі  
тербетеді жанымды,  
Айдынында қалқимын  
сындырмастан сағымды.  
Тереңіне теңіздің  
ой бойлатып тұрғанда,  
Тоқтата алмай барамын  
жүректегі ағынды.  
Ағын жырым жаңбырдай  
құя берсе демекпін,  
Адам болып жер бассам  
мен халқыма керекпін.  
Қазынамды іштегі  
шығарайын жүртыма,  
Мынау заман бойыма  
шабыт қүйды ерек тым!  
Шалқар шабыт бойымды  
алай-дүлей кернесе,  
Шашайын жан жылуын  
адамдарға ендеše.  
Мынау дүрмек дүниенің  
дариясында жүзейін,  
Жан бағумен отырмай  
үйкүшік бір пендеше.  
Бола ма ер егерде  
сенімі нық болмаса,  
Дүниенің түйткілін  
терең барлап шолмаса.



Мен келемін ғарышкер  
кемесінде бейне бір,  
Жұлдызға да жетердей  
Бекет атам қолдаса!  
Кеудем көлкіп барады  
арнасынан асардай,  
Бұл өмірді сүрелік  
жуас емес, асаудай.  
Мимырт тірлік жараспас  
болам деген жігітке,  
Арғымақтар жүйткісін  
арындарын баса алмай!

17.05.95

\* \* \*

Сеземін  
дүние-арман,  
дүние-жалған,  
Қара жер бауырына кімді алмаған.  
Кешегі жүрген жандар жаныңда емес,  
Жоқ болар өмір келсе бір Алладан.

Тірліктің үқпаймыз-ау кейде мәнін,  
Зымырап өтетінің бұз жалғаның.  
Адамдар өтсе өмірден ойланамын,  
Сезініп сүм тағдырдың зіл салмағын.

Аяулы талай арыс  
аттанды алыс,  
Көп адам көз жұмуда маған таныс.  
Қарасаң заулап жатқан өмір-өзен,  
Секілді өтер-кетер адам да – ағыс...

17.05.95

\* \* \*

Тұрамын да төсегімнен күнде ерте,  
Тағдырыма тағзыым етем мың мәртеле.  
Тәңірінің тартқан сыйы сен едің,  
Бақыттымыз бірге ғұмыр сүргенге.

Әр таң сайын арай шашып нұрланар,  
Жалын жүрек толқын атып жырлатар.  
Сен барында теңіздейін тасынып,  
Сүйген жарың ақтарыла тіл қатар.

Қанат бітіп сенің тұнық кейпіңнен,  
Әр күн сайын қуаттанып, серпілем.  
Махаббаттың әулиесі секілді-  
О, періштем, мәңгі айнымас сертінен!

Қай-қашанда саған құрақ үшамын,  
Көрмей қалсам, билер бойды құса-мұң.  
Сенсіз маған жарық күннің мәні не,  
Күннен де ыстық сенің отты құшағың!

17.05.95

\* \* \*

Сен қарайсың күліп маған,  
Жүзің бал-бұл жайнайды.  
Жан-дүниен тұнық ғалам,  
Жүрегімді баурайды.

Іңкәрлік бұл кімдегі артқан,  
Мен бе, сен бе тым ғашық?  
Әліп-өшіп шын ұнатқан  
Жалғыз қалса мұң басып?

Екеуміз де делқұлыдай  
Махаббаттың Мәжнүні?  
Асая Каспий толқынындай  
Аласүрған әр күні.



Келші, қалқам, келші бермен,  
Дұрсілдесін от жүрек.  
Бақ-құсымсың мен тілеген,  
Ет-бауырым елжірең.

Өмір – қысқа, өтер заулап,  
Қаналық біз балына.  
Сүйген жардың көңілін аулап,  
Кіршік салмай жанына.

Сонда Құн де нұр-шұғыла,  
Төге берер аямай.  
Өткен қандай ғұмырыңда  
Асылыңды аялай.

26.05.95

\* \* \*

Сынық кездерінді көрмейін,  
Тұнық кездеріңнен өбейін.

Қала көрмегейсің мұнланып,  
Жана бергейсің нұрланып.

Бала қалпыңдан еш айныма,  
Дара қалпыңдан еш айныма.

Лаулап жүрегінде от-жалын,  
Жайнап жүре берші, жаным.

26.05.95

\* \* \*

Көңілімнің хошы болмай тұрғаны-ай,  
Беу, ақыным, тасырлығың бұл қалай?  
Жүресің сен жынды мінез танытып,  
Қолыңдағы бақыт құсын жұлмалай.

Өміріңің сол емес пе мәнісі,  
Жүрекке ыстық махаббаттың дауысы,  
Кірпігіне кіrbің іліп не еткенің,  
Онсыз да өтіп барады өмір – ағысы.

Сыйластықпен өлшенбей ме аз ғұмыр,  
Жарың қандай секілденген жазғы нұр.  
Еңірейсің енді іштей сен өзің,  
Жараланып жабырқайды нәзік гүл.

Кетіп кейде қаласың-ау тым еркін,  
Ұнсіз жүрсөң, қара бұлттай тұнердің.  
Сенің жұмбақ әлемінді кім ұғар,  
Неге суық, неге қатты жүрегің?!

29.05.95

\* \* \*

Тұндер, тұндер,  
Сыршыл, жұмбақ әлемім,  
Қайда, қайда  
Мұңлы менің өлеңім?  
Үйқыменен барады ағып жылдарым,  
Жыр нөсерін қашан енді төгемін?

Соны ойласам,  
кейде көңілім болар пәс,  
Музатұндер – періштем бе оралмас?  
Бұл күндері маубас болып кеттім бе,  
Сел сезімнің шарпуына оранбас.

Бұл өмірден бақ тапты ма бұ Галым,  
Жүрек қайда жалын атқан сұрапыл?  
Бала күнгі жоғалды ма ізгі арман,  
Болсам дейтін дара туған ұлы ақын?!



Өмір, өмір, алғаның ба жетекке,  
Сол өмірге икемделу керек пе?  
Өмірімдей сүйген едім өзінді,  
Өлең, маған артасың-ау сен өкпе?

2.06.95

\* \* \*

Көңілімнің кептері  
қайда самғап барасың,  
Шағаладай көктегі  
неге қиқу саласың?  
Жаз айында жаным бір  
маза таппай толғана,  
Қиял, шіркін, қалықтап  
құсша қанат қағасың.

Тұла бойды ой билеп  
муза-мұндан арылмай,  
Қызы қаным өртеніп,  
лапылдаймын жалындар.  
Талай күндер зуылдаپ  
дүрмекпенен өткен бе,  
Тағы да жаз келіпті  
неткен жүйрік апырмай.

Өткен күндер қалады  
елес болып сағымдай,  
Жаның барда кеуденде  
аларсың ба дамылдай?  
Сәйгүлікке мініп ап  
құйғытқым-ақ келеді,  
Кең даланы сүйемін  
қаным менен жанымдай.

Жүрем қанша, бауырым,  
құрсауында қаланың,

Тұған жерден нәр алған  
арманы асқақ баламын.  
Жаз айында жадырап  
жүрудің мен орнына,  
Сағынышты сезіммен  
мұңға оранып барамын.

Ауылды да аңсаймын  
жұпарына ынтығып,  
Бауыр десе жүрегім  
өрекпиді жұлқынып.  
Қалай көңіл аумасын  
Алматыдай шаһарға,  
Аңыз қала – астана,  
айтатындай жыр қылып.

Пай-пай, шіркін, жаз шыға  
кетсең кезіп әлемді,  
Тамаша ғой тамаша  
шарласаң ғой бар елді.  
Саяхаттап, сайдрандап,  
сапар шегіп жүрсөңіз,  
Бұғау салып ірікпей  
көңіл, шіркін, дөненди.

Жаз күніндей жарқырап,  
сонда өмірің гүлденер,  
Сылдыр қағып ақбұлақ,  
бар тіршілік түрленер.  
Жаз айында шабыттың  
пырағына мініп ап,  
Жан-дүниең сайраса,  
жүрекке өлең-жыр келер.

Ай-хой, жаздың күнін-ай  
тұла бойды тұр өртеп,  
Күн шыққанда нұрлана  
кімнің өнді түнермек?



Жарық жүзбен жәмиғат,  
жолықсақ біз жымып,  
Табиғатпен жарасып,  
Адам жаны түлемек.

7.06.95

\* \* \*

Сыймаймын кейде жердің бетіне мен,  
Көңілді көкке ұшыrap өмір-өлең.  
Бір ауыз жылы сөзге жаным ұйып,  
Әуен-саз тыңдай қалсам тебіренем.

Шалқыған шат күйімде дара-дүрмін,  
Іс қылғым келмес тегі қарадүрсін.  
Әлдекім намысымды қайраса егер,  
Үрейін ұшыраптадай баһадүрмін.

Дүниеге іңкәр болып күн кешемін,  
Жақсымен жаным жасап тілдесемін.  
Ерімін адамдардың мейіріміне,  
Достарсыз жалғыз қалсам мұң кепремін.

Мен өзім мазасызыдау жан ба екенмін,  
Жайнаған нұрлы өлемге таң ба екенмін?  
Бұйырган жалғыз рет тіршілікті  
Қолымнан келгенінше мәнді етермін.

Марғасқа ғұмыр кешіп кейіппенен,  
Мен талай табылармын биіктерден.  
Мәңгілік менің жаным болар бірге  
Жаратқан туған жерім, сүйікті елмен!

22.06.95

\* \* \*

Қарап маған кейіппенен өкпелі,  
Қызғанасың алабөтен көп мені.

Сенсің, жаным, сөуле шашар жаныма,  
Жалғыз ғана жарық жүлдyz көктегі.

Қызғанасың жүрек сырғы-өлеңнен,  
Қызғанасың мынау жарық әлемнен,  
Мені бүкіл дүниеден қызғанып,  
Толғанасың, толғатасың тереңнен.

Есепке алып минетімді әр күнбекүн,  
Фажап дерсің қызғанумен жүргенің.  
Қызғандың сен көбелектен қырдағы,  
Қызғандың сен кең даланың гүлдерін.

Есің қалмай сүйіп жаны-тәніңмен,  
Қызғанасың мені бәрі-бәрінен.  
Махаббаттың киесіне ұқсаған-  
Мәңгі-бақи тағдыр қосқан жарым ең.

Сенің көңілің кіршіксіз ақ бұлақтай,  
Көзің сенің – оты өшпейтін шырақтай.  
Мені, жаным, елестерден қызғанып,  
Жүрсең етті құр бекерге кінә артпай.

Сенен өзге керек дейсің маған кім,  
Аруымсың, асылымсың жаны алтын.  
Құшағыма алып мәңгі өзінді,  
Махаббаттың узынына қанармын.

26.09.95

\* \* \*

Қоңыр күз.  
Бұлтқа оранған көгімде күн,  
Біртүрлі өмір сүрқай, көніл жетім.  
Бойлайды өнбайымды қарасуық,  
Сезілер селкеу тартқан өңімде мұн.



Тегінде мен боркемік пенде ме едім,  
Жанымды ұғар жаңға кенде ме едім?  
Өмірдің айдынында талмай жүзіп,  
Желкенін кеудем-көкке керген едім.

Жабығып, жан емеспін жасып қалар,  
Марғасқа жайсаң жігіт жасын болар.  
Жүргім тау толқындаі үрғанымен,  
Кей күні күрсініс те басымда бар.

Күз күні мазалайды ойымды орап,  
Қараймын қалтыраған қайынды аяп...  
Жегі құрт секілденіп бойымды алған  
Кетер ме көнілдегі уайым тарағ?..

6.10.95

\* \* \*

Күн артынан күн өтіп,  
Жыл артынан жыл өтіп,  
Уақыт-сынап сырғиды  
Жылдамдығын үдетіп.

Кейде көніл өседі,  
Көктем-самал өседі.  
Бәйшешектер бүр жарып,  
Қою бұлттар көшеді.

Бірде күліп таң нұры,  
Бірде құяр жаңбыры.  
Маңдайына жазылар-  
Әр адамның тағдыры.

Бақытыңыз – бағыңыз-  
Аман болса жаныңыз,  
Тіршілікте бес күндік  
Сынбай жүрсін сағыңыз.

Пенделікке тұсалмай,  
Ғұмыр кешсек асаудай:  
Елдің мұңын арқалап,  
Азап шеккен Асандаі! (Асан Қайғы)

11.04.96

\* \* \*

Лаулап тұрған отпын мен,  
Қызып тұрған шоқпын мен,  
Қызбалықтан арылып,  
Сөніп қалған жоқпын мен.

Ойлы шағым бұл менің,  
Сабыр сақтап жүргенім.  
Көз алдынан өткізем  
Кең дүниенің дүрмегін.

Ағыстайды жылдарым,  
Алға тартып думанын.  
Арлы азамат ойлайды  
Келешегін, үрпағын.

Қияс кетер жөнім не,  
Нұрлы шуақ – өңімде.  
Ұялайды жылыштық  
Қатты мінез, көнділге.

Арғы иінім бос мұлдем,  
Ағыл-тегіл тасқын ем,  
Намысына қайралған  
Өжет туған жас күннен.

Енді өзімді тұсаймын,  
Жуас жанға ұқсаймын.  
Самғап, самғап, дем басқан  
Бейне қыран құстаймын.



Көз тігемін тауларға,  
Көз тігемін заңғарға.  
Өзімді өзім баптайын-  
Жетпек үшін арманға!

26.04.96

\* \* \*

Мен бұрын мұн кешуші ем өлеңді ойлап,  
Толғанам өмірге енді терең бойлап.  
Ортенген өн бойымның дауылты өшпей,  
Толысып, толқын атар кемел-қайрат.

Мен мәңгі тумасам да жырдан бөлек,  
Екпінмен өткізсем де жылдарды ерек,  
Өмірдің асау-ағыс айдынында  
Өзгеше шабыт-құймен тулар жүрек.

Мен мұлде тайыз да емен сарқылардай,  
Жүре алман күркіремей, арқырамай.  
Өмірді өлеңменен өлшесем де,  
Санамда сан-сан сауал жаңғырадай.

Ойлаймын ауылдағы анам жайлы,  
Ойлаймын қос құлымын – балам жайлы.  
Қазақтағы да үл керек десем,  
Жарыма қарап көңлім алаңдайды.

Демеймін таққа асығам, баққа асығам,  
Тәңірім ғұмыр жазып, сақтасын жан.  
Елімнің қадесіне жаратамын,  
Тірлікті басталатын отбасынан.

8.05.96

\* \* \*

Жүректен өлең, шіркін, сорғалап тұр,  
Жүрмейін бұл өмірде қорғалап құр.  
Жан-жақтан жиналмай ма дүйім жұртыйм,  
Ақынның жыр оқуын қолқалап бір.

Шомылдып сел сезімнің бұлағына,  
Жанымнан небір кәусар сыр ағыла,  
Мініп ап қиялды алыс серметейін  
Шабыттың шарықтаған пырағына.

Ішкі өлем ақ жауының құйып берсін,  
Тәңірім өнбойымды ійткесін,  
Жауайын нөсер болып толас таппай,  
Халқыма болып мен де сүйікті есім.

Ер едім еркін өскен маң Даладан,  
Көзіме оттай ыстық барша ғалам,  
Жыр сүйер тағзым еттім басымды иіп,  
Зерделі әлеуметке қаумалаған.

Халқымның көзі ашылса, жанып бағы,  
Атқаны арайлаған бақыт таңы.  
Гүлденген Қазақстан – мендік арман,  
Осынау дүбірлеген Үақыттағы!

Мен де бір қалықтасам жыл құсы боп,  
Қаланар қажетінде кірпіші боп,  
Өзімнің өміріме өкінбеймін-  
Күн кешсем туған елдің жыршысы боп!

10.05.96

\* \* \*

Жұзіңе ұлы сенім ұялаған,  
Мен үшін өмірде сен киелі адам.



Осынау жарапғанда дүниеге,  
Бір сен ең жүректегі қиял-арман.

Тағдырдың тоғыстырып жол торабы,  
Тәңірім бізге бақыт жолдағаны.  
Ғұмырда дегеніне жетсін деумен-  
Әулие-әмбиелер қолдағаны.

Тасиды көңіл, шіркін, толғанады,  
Жан сарай ашылады, ән салады.  
Тірліктің бар тәттісін татсам дейтін  
Алтындей ардақ тұтып қолда барды.

Жолдаған тарту етіп бағыма Алла,  
Малынған падишамсың жаны нұрға.  
Ай жүзің ақша бүлттан аумай қалған,  
Аунаған ашық аспан бауырында.

Кіршіксіз жаныңа қас жалған-әлем.,  
Күн кешіп ізгі үмітпен алға деген,  
Шынайы махаббатты асқақ тұтып,  
Ағады сезім мөлдір арнаменен.

Бар менің көріп мұны шалқыр жайым,  
Шуақ-нұр шаша бердің әр күн сайын.  
Сен мені өртедің ғой, өртедің ғой,  
Өшпейтін шырақтай боп жарқылдаймын.

Қосылып екеуміздің алауымыз,  
Жақұтқа толтырармыз жанарды біз.  
Жайылып жанұяның жапырағы,  
Отбасы – болар берік қамалымыз.

Сен, жаным, көзіңе еш кірбің ілме,  
Бір күн де жүзің сынық мұңлыш жүрме.  
Өзіңе табынумен өтермін мен-  
Осынау таңғажайып тірлігімде!

12.05.96

\* \* \*

Сені маған Тәңір өзі жіберген:  
Осы арудың болшы деумен серігі,  
Қосағыңың болшы деумен сенімі,  
Жеті құрлық жердің шарын кезсең де,  
Жолықпайды одан асқан керімі,  
Фажап деумен жаратылыш елігі!

Алғаш рет көргенімде гүл-өңмен:  
Жанарыңнан жақұт-сәуле шашылып,  
Сөйлеп едің ақ бұлақтай ашылып...  
Мендік жүрек жанартаудай бұлқынып,  
Жалын сезім оянды да ғашықтық,  
Сөйлеп едім толқын сынды тасынып.

Ұлы Аллам аппақ тілеу тілеумен:  
Төгіл өтті жанымызға ақ нұрын,  
Аямады ақ нөсерлі жаңбырын.  
Бал құрақтай балауса шақ кезінде  
Ұйығанбыз махаббатқа бал-шырын,  
Жырақтасақ, көзге үялап тамшы-мұн.

Егіздейін бір ананы тем емген:  
Жалғыз жүріп бұл ғұмырды сүрместей,  
Жүзі жайнап, ойнап-тағы құлместей,  
Жан-тәніміз жаралған бір жандармыз,  
Түсінісп тұратұғын тілдеспей.

Шағым болса менің кейде тұнерген,  
Сенің отты жүрегіңің күні ертер.  
Білем, жаным, жетті көзім, білем мен,  
Сені маған Тәңір өзі жіберген.

Құлым болшы десең болам құлыш мен,  
Тәнті етесің баладай пәк түріңмен,



Ерітесің, елжіретіп үніңмен,  
Сені, жаным, тең санаймын  
Тәңірім  
тарту еткен мынау ұлы ғұмырмен!

12.05.96

\* \* \*

Мен бір риза пендемін өмірге шын,  
Көк теңіздей көлкіді көңіл керім.  
Көрмей қалсам бір сәтке – көзімде мұн,  
Бақытым сол – жалт етіп көрінгенің.

Жүрек – жалын, денем-өрт, сезім-шекер,  
Жан-тәніммен жайым бар өзінді өбер.  
Жаймасаң да кейде сен құшағынды,  
Менің үшін бір ауыз сөзің жетер.

Елестетіп алтын нұр дала таңын,  
Құс сайраған көктемнің лала бағын,  
Жәудіреген жанарың тұнық қалпы  
Есімді алар елжірей қарағаның.

Айдын-көлдің киелі аққуысың ба,  
Махаббаттың шырқауы – шыңысың ба?  
Мынау Жарық Фаламды  
Жалғыз Өзің  
Тұрғандайсың ұстап бір уысында.

Фаламатқа осынау тәнті болам,  
Шағым бар ма шаттанып, шалқымаған?  
Шолпан жүлдyz секілді шамшырағым,  
Құдай қосқан қосағым мәңгі маған.

Текті туған ұл едім тентек мұлдем,  
Табындыра қоясың ерке тілмен.

Тұлабойды тұзақта алардайсың,  
Тап-таза, пәк, табиғи келбетіңмен.

Бар бақытын тапсын деп жер бетінен,  
Үшқан кие-құссың ба көл бетінен?  
Жаманатқа ілініп қалмасын деп,  
Пірімсің бе, жоқ, өлде, тербел жүрген?!

2.05.96

\* \* \*

Айдындай асыр-тұсыр тасырлаған,  
Мелшиген жартасқа да бас үрмәған:  
Апшыған толқын міnez танытқанда,  
Алапат жарқыл қағар жасын болам!

Мұндайда шартылдаған күйге енермін,  
Талайды тартысқанда түйрекенмін.  
Жалтақтық, жағымпаздық жаныма қас,  
Жанып бір туған жанды сүйген ермін.

Маған дос бұл өмірде марғасқалар,  
Керексе жарқ-жүрқ еткен алмас болар.  
Мен өзім жақсыларға жарасамын,  
Жігітпін жағам жайлай, жолдас құмар.

Анамнан ақ көніл боп туылғанмын,  
Пасық пен ішмерезге жуымадым.  
Алаяқ, екіжүзді пенделерді  
Көргенде бойым мұздан, сұнамын.

Қысастық жасар болса кей-кім маған,  
Шыдатпас дауылымға жойқын болам.  
Ешкімнің бопсасына көне алмайды-  
Өзіне сеніп туған айбынды адам.

Керегі азаматқа ар дер едім,  
Намыс пен мәрттікке де мән беремін.



Абырой, кісліктің жолында мен –  
Байлық пен бақ дегенді тәрк етермін.

Жалғанға жалғыз рет жаралғанда,  
Қарсымын қасиеттен тоналғанға.  
Төзбеймін бақа-шаян тіршілікке,  
От ойнап асау жүрек, асау қанда!

15.05.96

\* \* \*

Жүргімнен жатыр менің қан ағып,  
Жүргімнен жатыр менің қан ағып,  
Жүргімнен жатыр менің қан ағып,  
Алпыс екі тамырыма тарапты.

Қуат алып өнбойыма сол қаннан,  
Қызба жаным теңіздейін долданған.  
Жон арқама әруақты қонғызып,  
Кезім қанша қыран құсан қомданған.

Асау қаным, алабөтен ағысым,  
Арым да сол, от-жалыным, намысым.  
Жүрем дәйім жанған алау ішінде,  
Өр өзеннің күркіріндей дауысым.

Қозса қаным кейде өзімді билемен,  
Өзге әлемде жүргендейін күйге енем.  
Қарсы келген неше жойқын дауылды  
Бір алапат жанартау боп күйретем.

Кей күндері тәтті өмірді тербетем,  
Білем, білем, бұл ғұмырдан ерке өтем.  
Үістық қаным ағыл-тегіл тасиды,  
Өлең болып өзегімді өртеген.

Жүргімнен жатыр менің қан ағып,  
Жан-дұнием қан-жүректен нәр алыш.  
Жансыз болып, қансыз болып жүрмейін  
Жарық күнге жалғыз рет жааралып.  
Жүргімнен жатыр менің қан ағып...

9.06.96

\* \* \*

Ой-санамды сан дерттен сауықтырдым,  
Соңғы кезде келмейді сауық құрғым.  
Салтанатқа, сапарға құмарым жоқ,  
Селкілдеген жүрісті қауіп қылдым.

Еркімді де тежедім еркіндеген,  
Жүргімнің желпимін өртін де мен,  
Жастығымның жалынын жалғастырап  
Балаларым өсіпті желкілдеген.

Ауылдағы ойлаймын қарттарымды,  
Үйімдегі ойлаймын аппағымды,  
Күлімсірей отырып еске аламын  
Бұл-бұл үшқан көзімнен шақтарымды.

Шарапқа да шалдырmas қуаттамын,  
Шапағатын шашады шуақ таңым.  
Шабыт, шіркін, шалқытып барады алыш,  
Бір өзгеріс болатын уақтамын...

Жанарымның от шашып жарқылдары,  
Жоғалтпаспын жалынды қалпымды әлі.  
Байқалса егер ақынның салқын қаны,  
Боп жүрмей ме сезімнің сарқылғаны?

28.11.96



\* \* \*

Көңілім бүгін бұзылды,  
Көзімде көл-мұң жұзуі.  
Ауырып қалмаса екен деп,  
Ойлаймын құйттай қызыымды.

Қолдаса деймін Тәңірім,  
Сақтаса деймін бауырын.  
Құр бекер болып шықса деп,  
Тілеймін ішкі қауібім.

Аяимын балапанымды,  
Бауыр ет, жарты жанымды.  
Ол үшін салып барымды,  
Қияр ем қасық қанымды.

Ол үшін өзім ауырып,  
Ол кетсе деймін сауығып.  
Несі бар деймін біздерге  
Тағдырдың тұрар жауығып.

Қызыымды, Тәңірім, ауыртпа,  
Демімді менің тарылтпа.  
Балайтын өзім жақұтқа,  
Қызыымды жеткіз бақытқа.

Осылай ойға шомамын,  
Көзімде мұң бар – көл-ағын.  
Батады жанға, батады  
Сырқаты бауыр-баланын...

4.12.96

\* \* \*

Тасымайтын, таспайтын,  
Шек-шептерден аспайтын,  
Тыныш ағар өзендей –  
Тылсым ғұмыр бастаймын.

Теңіз болып ақырман,  
Шабытымды шақырман.  
Ойлы ғұмыр бастаймын  
Суғарылған ақылдан.

Сезім селін іркемін,  
Ақ жауын боп бүркемін.  
Сабыр сақтап  
қызынбай  
Ғұмыр кешем бір керім.

Өзімді-өзім ұға алман,  
Шыға алам ба құмардан?  
Көзім қашан ашылар-  
Мұң секілді мұнардан?

5.12.96

\* \* \*

Мынау пақыр тіршілік,  
Өр көңілді пәс етер.  
Тіршілікпен тұншығып,  
Қайран ғұмыр бос өтер.

Басылады екпінің,  
Торға түскен қырандай.  
Елей алмай ел мұзын,  
Жұрсең мойын бұра алмай.

Іштен жалын тұтанып,  
Жүрек дүрсіл қағады.  
Өнбойыңдан күш алып,  
Қаның тасып ағады.

Сезіп оның ағысын,  
Дауыл жаның тыншыр ма,  
Өршіп Өлең-Дауысың,  
Жетелейді жыр-шыңға!

10.12.96



\* \* \*

Жардан артық жан бар ма,  
Жағаң жайлау жар барда.  
Жалғыз ғұмыр жартыкеш,  
Жарың болмай сөн бар ма?

Жар дегенің – жәннатың,  
Зәмзәмдыңдай қанатың.  
Жарты өлемді шарлардай  
Шалқар шабыт – қанатың.

Жарың болса жаныңда,  
Жігер болса қаныңда,  
Жарқыл қағып жүрерсің  
Жанартаудай жалында.

Жан да бақпай кей-кімдей,  
Жаңғақтайын жөңкілмей,  
Жарың сүйіп дәурен кеш,  
Жұлдыз-дүние көркіндей.

22.05.97

\* \* \*

Жан сырын жардың асыл түйсінбеген,  
Ойлаған өз жайымды мисыз ба екем?  
Құшақтап көйлегінді сүйе бердім,  
Сағынып қалыппын ғой исінді мен.

Боздадым ай жүзінді бір түн көрмей,  
Ойласам, жанаға жас іркілгендей.  
Жүрсең де жер бетінде, қасымда жок,  
Жүрегім тілгіленіп, күрсінгендей.

Күйзелдім, құңірендім, қапаландым,  
Емес ем жауың сенің, жат адамың.

Елжіреп енді өзіңді еске аламын,  
Жалт етіп көрінші бір, атар таңым...

27.05.97

\* \* \*

Сенің маған құқың бар...  
не істеуге де,  
Бас иеді бір саған тасқын қеуде.  
Білем, білем, мені сен қорғаштайсың,  
Жалғыз сөзге қимайсың ешкімге де.

Демесек тек бір ана емізбеген,  
Жан-жүректер әуелден егіз бе екен?  
Жаным байыз таппайды бір сөт көрмей,  
Сендік әлем өрекпіп мені іздеген.

Көзден тайсам, көнілің қаяу тартып,  
Бұртиясың баладай кінә артып.  
Мынау бес күн зырлаған тіршілікте  
Кім бар дейсің өзіңнен аяулы, артық?

Бар иінім босанар сен дегенде,  
Сөз таппаймын теңеулі теңгерерге.  
Қойған атым мәңгілік – пәк әулие,  
Үқсатпаймын пәс сезім пенделерге.

Сенің маған құқың бар...  
көпсінбеймін,  
Бас айналып кеткенше өпші, мейлің...  
Тәңіріден кейінгі Құдайым сен,  
Не істейсің, өзің біл...  
шексіз деймін...

30.05.97



\* \* \*

Сенсіз:  
Өмір-  
Сәнсіз,  
Әрсіз,  
Мәнсіз,  
Жүрем  
Нәрсіз,  
Қансыз,  
Сөлсіз,  
Жансыз.  
Неткен азап-  
Тірлік жалғыз!

30.05.97

\* \* \*

Корқамын кейде, қорқамын,  
Корқу да іс-ая керек-ті.  
Туғанда күндер арта мұн,  
Жүлқи бір шымшып жүректі.

Тыныс та қалар тарылып,  
Түсемін сабыр, сабама.  
Өмірді ойлап, қамығып,  
Қарай да берем балама.

Жүргенде пенде-қылышпен,  
Зулайды Уақыт дүрмегі.  
Алдағы күнге үмітпен,  
Жылжимыз жәйлап ілгері.

Қуаныш мұңмен алмасып,  
Әмірін Тәңір тынданатқан.  
Күндерге күндер жалғасып,  
Жаңылмас өздік ырғақтан.

Тірлікке адам қанар ма,  
 Өшер ме жарқыл жанарда?  
 Кім білсін, жүрек бір күні  
 Өшкендей өкпе талар ма,  
 Кілт етіп тоқтап қалар ма?..

30.05.97

\* \* \*

Жастық шақ, жаси көрме жалын қайтып,  
 Жігерден көріп пе еді Фалым тайқып?  
 Жазамын жыр-өлеңді жүрегімнен  
 Сойылған малдың жаңа қанындай ғып.

Өрт-дауыл – ақын жанның дерті болар,  
 Өмірде алға қойған серті болар.  
 Ақындар – алаңдаушы жер-жаянға,  
 Ақындар ұлы өмірдің көркі болар.

Жайқалған мың-сан бояу жыр-бақтағы,  
 Ақ ниет ақын жанның қымбат бәрі.  
 Соғады жүректері бір өуенмен,  
 Секілді бір атаның үрпақтары.

Олардан мен өзімді бөле алмаспын,  
 О, дүние, өлеңге мен өле маспын.  
 Қайралмай жүрем қалай ортасында,  
 Өңшең бір жарқылдаған ақ алмастын.

Жастық шақ, жаси көрме жалын қайтып,  
 Өмірде көріп пе еді Фалым тайқып?  
 Поэзия, мен сендік сезімімді-  
 Сақтармын аппақ адал арымдай ғып!

5.09.97



\* \* \*

Мен қашаннан жақсылыққа жаршымын,  
Мен қашаннан қаралыққа қарсымын.  
Келемін мен аласартпай өмірде  
Алға қойған асқақ арман – ар шыңын.

Ойлар пенде емеспін мен өз қамын,  
Тұған елмен бірге жаным, маздадым.  
Отан үшін от кешуге даярмын,  
Адал мәңгі ақ ниетім, ожданым.

Кек аспанның кең пейілі сиятын,  
Қыранындай болсам деймін қияның.  
Адамзатты сүйемін мен, сүйемін,  
Жауласуға жібермейді үятым.

Жат болмайды маған жақын, алысын,  
Бауыр сынды сыйлас тамыр-танысым.  
Тіршілікте ең керегі – кіслік,  
Адамшылық, абырай мен намысым.

Қай кезде де өзіме үстем өмірім,  
Тартар сыйдан тарылмады Тәңірім.  
Бес күн тірлік болсын деймін баянды,  
Алтын бастың жете үғынып қадірін!

6.02.98

\* \* \*

Көшеді бұлттар, көшеді бұлттар, көшеді,  
Қоштасар қимай көк аспан – өлең-төсегі.  
Көшеді бұлттар көкжиектерді бетке алып,  
Көшеді бұлттар, көшпелі ғұмыр көшеді.

Көшеді бұлттар, көшеді бұлттар жөңкіле,  
Көшкен бір зулап қап-қара бұлттар дерті не?

Көшеді алыс, асықты қайда, білмеймін,  
Көшеді бұлттар,  
қоймастай Тәңір еркіне...

Көшеді бұлттар жүлдзыздар сынды үзілген,  
Көшеді бұлттар сағым боп елес түзілген.  
Көшеді, әне, аттанып суыт бейуақта,  
Келте бір ғұмыр танытып кейпін жүзінен.

Көшеді бұлттар, ызыңдал жел де еседі,  
Көшеді бұлттар, қайтқан бір жандай меселі.  
Аңғартып мынау жанталас тірлік жалғанын,  
Қашқандай болып қоп-қою бұлттар көшеді...

25.03.98

\* \* \*

Саған менің жоқ өкпе, ренішім,  
Езілетін жансың ғой жүрегі шын.  
Жаралдық қой екеуміз жарық құнге  
Осы үйді үй қылышп, тіреу үшін.

Саған менің жоқ мұлде қояр кінөм,  
Мен емеспін сенен түк аяр адам.  
Қазақтың бір ерке өскен болсам ұлы,  
Сен біреудің қызысың аялаған.

Жан-тәнінді тұрасың жайып маған,  
Ешқашанда өзінді айыптаман.  
Кей күндері кетсем де қызбаланып,  
Кей күндері ойланып, байыптанам.

Саған менің жоқ ешбір талабым да,  
Өмір сүріп келеміз өр ағында.  
Аяқ, шіркін, кейде бір кетсе тайып,  
Алжастырар кей-кейде арағың да.



Саған менің жоқ екен наз-налам да,  
Тілге тиек етердей аздаған да.  
Тереңін тұртпектеп терер болсақ,  
Бұ кемшілік, мін деген аз ба адамда?

Соның бәрін не жетсін қазбағанға,  
Жалын болып сөнбейтін маздағанға.  
Жан-әлемді жыр-әлем қозғағанда,  
Жүрек, шіркін, ботадай боздағанда...

11.07.98

\* \* \*

Айналып уақыт келер ме,  
Артымда қалды бір өткел.  
Ақ адап қалпы өлеңге  
Арнады төгіп жүрек тер.

Білемін, достым, білемін,  
Белеске жеттім асулы,  
Ала алар ма екен жүрегім,  
Алдағы жаңа ғасырды?

Тентектеу болды-ау бұл жүрек,  
Тұрса да өзі елжіреп.  
Қалар ма сенен мәңгі леп,  
Жастықтың туы желбіреп,  
О, жан жүрек, жан жүрек?!

5.10.98

\* \* \*

Бесіктен алып терең тынысымды,  
Алланың жанарыма нұры сінді.  
Сиынып аруақты бабаларға,  
Жазамын құрысым мен тырысымды.

Бабалар – асқақ рух, мұратымдай,  
Киелер қолдаң дәйім тұратындей.  
Жалын-от жанарымда жарқылдаған-  
Әулиелі әлемнің пырағындей.

Жүрекке үялатып сезім-селін,  
Өзімді Баба-ұрпағы сезінемін.  
Көк Тәңір – Жұлдыздардың ғаламынан-  
Шашады нұр-шапағын көзіме Күн.

Емес бұл сағым сынды елес мүлде,  
Білмеймін, табиғатпен тел өстім бе,  
Лапылдаң жанарымда жанған отты-  
Лаулаған жұлдыз-ғұмыр демеспін бе!

Жалау ғып алауды өмір сынағында,  
Күш құям кеудемдегі жыр-ағынға.  
Жауады жан-әлемнің жақұт-сыры,  
Жұлдыздай жарқылдаған шырағымда!

13.07.98

\* \* \*

Көкейге қай кезде де дық ілмеген,  
Жүретін жайынды ішкі ұғып терең;  
Ақпейіл көргенінде көршілерді  
Тәңірге тартуы үшін жүгін дер ем.

Жақсымен жақын болсаң – жасағаның,  
Әрдайым ізгі ниет дос адамың.  
Сыйласқан сырбазбенен қоңсы қонсаң,  
Сыйы той бұл-дағы бір Жасағанның.

Етene туысқанның талайынан,  
Таяулау алыстағы ағайыннан,  
Қызық пен қындықты қатар кешіп,  
Жылы леп тұрар есіп самайынан.



Көрдім мен дәл осындај көрші керім,  
Әрқайсы керген бөлек еншілерін.  
Әрбірі әр әулеттің бір серкесі,  
Көрші елдің елестеткен елшілерін.

Ләйім жарапса деп ынтымағы,  
Кімнің де пендे көңлі бұлқынады.  
Еркелеп ортасында жүрем мен де,  
Жанымның маржан төгіп жыр бұлағы.

Мен үшін бұ көршінің бәрі жақсы,  
Ерлердің мәрт мінезді бары жақсы.  
Керемет арулардың көргендісі,  
Жігіттің жайсаң туған нары жақсы.

Соларға сүйенесің, мақтанасың,  
Жуыспай жүрсең егер жат боларсың.  
Аралас-құраласпен кешсең ғұмыр,  
Тірлікте шаттанасың, бақ табасың.

Оралып тіл үшіна нелер есім,  
Шабыттың толтырадай кенересін.  
Көршінің мәңгі дос бол қалғаны көп,  
Оларсыз сездім өмір мәнді емесін.

Көршінің бауыр болып қалғаны көп,  
Шын бауыр бола білсең арманың жоқ.  
Жарасқан тату-тәтті тірлік қандай,  
Адамдар бір-бірінің ардағы бол!

1999

\* \* \*

Сағынып жеттім сендерге,  
Сел-сезім тұнып кеудемде,  
Сарғая көзді тастаймын  
Сағымы жүзген белдерге.

Оралып жастық әлемі,  
Тербейді сазды өуені.  
Көз алдыма көлбендең,  
Жұздерің жарқын келеді.

Бәрі де ыстық көңілге,  
Шуағын нұрлы төгүде.  
Бірге оқуға жараптық  
Келгенде ұлы өмірге.

Қызық та күндер өтті ғой,  
Қиын да күндер өтті ғой.  
Арманға толы албырт шақ  
Босардай көңіл тәтті ғой.

Ауылдан алыс аттанып,  
Арғымақтарды баптадық.  
Бірге оқыған достарды  
Аңыз ғып айттық мақтанып.

Дәңгелеп дүние үршығы,  
Ағыстап жылдар сыңсыды.  
Көңілде қайта оянды  
Көктемнің жасыл бүршігі.

Жанымыз жайнап, жасарып,  
Сөніміз сондай жарасып,  
Тізбегін сөздің ағыттық,  
Бір-бірімізben таласып.

Жүректің құсы шарықтап,  
Барамыз алыс қалықтап.  
Болайық аман, бауырлар,  
Тірлікте мынау тауып бақ.

Болайық бауыр біз деген,  
Бір-бірімізді іздеген.



Жолығып тұрсақ бірауық  
Сағыныш толы жүзбенен.

Тағдырдан тарту толайым –  
Болдық біз бүгін көзайым.  
Сағынып жеттім сендерге,  
Сағынып маусым – жаз айын.

*мамыр, 2002*

\* \* \*

Бірте-бірте басылып көңіл-арын,  
Өр ағысын тежей ме өмір-ағын?  
Бір-бірімен санамда шарпысады,  
Бір-біріне үқсамас екі Фалым.

Бірі жойқын, бірі тым байсалдырақ,  
Теніздейін тереңнен ой салдырап.  
Мейірімге ұйытса жан-дұнием,  
Сыртқы әлемім дүлейді тайсалдырап.

Өзді-өзіммен алысып, құресемін,  
Дей алмаймын құні-тұн жыр есемін,  
Іріккендей жастықтың сел сезімін,  
Ойлылықтың көшіне ілесемін.

Тірлік кешіп парасат, парықпенен,  
Сүрлеуімді өзіндік салып келем.  
Тура жолдан таймадым тіршілікте,  
Тағдыр-талай үйлесіп халықпенен.

Жүргегімнен құйылса шабытты өлең,  
Жұлдыздайын қиядан ағып келем.  
Елім менен жерімнің ертеңі үшін  
Жанартау бол атылып, жанып кетем.

Салсын мейлі құрығын сабыр қанша,  
Тіл дегенде төзбеймін, жаным парша...  
Қазақ үшін қасқайып тұра алар ем,  
Бас имейтін баяғы батырларша!

Па, шіркін-ай, не деген айбатты олар,  
Кірпік ілмей ел жайын ойлап тұрап.  
Өттік біз де өмірдің елегінен,  
Бойда қуат – ел үшін қайрат қылар.

Күндер өтіп желетін ақ тайлақтай,  
Кез де жетті мәрт мұсін, от қайрақтай.  
Елу – досым, еңсені түсірмелік,  
Намыс туын нық ұстап Қекбайрақтай!

2010

\* \* \*

Толғанған толағайдай жүрегімен,  
Төліңмін, жаныма жақ халық дәйім.  
Жеті атам теңізшілер түгелімен,  
Айдынды төстей жүзген балықтайын.

Маңғыстау – маңғаз ұя, кие-төрім,  
Маңдайға біткен баян-бағым дермін.  
Аруақты бабалар – сүйенерім,  
Шабытына дем берген жалынды ердің.

Оянар бозторғайдың шырылымен,  
Бел балаң сұңқар сынды талап-шында.  
Фасырдың жартысымен ғұмыры тен,  
Тәңір аян бергендей қанатты үлға.

Шырқаудан жыр нөпірі құйылғанда,  
Шылбырды беу, ақыным, тарта берме.  
Поэзия Піріне сиынғанда,  
Қамшы бас қасиетті мәрт өнерге!



Елуге толған шақта есім жиып,  
Еліммен сырласайын ебіл-себіл...  
Адамзаттың алдында басымды иіп,  
Себейін көңілге – жыр, өмірге – нұр!..

2010

\* \* \*

Өмір неден тұрады, өмір неден,  
Қол апартпас жалына өмір-дөнен?  
Өмір-өлең өлшенер ең әуелі –  
Ақтарылған ақжарқын көңілменен.

Жартасты ұрып күні-түн сабалаған,  
Асау толқын, мінезің жағады өман.  
Өмір деген осы ғой,  
жас күнінде –  
Көңіліне ешкімнің қарамаған.

Өмір ақыр түйінін түйгізеді,  
Сүйгізеді, күйінтіп, күйгізеді.  
Бүгін саған бақыт-таң арайласа,  
Басқа бәле кей күні үйгізеді.

Өмір – осы: сомдалған сан асудан,  
Тұрады ол адасу,  
санасудан.  
Өмір кейде тұрса да таласуден,  
Өмір мәні құралар жарасудан!

Алыспен де сыйласып, жақынменен,  
Күн кешелік, бауырым, ақылменен.  
Әрбір істі тындырып сабырменен,  
Парасат-күй кешкенді мақұл көрем.

Өмір неден тұрады білесіз бе,  
Өлшеулі-өмір,  
пайыммен сүресіз бе?

Құлқын үшін күй кешпей, беу, азамат,  
Елдік ерен істерден үлес ізде!

2010

\* \* \*

«Лирикаң қалай, Фалым?  
 Лирикаң өшсе, сен де өшесің,  
 өшкен, таусылған ақын боласың...»  
*Ақынжанды асыл досым,  
 марқұм Сагат Матекеевтің сөздерінен.*

Әуелден асық едім арман-мұңға,  
 Білмеймін, күйбен-күнге алданым ба,  
 Білмеймін, тоқшылықты малданым ба,  
 Білмеймін, мұңсыз болып қалғанмын ба?!

Осы еken жанға батар дертім менің,  
 Қайда еken өзек жарап өртім менің?  
 Өлгенше өзіңменен біргемін деп,  
 Қайда еken жырға берген сертім менің?!

Өрлігім қайда менің өрекпіген,  
 Өршүмен өрге жүзер, өр екпінмен?!  
 Мәз болып келгенім бе тегі, апырай,  
 Талғажу еткеніме қоректі мен?!

Бойдағы рух қайда, алау қайда,  
 Маздаған мәңгі оттайын жанар қайда!  
 Шыр етіп дүниеге келгенде адам,  
 Дүр етіп күн кешуге жаралмай ма?!

Өтер-ау күндікші өмір, пасық ғұмыр,  
 Беу, көңіл, ел-жұртыңа басыңды бүр.  
 Қайдасың жаны бірге қайран достар,  
 Қайдасың қайран жастық, ғашық ғұмыр?!

Қалғандай өмір жолы түйіқталып,  
 Демендер ақын енді бүйікты анық.



Өмірдің шоғын бірге үрлейікші,  
Бекерге күй кешпелік құйіп, налып.

Зымырап өткен сайын уақыт-тізбек,  
Әр күні дәуренімен бақыт тұзбек.  
Сағат дос болмаса да қасымызда,  
Тенізге баралықшы шабыт іздең.

Сапырып сусындар мен сырды бөлек,  
Мен-дағы толғайыншы жырды бөлек.  
Беу Музам, құдіреттім, Лирика,  
Сондайда қолтығымнан жүрші демеп...

2012

\* \* \*

Саған қарап өр таңымды атырдым,  
Саған қарап ай-жұлдызды батырдым.  
Саған қарап жүрегіне от тұнар,  
Саған қарап жаны жібір ақынның.

Саған қарап билер мені дүлей күш,  
Саған қарап дауыл болып үдейміз.  
Саған қарап самал болып желпініп,  
Саған қарап ғұмыр кешем үрейсіз.

Саған қарап теңіз болып тасамын,  
Саған қарап кемерімнен асамын.  
Саған қарап рух алып жаныма,  
Саған қарап жанардан нұр шашамын.

;

Саған қарап бұлбұл құсша сайдадым,  
Саған қарап жігерімді қайрадым.  
Саған қарап шүкір етіп тағдырға,  
Саған қарап әр күнімді тойладым.

Саған қарап тарқайды бар ашуым,  
Саған қарап толғатады ғашық-ұн.

Саған қарап мынау жарық дүниенің,  
Саған қарап ұғынамын асылын.

Саған қарап менің жаным ериді,  
Саған қарап төгем маңдай терімді.  
Саған қарап сүйіп мынау пәниді,  
Саған қарап сүйем туған жерімді.  
Саған қарап сүйем туған елімді.

Саған қарап басамын мен қара жер,  
Саған қарап жүйрікпін мен қаракер.  
Саған қарап құш жиям да бойыма,  
Саған қарап атанамын дара ер.

Саған қарап махаббатым маздаған,  
Саған қарап құшақ жаяр әз-ғалам.  
Саған қарап қыран болып қалықтап,  
Саған қарап шалқытады боз далам.

Саған қарап бес күн тірлік баянды,  
Саған қарап бәрі маған аяулы.  
Саған қарап жүргегімде ізгілік,  
Саған қарап мейірімім оянды.

Саған қарап алысқа ұшты сағым-мұң,  
Саған қарап қою бұлттан арылдым.  
Саған қарап күйзелісі азаяр,  
Саған қарап менің ақын жанымның.

Саған қарап бола алмаймын қатал да,  
Саған қарап міне алмаймын қаһарға.  
Саған қарап бейбіт күнді тілеймін –  
Саған қарап мынау жалпақ жаһанға.

Саған қарап кететіндей бақ орнап,  
Саған қарап ел ертеңін бағамдаپ,  
Саған қарап сен сияқты деймін мен  
Саған қарап ниет болса адамда ақ.



Саған қарап күй кешпеймін беймаза,  
Саған қарап жаным жауһар, ой таза.  
Саған қарап тірлігіме шаттанып,  
Саған қарап жүрем бірге бой жаза.

Саған қарап күй кешпеймін сенделе,  
Саған қарап әнге салам тербеле.  
Саған қарап деймін ару-ақ құсым,  
Саған қарап деймін, қане, еркеле.

Саған қарап күн кешпеймін күйгелек,  
Саған қарап санам ақыл түйді ерек.  
Саған қарап кеңіп жаным сарайы,  
Саған қарап шалқар шабыт – күй бөлек.

Саған қарап күн кешемін бір аңыз,  
Саған қарап деймін: «жаса, бұла қызы!»  
Саған қарап қаракөзі қазақтың –  
Саған қарап болса деймін күнөсіз!

Саған қарап пасықтық жоқ бойында,  
Саған қарап жасықтық жоқ бойында,  
Саған қарап болса деймін арулар –  
Саған қарап ғашықтық бар бойында!

Саған қарап бұғаламды болжадым,  
Саған қарап түсті қолға олжа мың.  
Саған қарап Әйел заты – ұлылық –  
Саған қарап сезгендеймін ол жағын.

Саған қарап жанын қияр бала үшін,  
Саған қарап сездім Ана дара ісін.  
Саған қарап бой көтеріп тектілік,  
Саған қарап тікті туын Ар үшін!

Саған қарап қорған болып кешірім,  
Саған қарап шайқалмады бесігім.

Саған қарап жырдан нөсер құйылып,  
Саған қарап елге мәлім есімім.

Саған қарап бар тіршілік өуезді,  
Саған қарап барлық жанның жаны ізгі.  
Саған қарап ойлаймын мен балалар,  
Саған қарап өтесе деп парызды.

Саған қарап құтты менің ошағым,  
Саған қарап жас баладай босадым.  
Саған қарап Өмір мәнін ұғынып,  
Саған қарап Өмір сүрдім, Қосағым!

Саған қарап маңдайымда жанды бақ,  
Саған қарап алыш-ұшты арғымақ.  
Саған қарап патшадаймын мен өзім,  
Саған қарап орнағандай алтын тақ.

Саған қарап сылдыр қағып балбұлақ,  
Саған қарап өркен жайды тал-құрақ.  
Саған қарап ұл, қыздарым, келінім,  
Саған қарап немерем жүр балбырап.

Саған қарап менде туыс, дос та көп,  
Саған қарап болдым пенде қас та жоқ.  
Саған қарап көнлімде жоқ кінәрат,  
Саған қарап ашық маған аспан-көк.

Саған қарап мен жүрмеймін алаң боп,  
Саған қарап әр кезде де болам тоқ.  
Саған қарап мынау жарық дүниеде,  
Саған қарап менен күшті адам жоқ!

Саған қарап күмбірлеймін күй сынды,  
Саған қарап, жаным, әркез сүйсіндім.

Саған қарап Өмір парқын пайымдаң,  
Саған қарап сұлұлықты түйсіндім.

Саған қарап жаз күніндей жайнадым,  
Саған қарап тылсым сырға бойладым.  
Саған қарап төсіндегі теңіздің –  
Саған қарап жұп аққуды ойладым.

Саған қарап жалған демей жалғанды,  
Саған қарап мәңгі деймін арманды.  
Саған қарап мәңгі деймін махаббат,  
Саған қарап сүйем деймін жан жарды!

Саған қарап деймін жүрші дін-аман,  
Саған қарап ұзак ғұмыр сұрағам.  
Саған қарап өмірімнің өлшемі –  
Саған қарап басымды идім Ғұламам!

Саған қарап мен ұқсаймын құлыңа,  
Саған қарап ұқсаймын делқұлыға.  
Саған қарап философқа ұқсаймын,  
Саған қарап ұқсаймын мен ұлыға.

Саған қарап балқып жүйке, жаным да,  
Саған қарап жүгінемін сабырға.  
Саған қарап шаңырағым тіктеліп,  
Саған қарап берік уық, қабырға.

Саған қарап сыйлас барлық адамды,  
Саған қарап сенен жаным нәр алды.  
Саған қарап самайымнан сипаған –  
Саған қарап еске аламын анамды.

Саған қарап көкжиегім кеңіс тым,  
Саған қарап таттым балын жемістің.  
Саған қарап сынақтарда сүрінбей,  
Саған қарап таттым дәмін жеңістің!

Саған қарап өрнек тауып өлеңім,  
Саған қарап – кәусәр ішкі өлемім.  
Саған қарап бар бақытқа бөленіп,  
Саған қарап, саған қарап келемін...

2012

\* \* \*

*Нұрлан Оразалингे*

Үш томдық кітабыңыз қолға тиіп,  
Мен аүылға оралдым...  
олжаны үйіп...  
Әр парағы –  
ой-сезім...  
Жосыласыз,  
Секілденіп қырдағы жорға-киік...

Жанды тербеп...  
самал боп есілесіз,  
Жаратылыс жұмбағын сезінесіз...  
Шалқар-әлем,  
шабыттың пырағымен  
Кең даланың төсінде көслесіз...

Шапқан сайын төске озып  
орғытасыз,  
Арғымақтай алымды, арлы нағыз.  
Адамдарға, достарға сену екен –  
Бойға жалғыз сіңісті бар «күнәңіз».

Ұялаған ұятты жанында мұң,  
Тұнық сырдың шашасыз лағылдарын...  
Көнбейтүғын өр дауыс қараулыққа,  
Ақиқатты айтпаса ақын ба ақын?!



Адалдықсыз өмірде бар ма бақыт,  
Кекірегінізден жыр-маржан толғады уақыт.  
Қазынаны жидыңыз қалай ғана,  
Жан сарайға –сыр сандық сонша жақұт?!

Жан екенсіз тәңіршіл бір кісідей,  
Азаматтық, кісілік үлгісіндей.  
Бола алмайсыз сырғыған сынаптайын,  
Қырдың сайқы қып-қызыл түлкісіндей.

Әр жолыңыз – Нұрлының нұрлы ісіндей,  
Зымыраған тірліктің түр-түсіндей.  
Сыршыл жаның – бұлақтың сыңғырындай,  
Сыршыл жаның – құрақтың сылдырындай,  
Алғауы жоқ арудың күлкісіндей.

Шөлдеп еді апырай сырға жаным,  
Сыршыл дүние ашты ғой бір ғаламын.  
Нұрағаның оқысам өлеңдерін,  
Нұрланамын, ой кешем, мұнланамын...

Бойыңызға қондырып ұлы күшті,  
Сыршыл жырға жан-әлем жүгіністі.  
Француздың ақыны Пьер Ронсар –  
Секілді поэзия – РУХ үшты!..

2013

\* \* \*

Жасын ем...  
Жасып қалған жайым да жоқ,  
Жан емен барына мәз, уайым да жоқ.  
Білсеңіз бұғалыққа көнетүғын,  
Тұл мінез қанымда жоқ, бойымда жоқ.

Жүргенді сергек қалып  
жөн ұғатын,  
Жан едім  
өмір парқын ұғынатын.  
Кей күні бір беймағлұм шайтан тұртіп,  
Беймаза кезім де бар жынығатын...

Ақынға аласұрған айып деп пе ен,  
(Ұқса ғой осындайда жайымды, әттең).  
Кеш мені, көңіл таза, ар таза боп,  
Байқамай кезім болса «шайып» кеткен.

Әрине, жан емеспін дәрмені кем,  
Жаңылғым келмес өмір өрнегінен.  
Кеш мені қызбаланып,  
шығып кетсем  
Парасат пен сабырдың пәрменінен!..

Бәрібір мен жүрермін дара қалпым,  
Дүниеге ақ адал боп жараганмын.  
Тура қарай аламын ақиқатқа,  
Дәл осы қасиетімді бағаларсың!

2013

## МАЗМУНЫ

«Бурқан-талқан...» .....	5
«Жүргімді алып келемін...» .....	5
«Сен де тыныш...» .....	5
«Музыка сазын...» .....	6
«Өзінді...» .....	7
«Жүрмін қазір...» .....	8
«Билеп алып...» .....	8
«Бос көнілдің...» .....	9
«Жүректегі...» .....	10
«Жаным менің...» .....	10
«Пәк жүрегім...» .....	11
«Бейнеу, вокзал...» .....	12
«Жетінші жатақхана...» .....	13
«Суыпты жүрек...» .....	14
«Мамырлаған...» .....	15
«Сағыныш ой...» .....	16
«Аққу бол...» .....	17
«Біледі бәрі...» .....	18
«Сен туған күн...» .....	19
«Көптен бері...» .....	20
«Пойызбен...» .....	21
«Жан-тәніңмен...» .....	21
«Болып ек бірге...» .....	22
«Бейнеуде...» .....	24
«Сен «тамашасың!...» .....	24
«Дүниенің қызығы...» .....	25
«Бөлкім, мені...» .....	26
«Тұнде...» .....	26
«Шалқытып...» .....	27
«Ертенге...» .....	27
«Қос аққуды...» .....	28
«Пәтер жағы...» .....	29
«Таң ертемен...» .....	29
«Тітіркен...» .....	30
«Мен отырмын...» .....	30
«Кайран, ауыл...» .....	31
«Жүргімде...» .....	31
«Жүргімді...» .....	32
«Па, шіркін!...» .....	32
«Бәрі маган...» .....	33
«Дүниеде...» .....	34
«Адамдағы...» .....	35
«Тегі мен...» .....	35
«Күз...» .....	36
«Өмір, өмір...» .....	36



«Ортақ біздің...» .....	37
«Таң атсыншы...» .....	38
«Жұртым мені...» .....	39
«Бала күннен...» .....	39
«Өзінді...» .....	40
«Жылымшы қыс...» .....	41
«Беймазалау...» .....	41
«Үш, кеңлім...» .....	42
«Жан баласын...» .....	42
«Сен мені...» .....	43
«Бір аруақ...» .....	43
«Кейде...» .....	44
«Мен соншалық...» .....	44
«Көп адамға...» .....	45
«Қайран...» .....	46
«Теңіздейін...» .....	46
«Тेң асады...» .....	47
«Жігіттер...» .....	47
«Серпіліссіз...» .....	48
«Өзіммен-өзім...» .....	48
«Естідім...» .....	49
«Келді қыс...» .....	49
«Өр мінезін...» .....	50
«Қандай қыын...» .....	50
«Уақытымнан...» .....	50
«Жаралғам...» .....	51
«Күтерін...» .....	51
«Бөлесе де...» .....	52
«Күндер етіп...» .....	52
«Теңіз жақтан...» .....	53
«Өмірде...» .....	53
«Беу, агайын...» .....	54
«Жалын шарпып...» .....	55
«Маза жоқ...» .....	56
«Мұңым қайды?...» .....	56
«Өзімді-өзім...» .....	57
«Бой тоқазып...» .....	58
«Бойымда...» .....	58
«Кектемде...» .....	59
«Өмірдің...» .....	59
«Жігіттердің...» .....	60
«Айқайы көп...» .....	60
«Даламмен бейне...» .....	61
«Талқанмын...» .....	62
««Өмір сүргім...» .....	62
«Сейлемеймін...» .....	63
«Жаттандылық...» .....	64



«Жүрек...» .....	64
«Не тындырдық...» .....	65
«Көп жайларды...» .....	66
«Бұл күйіммен...» .....	67
«Жел-ай!..» .....	70
«Қайран, досым...» .....	71
«Жарасады әйелге...» .....	73
«Жүрсек...» .....	75
«Ұлы өмірге...» .....	77
«Кәз алдымда...» .....	78
«Болғасын...» .....	79
«Білмеймін...» .....	80
«Ей, адам...» .....	83
«Дауыл жүрек...» .....	83
«Болмайды...» .....	83
«Кейде менің...» .....	84
«Болса да...» .....	84
«Таң атады...» .....	84
«Бәлкім жүртим...» .....	85
«Қызыбалық...» .....	85
«Ай туыпты...» .....	86
«Сейлейді деп...» .....	87
«Құз, мұндымын...» .....	87
«Өмірді өлшеймін...» .....	89
«Тұла бой...» .....	89
«Ештеңенің...» .....	90
«Жаны егіз...» .....	90
«О, тылсым тұн...» .....	91
«Кей тұні...» .....	91
«Махаббат!..» .....	92
«Сен жүрсек...» .....	93
«Қарашаның...» .....	94
«Қашан...» .....	94
«Өмірдің...» .....	94
«Кейде бір...» .....	94
«Көңілің...» .....	94
«Жылаумен...» .....	95
«Аумаған...» .....	95
«Айтпа маған...» .....	95
«Ойсыз жүрсем...» .....	96
«Кезіме...» .....	97
«Тогытпайын...» .....	97
«Түндердің...» .....	98
«О, достым...» .....	98
«Кезіңе...» .....	99
«Өмір жайлы...» .....	100
«Қобалжу...» .....	100

«Ән салып...» .....	101
«Өтті жылдар...» .....	102
«Жанарымды...» .....	103
«Жупары...» .....	103
«Куып келем...» .....	104
«Адамдарды...» .....	105
«Жүрекке...» .....	106
«Журсем мен...» .....	107
«Жүргем жок...» .....	108
«Үйдің іші...» .....	108
«Бауырым...» .....	109
«Тұтқындағы...» .....	110
«Мен бұрын...» .....	110
«Сайын дала...» .....	111
«Қара теңіз...» .....	112
«Алматы...» .....	113
«Жаны ізгі...» .....	114
«Жусанның...» .....	114
«Таң құлғенде...» .....	115
«Жүрек «бұлбұл...» .....	116
«Сыршыл едім...» .....	117
«Күте-күте...» .....	117
«Келгенінді...» .....	118
«Сен, ренжіме...» .....	119
«Жүрегім менің...» .....	120
«Мужігенде...» .....	120
«Өмір-ағыс...» .....	122
«Не үшін...» .....	122
«Өзімді-өзім...» .....	123
«Серігім де...» .....	123
«Босына өткен...» .....	124
«Пенделіктің...» .....	125
«Күлімдеп сен...» .....	126
«Өмірдің...» .....	127
«Адамзатқа...» .....	128
«Он бітірдім...» .....	128
«Қолға қалам...» .....	129
«Жадыраған...» .....	130
«Сенің нұрлы...» .....	130
«Елдейін мынау...» .....	131
«Жігіттердің...» .....	132
«Күндерім...» .....	133
«Жанар ма...» .....	133
«Қалам бер...» .....	134
«Кезім жок...» .....	135
«Мұңсыздық...» .....	135
«Үйқы да кейде...» .....	136



«Мен соншалық...» .....	137
«Билейді...» .....	137
«Өмірге іңкәр...» .....	138
«Көзіме менің...» .....	139
«Сен аман бол...» .....	140
«Жан баласын...» .....	141
«Қаланың мынау...» .....	142
«Жыр құмар...» .....	143
«Түнеріп те...» .....	143
«Айдынды көр...» .....	144
«Өкпем жоқ...» .....	144
«Жек көрсем...» .....	145
«Тұн ілгендей...» .....	146
«Желменен бірге...» .....	147
«Өмір-өзен...» .....	147
«Жаманат ой...» .....	148
«Мені өзіңе...» .....	149
«Қарсы жүзген...» .....	149
«Өзіңе сен...» .....	150
«Сергіп бір...» .....	150
«Өмір жайлы...» .....	151
«Сонғы кезде...» .....	152
«Өлім жайлы...» .....	154
«О, достар...» .....	155
«Мұңайып қалсам...» .....	156
«Айдын көңіл...» .....	158
«Халқының...» .....	158
«Бармын мен...» .....	159
«Кеңілсіз келем...» .....	160
«Маган тұқ те...» .....	160
«Тағы тұр ма...» .....	161
«Өлең мені...» .....	161
«Өлең-жыр құған...» .....	162
«Көзімнің шуагындай...» .....	163
«Көп күндерім...» .....	164
«Мына өмірге...» .....	165
«Мен неге...» .....	166
«Тәтті өмірдің...» .....	167
«Сеземін...» .....	168
«Тұрамын да...» .....	169
«Сен қарайсың...» .....	169
«Сынық кездерінді...» .....	170
«Көңілімнің...» .....	170
«Тұндер, тұндер...» .....	171
«Көңілімнің кептері...» .....	172
«Сыймаймын...» .....	174
«Қарап маган...» .....	174



---

«Коңыр күз...» .....	175
«Күн артынан...» .....	176
«Лаулап тұрган...» .....	177
«Мен бұрын...» .....	178
«Жүректен...» .....	179
«Жұзіңе...» .....	179
«Сені маған...» .....	181
«Мен бір риза...» .....	182
«Айдындаі...» .....	183
«Жүрегімнен...» .....	184
«Ой«санамды...» .....	185
«Кәңілім...» .....	186
«Тасымайтын...» .....	186
«Мынау пақыр...» .....	187
«Жардан артық...» .....	188
«Жан сырын...» .....	188
«Сенің маған...» .....	189
«Сенсіз...» .....	190
«Қорқамын...» .....	190
«Жастық шақ...» .....	191
«Мен қашаннан...» .....	192
«Көшеді бұлттар...» .....	193
«Саган менің...» .....	194
«Айналып уақыт...» .....	194
«Бесіктен...» .....	194
«Кекейге...» .....	195
«Сағынып...» .....	196
«Бірте-бірте...» .....	198
«Толғанған...» .....	199
«Өмір неден...» .....	200
«Әуелден...» .....	201
«Саган қарап...» .....	202
«Үш томдық...» .....	207
«Жасын ем...» .....	208

## **ӘРІП Галым**

### **ӨМІРДІ ӨЛШЕЙМІН МЕН ӨЗ БАҒАММЕН...**

Өлеңдер

Редакторы *Б. Байғұл*

Техникалық редакторы *А. Тлеукеева*

Компьютерде беттеген *Б. Мұстафа*

Басуға 21.04.2015 ж. қол қойылды.

Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.

Пішімі 84x108/32. Шартты баспа табағы 11,3.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 742

«Сөздік-Словарь» ЖШС, Қазақстан Республикасы

Алматы қ-сы, Жандосов көшесі, 7-11.

Тел.: +7 (727) 274 59 23


E-mail: sozdik@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: priem1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz





Ақын, ҚР Мәдениет қайраткері  
**ФАЛЫМ ЭРПІН**